Қазақстан бойынша 2017 жылдың 4 тоқсанында 15 525 838 мың теңге жарналық қоры бар ауыл шаруашылығы кооперативтері жұмыс істейді. Соның ішінде мүшелерінің салымдары көлемі бойынша заңды тұлғалардың жарналары 2 283 134 мың теңгені құрайды. Оның ішінде, шаруашылық жүргізудің ұйымдастыру-құқықтық нысаны бойынша шаруашылық серіктестіктерінің жарнасы 2 283 134 мың теңгені, акционерлік қоғамдардың жарналары 10 мың теңгені, басқа да ұйымдастырушылық -құқықтық нысандарының жарналары 26 904 мың теңгені құраған. Ал, шаруа немесе фермер қожалықтарының жарналары 2 343 625 мың теңгені құраса, дара кәсіпкерлердің жарналары 753 613 мың теңгені және үй шаруашылықтарының жарналары 10 118 551 мың теңгені құраған.

Қазақстан бойынша 2017 жылдың 4 тоқсанында ауыл шаруашылығы кооперативтерінде 8 566 адам қызмет етеді. Соның ішінде, ауыл шаруашылығы кооперативі қызметкерлерінің тізімдік саны 8 355 адам, қоса атқару бойынша жұмысқа қабылданған ауыл шаруашылығы кооперативі қызметкерлерінің саны 211 адам болған. Сондай-ақ, жұмыстарды азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша орындайтын ауыл шаруашылығы кооперативі қызметкерлерінің саны 505 адамға жетті.

Еліміздегі ауыл шаруашылығы кооперативтері көрсеткен қызметтер көлемі бойынша: ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қосалқы қызметтер 1 421 655 мың теңге, сыйақыға немесе шарттық негізде ұсынылатын ауыл шаруашылығы шикізаттары, тірі малдар, тоқыма шикізаттары және жартылай фабрикаттармен көтерме сауда бойынша қызметтер 5782 мың теңге, дән, тұқым және мал азығымен көтерме сауда бойынша қызметтер, сыйақыға немесе шарттық негізде ұсынылатыннан басқа 17 132 мың теңге, малдарды өсіруге байланысты қосалқы қызметтер 7 209 мың теңге, сүт өнімдері мен ірімшіктерді өндіру саласындағы қызметтер 1200 мың теңге, етпен бөлшек сауда бойынша қызметтер 12 180 мың теңге, сүт өнімдерімен бөлшек сауда бойынша қызметтер 1 674 мың теңге, өнімді жинағаннан кейінгі ауыл шаруашылығы қызметтері 300 мың теңге, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын жалға беру бойынша қызметтер 7 598 мың теңге, жылумен өңдеу және ет өнімдерін қайта өңдеудің өзге де тәсілдері бойынша қызметтер; еттен және құс етінен жасалған өнімдерді өндіру саласындағы қызметтер 2 400 мың теңгені құрап отыр.

Елбасымыз «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-

жақты қолдау көрсету қажет екендігін атап айтқаны белгілі. Елімізде кооператив жүйесін құруға аса мән беріліп отыр. Бұл жүйені жетілдіру үшін алдымен аймақтағы шаруаларды кәсіпке баулып, шаруашылыққа бейімдеу қажет. Сонымен қатар, аудан, қалаларда ауыл-шаруашылық кооперативтерін құру, несиелеу және субсидиялау бойынша бірқатар мәселелерді шешу жолдарын қарастыру керек. Ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру, ұсақ шаруа қожалықтарының бірігуіне мүмкіндік жасап, сол арқылы өнім көлемін арттыру басты мақсат болып табылады.

Еліміздегі кооперативті дамытуда кооперативті қайта құру жолымен ауыл шаруашылығын дамыта білген елдер тәжірибесіндегі жағымды және жағымсыз жақтарын ескеру қажет. Осыны негізге ала отырып кооперативтік қозғалыстың жалпы шарттарын құруға болады: ауыл шаруашылығындағы өндірістік потенциалды және ауылдағы ірі өндіріс технологиясын сақтау, шаруашылық субъектілерінің нарыққа шығуы бойынша нақты шаралар қолдану, кез келген кооператив мүшесінің жеке меншіктері яғни, жер, мүлік және капитал меншігі бойынша жеңілдіктер беру арқылы қызығушылығын арттыруды қамтамасыз етуі, шаруашылықтандыру мен меншік нысанына тәуелсіз барлық кооператив мүшелері үшін экономикалық және тең құқықтық бәсекелестік жағдайы құрылуы керек, кооперативтерге кірген шаруаларға одан еркін шығуына кепілдік беруі қажет.

Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, ауыл шаруашылық кооперативтерінің облыстық және аудандық байланысында, кооперативтік жүйенің жоғары басқару органдарын құруға асықпаған дұрыс. Олардың құрылуы жоғарыдан емес, төменнен біріншілік кооперативтерден басталуы керек, сонда ғана оларда өмірлік қажеттілік пайда болады.

Біздің аграрлық экономикаға ауылшаруашылық кооперативтердің құрылып тиімді қызмет етуі ауылдық жерлерде жұмыспен қамту, ауылдық жердің әлеуметтік экономикалық жағдайын көтеріп, оның тұрғындарының түрлі мәселелерін шешу үшін, шаруа қожалықтарына технологиялық үрдісті сапалы деңгейде іске асыруға, азық-түлік мәселесін шешу үшін халыққа да мемлекетке де пайдасы айтарлықтай екеніне күмән жоқ [9, 1076.].

Кооператив бұл қазіргі кездегі ауылдағы аграрлық реформаның маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар кооперациялық жүйе нарықтық экономика жағдайына толық сәйкес келеді.

Қорытынды. Жоғарыда да айтылғандарды қорыта келгенде, ауыл шаруашылық кооперативтерін құру: агроөнеркәсіп өндірісінде кооператив процесін дамыту, кең көлемде арнайы техника, технологияларды бірлесе пайдаланып, нарықтың сұраныс талабына сай, бәсекелік үстемділігі жоғары өнім өндіруге мүмкіншілік тудырады; өндірістік кооператив құрылымдары өндіріс айналасына тез түседі және ауыл шаруашылық өнімдерін өз уақытында өндеп, соңғы тұтынушыға қажетті дайын өнімдерді сатып, өнімдерді арнайы қондырғылар орнатылған көліктердің тасымалдауға, яғни, өнімнің төгіліп-шашылмауына, бұзылмауына қол жеткізеді; ауыл экономикасын дамыту бағдарламасына сай, мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп өндірістеріне берілетін несие, кепілдікке қоятын өндірістік құрал-жабдықтары мен жері бар, сенімді, ірі кооперативтік кәсіпорындарға бірінші кезекте берілуі қарастырылады; ауыл шаруашылық кооператив құрылымдары, нарық жағдайында, тауар өндірушілерді, монополистерден және сенімсіз делдал сатып алушылардың кері іс - әрекетінен қорғайды; агроөнеркәсіп кооперативтік шаруашылықтар, айналасындағы өндірістік құрал-жабдықтарды, техника мен технологиялар қуатын толық өз уақытында пайдалануына, білікті ауыл мамандарының қызмет атқаруына мүмкіндік туғызады. Қазақстанның аграрлық саясатында, ауыл шаруашылық өндірісінде кооперативті дамыту, стратегиялық басымды бағытқа айналуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Сапарова Г.С., Сапарова Г.С., Тажибаев С.Д. Шетел тәжірибесіндегі агроөнеркәсіп// Вестник ТарГУ Б. - 2016.- № 1. - Б. 297-300.

2.Нугуманова А.Е. Қазақстандағы кооперативтік басқарудың ерекшеліктері// ҚазЭУ хабаршысы.- 2011.- № 2 (80). - Б. 152-155.

3. Адамбекова С.М. Кооперативтер – еліміздің өнеркәсібінің негізі // Экономика и право Казахстана.- 2017.- № 2. - Б. 17-19.

4. Абдирайымова А.Е. Правовое регулирование агропромышленного комплекса Республики Казахстан и Республики Беларусь, сравнительно-правовой анализ // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы.- 2017. - № 5 (120). - Б. 429-433.

5. Беркутбаева О.Ж. Социально - экономические основы кооперации в условиях рынка // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы.- 2010.-№3 (25).- Б. 11-16.

6. Ауесбаева К.К. Қарағанды облысындағы ауыл шаруашылығының даму деңгейін талдау // Университет еңбектері (Қарағанды қаласы) - 2016. - № 2. - Б. 112-116.

7. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы // Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі туралы жылнамалығы. - 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан. - 3 сериясы. - Б.1-15.

8. Данаева Р.С. Бухгалтерлік есептің жалпы мәселесін ұйымдастыру // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еңбектері жинағы (Астана) -2017.- Б. 258-261

9. Исмаилова А.С., Балкибаева А.М., Кооперативтер - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының ұйымдастырушылық-құқықтық формасы ретінде // Проблемы агрорынка-2017.-№1 (қаңтар-наурыз). - Б. 106-111.

ӘОЖ 336.45:622

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС ЖӘНЕ ОНЫҢ БАНКРОТТАНУ МҮМКІНДІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Оразбекұлы Б.¹, Сейткалиева М.¹

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

Ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерін, есепті кезеңде алынған деректер бухгалтерлік және басқа да түрлерін есепке алуды бухгалтерлік баланс жүйесінде сипаттайтын көрсеткіштерді білдіреді. Ол кәсіпорындарды басқару құралы және бір мезгілде шаруашылық қызметі туралы ақпаратты қортындылау әдісі.

Кілт сөздер: Баланс, қаржылық есеп, баланс, активтер, міндеттемелер, кірістер, шығыстар.

Бухгалтерский баланс при анализе финансового положения предприятия и оценивание возможности его банкротства

Бухгалтерский баланс представляет собой систему показателей, характеризующих результаты хозяйственной деятельности организации за отчетный период, полученный из данных бухгалтерского и других видов учета. Она представляет собой средство управления предприятием и одновременно метод обобщения и представления информации о хозяйственной деятельности.

Ключевые слова: Балансы, бухгалтерской отчетности, балансоведения, активов, обязательств, доход, расход.

The balance sheet in the analysis of the financial situation of the company and evaluating the possibility of its bankruptcy

The balance sheet represents system of the indicators characterizing the results of economic activities of the organization during the reporting period, obtained from the data of the accounting and other records. It is a means of enterprise management and at the same time a method of summarising and presenting information about economic activity.

Key words: Balances, financial statements, balance sheet, assets, liabilities, income, expense.

ҚР-да бухгалтерлік есепті реформалау процесі барысында есеп беруді құру мақсаттарына жаңа көзқарастар пайда болды және оның бағыты өзгерді. «Қаржылық есептің мақсаты - бухгалтерлік есепті» №2 «Бухгалтерлік баланс және қаржылық есептегі негізгі ашылулар» деген стандартында көрсетілгендей, бұл қолданушыны заңды тұлғаның қаржылық жағдайы және оның қызметінің нәтижелері мен есепті кезеңдегі қаржылық жағдайында болған өзгерістер туралы пайдалы, маңызды әрі дәл ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады. Қаржылық есеп негізінен өтелген жағдайлардың қаржылық нәтижелерін және де кәсіпорын үшін инвестициялық шешімдер мен несие беру бойынша шешімдерді шешу үшін, сондай-ақ субъектінің болашақтағы ақша ағымдарын және осы субъектіге сеніп тапсырылған ресурстар мен басқарушы органдардың жұмыстарымен байланысты ресурстар мен міндеттемелерді бағалау үшін қажетті пайдалы ақпараттарды сипаттайды. Алайда қаржылық есеп қолданушыларға экономикалық шешімдерді қабылдау үшін қажетті барлық ақпараттарды қамтымайды. Қаржы есебін пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдер субъектінің ақша қаражаттарын айналдыру мүмкіндігін бағалауды, сондай-ақ оларды айналдыру уақытын есептеу және нәтижеге сенімді болуын талап етеді. Бұл нәтижесінде, субъектінің өз жұмысшыларына және жабдықтаушыларына ақы төлеу, пайызды төлеу, несиеді қайтару және табысты тарату қабілетін анықтайды. Егер де қолданушылар тек қана субъектінің қаржылық жағдайын, қызметін және оның өткен есепті мерзімдегі қаржылық есебінің өзгерісін сипаттайтын ақпараттармен емес, сонымен қатар барлық қажетті ақпараттармен жабдықталған болса, онда олар, яғни қолданушылар ақша қаражаттарының айналдыру мүмкіндігін одан да жақсы бағалайды. Бірақ коммерциялық құпияны қорғау туралы заң қолданушылар алатын қаржылық ақпаратқа шек қояды, дегенмен олардың ішінде кейбіреулері (тергеу органдары, ревизорлар, аудиторлар) өкілдігі болған жағдайда қаржылық есепте көрсетілген ақпараттарға қосымша ақпараттарды талап ете алады. Қолданушылардың көпшілігі қаржылық есепке қаржылық ақпараттың басты көзі ретінде сенуі тиіс.

Баланс – есепті жылдың басындағы және соңындағы кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды және маңызды қызметтер атқарады. Біріншіден, баланс меншік иелерін шаруашылық субъектісінің мүлктік жағдайымен таныстырады. Осы арқылы олар бұл субъектінің иеленеді, материалдық құралдардың сандық және сапалық қорлары қандай, кәсіпорын жақын арада үшінші жақ алдындағы өз міндеттемелерін ақтай ала ма, соны білдіреді. Екіншіден, басшылар кәсіпорынның басқа ұқсас кәсіпорындар жүйесіндегі өз орны, тандап алынған стратегиялық бағытының дұрыстығы туралы, ресурстарды пайдалану тиімділігінің салыстырмалы сипаты және кәсіпорынды басқару бойынша әр түрлі сұрақтарға шешімдер қабылдау туралы түсінік алады. Үшіншіден, баланстың мазмұны, оны ішкі қолданушылары сияқты сыртқы қолданушыларға да пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, аудиторлар жұмыс процесінде дұрыс шешім қабылдау үшін өз тексеріс жұмысын жоспарлауда, сондай-ақ клиенттің сыртқы есеп берудегі есеп жүйесінде мүмкін болатын, әдейі жасалынған және әдейі жасалынбаған қателіктер аумағындағы әлсіз жақтарын шығару үшін көмек алады, ал талдаушылар қаржылық талдаудың бағытын анықтайды.

Баланс ақпараттары негізінде сыртқы қолданушылар берілген кәсіпорынмен өзінің серіктесі ретінде жұмыс жүргізудің мақсатқа сәйкестігі және оның шарттары туралы шешімдер қабылдай алады; өз салымдарының мүмкін болатын тәуекелділіктерін және берілген кәсіпорынның акцияларын иеленудің орындылығын және басқа шешімдерді бағалайды. Баланстың маңыздылығы соншалық, көп жағдайда қаржылық жағдайды талдауды баланстық талдау деп атайды.

Бухгалтерлік баланс қаржылық есептің негізгі түрі бола отырып, ол есепті кезеңдегі кәсіпорын мүлкінің құрамы мен құрылымын, ағымдағы активтердің айналымдылығы мен өтімділігін, меншікті капитал мен міндеттеменің қолда барын, дебиторлық және кредиторлық борыштың динамикасы мен жағдайын және кәсіпорынның несие қабілеттілігі мен төлеу қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Баланс көрсеткіштері кәсіпорынның капиталын орналастыру тиімділігін, оның ағымдағы және алдағы кезеңдегі шаруашылық қызметке жетуі, қарыз көздерінің көлемі мен құрылымын, сондай-ақ оларды ынталандыру тиімділігін бағалауға

мүмкіндік береді. Осылайша, бухгалтерлік балансты талдау үшін және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда ақпараттың ең қа-жетті түрі болып табылады.

Бухгалтерлік стандарттың іске қосылуынан бастап бухгалтерлік баланс жа-ңаша анықталады және оның екі бөлігі мен элементтері де жаңаша сипаттала-ды.

Олардың түсіндірмесі нарықтық экономикасы дамыған елдердің бухгалтер-лік есеп және аудит тұрғысындағы жетекші ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйейді.

Осыған орай ағылшын тілінен орыс тіліне аударылған оқулықтардың және тәжірибе құралдарының авторларының пікірлері теориялық көзқарас болып табылады.

Жоғары оқу орындарында экономикалық мамандық алатын студенттерге, бизнес мектептер мен экономикалық лицейлерге арналған ағылшын авторының "Бухгалтерлік талдау" деген оқулығында келесідей анықтама берілген: Баланс - бұл кәсіпорынның белгілі бір күндегі қаржылық жағдайының кестесі болып табылады.

Активтер дегеніміз бұл кәсіпорын нені иеленеді және ол нені алуға тиіс, со-ны көрсетеді (немесе активтер - бұл кәсіпорынның иелігіндегі және алуға тиісті мүлкі); пассивтер - бұл кәсіпорынның өзінің біреуге берешек қарызы немесе борышы. Активтер сомасы әрқашан да пассивтер сомасына тең болуы тиіс [1].

Ағылшын ғалымдары шығарған "Бухгалтерлік іске кіріспе" деген оқу құра-лында былай жазылған: Баланс - бұл белгілі бір күнге кәсіпорынға тиісті бар-лық активтер мен оның борыштарын анықтайтын пассивтерінің тізімі. Бұл берілген уақыт мерзіміндегі бизнестің (іскерлік қызметтің) қаржы жағдайының бейнесі болып табылады. Актив пен пассивтің әр бабы ақшалай көрініске ие бо-лады және де активтер сомасы әрқашан пассивтер сомасына тең болуы тиіс.

Әрі қарай олар баланстың негізгі элементтерін келесідей сипаттайды: Активтер-бұл ұйымға тиісті немесе ол пайдаланатын бағалы нәрсе. Пассивтер - басқа біреуге тиісті нәрсе. "Пассив" термині таза бухгалтерлік ұғым болып табылады және ол кәсіпорынның қарызы дегенді білдіреді.

Капитал - пассивтердің арнайы түрі.

Капитал алғашқы капитал мен қызметте қалдырылған табысты қоса алғанда-ғы меншік иесінің бизнестегі үлесі болып табылады.

Әлемдік банк өндеп шығарған "Қаржылық есеп, аудит, есеп беру бойынша нұсқаулар" оқулығында бұл ұғымдарды былайша түсіндіреді: "Баланстық есеп - бұл белгілі бір кезеңде жасалған және осы кезеңдегі ұйымның жалпы қаржы-лық жағдайын бағалау үшін пайдаланылатын фотосурет. Қаржылық жағдай ұғымымен тікелей байланысқан баланстық есеп элементтері дегеніміз бұл ак-тивтер, пассивтер және капитал. Баланстық есеп кәсіпорынның әрі қарайғы жұ-мысын камтамасыз ету үшін қазіргі уақытта қолда бар ресурстар туралы ақпаратты камтиды. Ол сондай-ақ, бұл активтерді қаржыландыру көздері туралы ақпараттан тұрады. Мысалы, бұл көздер қарызға алынған ба, жоқ, әлде меншікті ме".

Аталған оқулықта бухгалтерлік баланстың бөлімдері (жақтары) мен эле-менттері келесідей анықталады:

«Актив дегеніміз - бұл өткен жағдайлардың нәтижесінде кәсіпорынмен ба-қыланатын және болашақта кәсіпорынға экономикалық табыс әкелетін ресурс.

Пассив - бұл өткен жағдайлардан пайда болған кәсіпорынның ағымдағы мін-деттемесі.

Оны өтеу экономикалық табыс алумен байланысты кәсіпорын ресурстары-ның шығынына (сыртқа кетуіне) әкеліп соқтырады.

Капитал - бұл пассивтерді активтерден алып тастағандағы кәсіпорынның өзіндік қаражаты».

Көріп отырғанымыздай, бухгалтерлік баланс және оның элементтері туралы бұл анықтамалар біздің бухгалтерлік есеп теориясы бойынша оқулықтарымызда берілген анықтамалардан өте ерекшеленеді. ҚР-дағы бухгалтерлік есеп туралы заңды жасаушылар негіз ретінде батыс ғалымдарының еңбегін алып отыр. "Қаржылық есептің, субъектінің қаржылық жағдайын бағалаумен байланысқан негізгі элементтері – активтер, меншікті капитал және субъектінің міндеттемесі" болып табылатынын айта келе, олар қаржылық есептің бұл элементтеріне келесідей сипаттама береді.

«Активтер - бұл құндық бағасы бар кәсіпорынның мүлкі, мүлдік, жеке мүлдік емес иелігі және құқығы болып табылады.

Міндеттеме - бұл тұлғаның (қарыз адамның) белгілі бір әрекетті басқа бір тұлғаның (несие берушінің) пайдасына жасайтын міндеті - мүлдік беру, жұмыс атқару, ақша төлеу және басқалар немесе белгілі бір іс-әрекеттен бас тарту, ал несие берушінің қарыз адамнан өзінің міндетін орындауын талап етуге құқығы бар.

Меншіктік капитал - бұл субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері». Сонымен, қаржылық есептің негізгі элементтерінің анықтамасын түсіндіруде батыс елдерінен ешқандай айырмашылық жоқ деп айтуға болады.

Баланс бухгалтерлік есептің "Бухгалтерлік баланс және қаржылық есеп берудегі негізгі анықтаулар" №2 стандартымен анықталады. Ол активтердің, меншікті капитал және міндеттемелердің мәнін анықтайды, сондай-ақ қаржылық есеп беруде анықтауға жататын ақпараттарға деген талаптардан тұрады.

Баланста ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелердің жиынтық сомасы анықталады. Баланста ағымдағы активтер мен міндеттемелерді және олардың жиынтық сомасын анықтау, қаржылық есепті пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда және дәлелді басқарушылық шешімдер қабылдауда қажет болатын ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылар үшін қаржылық есептің өте пайдалы екендігіне БЕС–2-нің 7-пунктінде ерекше көңіл бөлінген. Онда былай жазылған: "барлық маңызды ақпараттар, қаржылық есепті қолданушылар үшін анық және түсінікті болатын-дай дәрежеде ашылуы тиіс" [2].

Алайда айта кеткен жөн, балансты құрудың түрін таңдау (көлденең, яғни екі жақты немесе тікелей) шаруашылық субъектілерінің шексіз құқы болып табылады.

Баланс активі мен пассивін құру принциптері бұрынғы қалпында қалып отыр, яғни активтер олардың өтімділік деңгейіне байланысты, өтімділігі төмен активтерден өтімділігі жоғары активтерге қарай, пассивтер принцип бойынша төлем мерзімінің жеделдік деңгейіне байланысты мерзімінің жеделдігі азынан көбіне қарай.

Тікелей түрде құрастырылған баланс 5 бөлімнен тұрады:

- 1) ұзақ мерзімді активтер;
- 2) ағымдағы активтер;
- 3) меншікті капитал;
- 4) ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- 5) ағымдағы міндеттемелер.

Баланс қаржылық есеп беруде үш элементті сипаттайды: активтер, меншікті капитал және міндеттемелер. Қалған екі элемент - табыс және шығын – қаржы - шаруашылық қызметі нәтижелері туралы есеп беруде көрсетіледі.

Қаржылық жағдайды талдау барысында тек бухгалтерлік баланс мәліметтеріне ғана сүйенуге болмайды. Бұндай тәсіл біршама қарапайымдау, себебі бухгалтерлік баланс кемшілік пен шек қоюшылықтан ада емес, олардың ең маңыздылары келесілер болып табылады:

1. Баланс табиғаты жағынан тарихи сипатта болады. Баланста келтірілген мәліметтер оны құрған кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетеді. Бұл жағдайда баланс ақпараттары ретроспективалық және перспективалық талдау мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

2. Баланс кәсіпорын қаржысында және міндеттемелерінде статус-квоны сипаттайды, яғни пайдаланылып жүрген есеп саясатына сай осы кезеңде кәсіпорын жалпы қандай жағдайда тұр деген сұраққа жауап береді, бірақ бұл жағдайға ненің нәтижесінде жеткеніне жауап бермейді. Бұл сұраққа жауап беру үшін, тек қосымша мәліметтер ғана емес, сонымен қатар есеп және есеп беруде көрсетілмейтін көптеген факторлардың талдануы қажет (мысалы, ғылыми-техникалық прогресс, контрагенттегі қаржылық қиындықтар және басқалар).

3. Баланста салыстырмалы шаруашылық аралық талдау жүргізу үшін қажетті база жоқ. Ол кеңістіктік және уақыттық салыстырулармен қамтамасыз етпейді. Сондықтан оның талдауы динамикада жүргізілуі тиіс және мүмкіндігінше көрсеткіштерге, олардың орташа салық және орташа прогрессивтік маңыздылығына шолу жасаумен толықтырылуы тиіс. Осындай мақсатпен

ұқсас кәсіпорындар тобы бойынша негізгі есептік көрсеткіштерді ашық жариялау қажет. Бұл қажетті орташа көрсеткіштерді есептеп шығаруға мүмкіндік береді.

4. Баланста кәсіпорынның қаражаттарының айналымы туралы мәлімет жоқ. Баланстың сол немесе басқа бабы бойынша соманың аз немесе көптігі туралы қортындыны баланстың көрсеткіштерін айналымының сәйкес сомаларымен салыстырғаннан кейін ғана жасауға болады. Мысалы, екі кәсіпорынның баланста-рындағы "материалдар" бабы бойынша сомасы бірдей, яғни 5 млн. теңге. Бір жылдағы материалдар айналымы, бірінші кәсіпорында 60 млн. теңге, ал екінше-де 10 млн. теңгені құрады. Осыған сәйкес бірінші жағдайда материалдардың қоры жылдық тұтынушылардың $1/12$ ($5/60$)-ін (айлық қор), ал екінші жағдайда $1/2$ ($5/10$), яғни жылдық тұтынудың жартысын (жарты жылдық қор) қамтамасыз етеді.

5. Баланс есепті кезеңнің басы мен соңындағы мезгілдік мәліметтердің жиын-тығы болып табылады, яғни онда осы балансты толтыру кезіндегі шаруашылық операцияларының жиынтығы жазылып отырады. Ол кәсіпорынның есепті кезең ішіндегі мүмкіндік жағдайын көрсетпейді. Бұл ең алдымен баланстың динамикалық баптарына қатысты, олар "материалдар", "дайын өнім", "тауарлар", "дебиторлық борыш" және басқалар.

6. Баланста кәсіпорынның активтерін сатып алуда тарихи бағаны коддану принципі жүргізіледі, ол мүліктің жалпы алғанда нақты бағасын едәуір дәрежеде бұрмалайды. Баланстың жеке баптарына инфляциялық факторлар мен нарық конъюктурасының өзгерісі едәуір бұрмалаушылық әсерін тигізуі мүмкін. Инфляция, кәсіпорын пайдаланатын шикізат пен жабдықтарға бағаның өсуі және негізгі құралдарды жаңарту дәрежесінің төмен жағдайында көптеген баланс баптары функционалдық қызметі жағынан бірдей, бірақ есеп объектітерінің құны жағынан әр түрлі жиынтықты көрсетеді. Бұл әр түрлі есеп мерзімдерінде есептелген баланстың аттас көрсеткіштерінің салыстырмалылығының бұзылуына әкеліп соқтырады. Әрине, ол сондай-ақ кәсіпорын қызметінің нәтижесін, оның шаруашылық қаражаттарының "бағасын" (гудвилл) едәуір бұрмалайды. Бұл кедергі баланс валютасының кәсіпорын бағасының дәл құнын көрсетпейтіндігін дәлелдейді.

Баланс жиыны кәсіпорын активтері мен оны жабу көздерінің есептік бағасын ғана көрсетеді, ал осы кезде бұл активтердің нарықтық бағасы мүлдем бас-қаша болуы мүмкін және берілген активтің пайдалану мерзімі мен оның баланста көрсетілуі қаншалықты ұзақ болса, есептік баға мен ағымдағы нарықтық баға арасындағы айырмашылық соншалықты көп болады.

7. Баланс және қаржылық есеп берудің басқа да нысандары шаруашылық субъектісі қызметінің барлық жақтарын толығымен көрсетпейді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның өзгеру перспективасы тек қаржылық сипаттағы факторлардың ғана емес, сонымен қатар көптеген құндық бағасы жоқ факторлардың да ықпалында болады. Олардың қатарында: мүмкін болатын саяси және жалпы экономикалық өзгерістер, саланы және кәсіпорынды басқарудың ұйым-дастырушылық құрылымын қайта құру, меншік түрінің алмасуы, қызметкердің кәсіби және жалпы білімдік дайындығы және тағы басқалар. Сондықтан қаржылық есеп беруді соның ішінде бухгалтерлік балансты талдау кешенді экономикалық талдаудың тек бір ғана бөлімі болып табылады.

Осы шектеулерге қарамастан, бухгалтерлік баланс кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауды ақпараттық қамтамасыз етудің бірден-бір басты көзі болып табылады, ал оны оқу осы талдаудың алғашқы сатысы болып табылады.

Алайда кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізгенде баланс көрсеткіштерімен қатар қаржылық есеп берудің басқа да нысандарының көрсеткіштерін қолдану қажет, әсіресе кәсіпорынның жыл бойғы барлық табыс сомасын осы кәсіпорынның өзінің қызметін жүргізу үшін жұмсалған барлық шығындар сомасымен салыстырудан тұратын қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепті қолдану керек, оның баланстан айырмашылығы ол кәсіпорынның мезеттік суреті және қатып қалған қаржылық жағдайы емес, ол капитал қозғалысы, есепті кезеңдегі субъектінің қаржылық нәтижесі болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның балансына қарағанда, бұл құжат талдаушы адам үшін анағұрлым маңызды және ақпараттық болып табылады. Ол бұл кәсіпорын табыс немесе зиян (шығын) әкелетіндігін анықтау үшін табыстар мен шығындар туралы жеткілікті мөлшерде бөлініп

алынған анық көрсеткіштердің көмегімен белгілі бір кезеңдегі кәсіпорынның қызмет нәтижесіне баға береді. Батыс тәжірибесінде, балансты есеп берудің басты нысаны ретінде бөліп қарастыратын біздің елге қарағанда, табыс және зиян туралы есепке біршама басымдылық берілуі кездейсоқ емес. Атап айтқанда, дәл осы үлгі американдық, ұлыбритандық және жаңазеландиялық фирмалардың жылдық есебінде бірінші болып келтіріледі. Мұның түп тамырын психологиялық тұрғысынан іздеген жөн, табыс ба-тыс фирмалары қызметіндегі маңызды көрсеткіш болып табылады, олар сондықтан да оны ең алдымен сыртқы пайданушыларға әйгілеп көрсетуге тырысады.

Банкроттың ертерек байқалатын нышандарына жататындар:

а) кәсіпорынның қаржылық қызметінің нашар екендігін сипаттайтын есептерді кідіртпін беру;

б) қаржылық нәтиже туралы есепте және баланс құрылымындағы кенеттен пайда болған өзгерістер, әсіресе:

- есеп шоттардағы ақшаның кенеттен азайып кетуі (ол екінші жағынан, есеп шоттағы ақшаның көбеюі келешекте күрделі қаржының мүмкіндіктеріне теріс әсерін тигізудің айғағы);
- дебиторлық қарыздардың көбеюі (бұлардың күрт азайып кетуі де тиімсіз, өйткені қоймадағы дайын өнімдердің тым көбеюі оларды сату процесін қиындатып жібереді);
- дебиторлық шоттардың ескіре бастауы;
- дебиторлық және кредиторлық қарыздар балансының бұзылуы;
- кредиторлық қарыздардың өсуі (сонымен қатар есеп шоттарда қолма-қол ақша тұрғанда кредиторлық қарыздардың күрт азайғаны өндіріс көлемінің тарыла бастағанының айғағы);
- сатылатын тауар көлемінің азаюы;

в) кәсіпорындағы жанжалдар, әлдекімді басшылық қызметтен босату, қабылданған шешімдердің сан жағынан бірден артуы және т.б.

Мұнымен қатар сатылатын тауар көлемінің шектен тыс көбейіп кетуі де пайдалы болмауы мүмкін. Өйткені жан-жақты, терең ойластырылмай сатып алынған шикізаттардың және күрделі қаржы шығындарының көбейіп кетуі келешекте кәсіпорын балансының бұзылуына әкеледі, ал бұл банкротқа ерте ұшырау деген сөз. Бұдан басқа сатылатын өнімдердің ретсіз көбейіп кетуі өнім өндіру мөлшерінде кәсіпорынның банкротқа ұшырау алдындағы құлдырауын көрсетеді.

Кәсіпорынның банкротқа ұшырауының мынандай кезеңдері бар.

Жасырын кезең. Бұл кезең кәсіпорынның, оның тапқан пайдасының капиталдандырылуымен анықталатын "бағасының" төмен түсіп кетуі:

$$V = P / K$$

P — салықтарды, сонымен қатар қарыздармен және дивидендтердің процентіне байланысты төлемдерді төлегенге дейінгі күтілген пайда;

K — кәсіпорынның барлық пассивтерінің (міндеттемелерінің) құнының орташа өлшемі;

V — күтілген "кәсіпорын бағасы".

"Кәсіпорын бағасының" төмендеуі оның пайдалық деңгейінің төмендегені деген сөз. Бұл бірінші жағынан. Ал екінші жағынан, бұл жақын арада қабылдауға мәжбүр болатын міндеттемелердің орташа құнының артқанын көрсетеді. Олай болса, жақын және ұзақ мерзімді келешектегі "кәсіпорын бағасын" есептеп отыру қажет және тиімді.

Екінші кезеңі — қаржы тұрақсыздығы, қолда бармен есептесуде қиындықтардың пайда болуы, яғни банкроттың ертерек нысандарының сезіле бастауы.

Бұл кезде басшылықтар "косметикалық" шараларға жиі жүгіне бастайды, мәселен:

▪ салым иелері мен банктердің күдіктерін туғызбау қамында активтердің бір бөлігін сату арқылы қарыз капиталдарын арттырады;

▪ акционерлерге жоғарғы дивидендтер төлей бастайды.

Практикада кейде мынандай жәйттер де кездеседі:

▪ кәсіпорынның қаржы жағдайы нашарлаған кезде қайсібір басшылар ақша табуда "авантюралық" әдістерді де қолданады;

- тіпті кейде алаяқтық жолдан да тайынбайды.

Үшінші кезең - банкроттың айқын, заң жүзінде пайда болуы, яғни кәсіпорын дер кезінде қарыздарды төлей алмайды.

Банкротқа байланысты істі сотта қарауды мына жағдайларда бастауға болады:

- борышқор өзінің дер кезінде қарыздарды төлей алмайтынын ресми түрде мойындаса;
- несие берушінің төлемдерді орындау мерзімінің 3 айдан асып кеткені туралы арызы бойынша;

- прокурордың жалған банкрот туралы нақты күдіктері бойынша.

Төрелік соттың төмендегі мүмкіндіктерін пайдалануға болады:

- банкротты мойындату;
- конкурстық өндіріс ашу және кәсіпорынды конкурстық өндіріс аяқталғанға дейін жұмыс істеп тұрғандардың тізімінен шығарып тастауға;
- егер борышқордың қаржылық жағдайының тұрақтылығы және оның қарыздарды төлеу қабілеттілігі айқындалса, берген арызын қайтарып беруге;
- кәсіпорын сырттан басқаруға берілсе, ол санацияға жатқызылса, банкрот жөніндегі істі тоқтатуға;
- борышқор мен несие берушінің қарыздардың төлем мерзімін ұзарту жөніндегі өзара келісімдеріне келісім беруге.

Банкроттан шығу мақсатында кәсіпорын жұмысын жақсартуға бағытталған төтенше шаралары қолданылады.

Олардың негізгілерінің қатарына мыналар жатады:

- басшылықты алмастыру;
- кәсіпорынның ұйымдық құрылымын өзгерту;
- басқару аппаратын қысқарту;
- жоспарлау-бақылау қызметтерін орталықтандыру;
- шығындарға қатаң бақылау орнату;
- қызметкерлерді қайта даярлауды, кәсіпорында психологиялық бағдарлау жұмысын жүргізу;
- көрсетілген қызмет түрлерін және өнімдер атауларын мейлінше қысқарту;
- маркетинг қызметін талапқа сай жоғары деңгейде ұйымдастыру.

Санация. Бұл әлемнің көптеген елдерінде кең тараған, кәсіпорындардың, фирмалардың және басқа да өндіріс орындарының банкротқа ұшырамауын болдырмау мақсатында ірі банкілердің немесе мемлекеттің өзінің көмегімен жүзеге асырылатын қаржылық тұрақтандыру шараларының жүйесі [3].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы, №234-ІІІ, 28.02.2007ж.
2. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері (Халықаралық стандарт) [Мәтін]: Оқулық / Ә. Әбдіманапов.- Алматы, 2009. – 535 б.
3. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері. Алматы: Экономика, 2009. – 280 б.

ЭТНОМӘДЕНИЕТТІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛЫ

Сапарова А.Қ.^{1, 2} курс магистранты, Тулешова Г.Б.¹ э.ғ.к., доцент І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

E-mail:azhar.saparova@mail.ru

Этникалық проблема халқының құрамы көп этносты мемлекеттерге өзекті мәселеге айналуға. Өйткені, әр этникалық топтың өзіне ғана тән демографиялық әрекеті, әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамуының ерекшеліктері бар.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік жүйесі, этникалық фактор, мәдениет, ұлттық қарым-қатынас, экономика.

Рассматривается проблема взаимосвязи ментальности и экономического поведения человека. Страна наиболее успешно проявляет себя в тех секторах, которые отвечают исторически сложившимся условиям и национальному характеру в наибольшей степени.

Ключевые слова: система предпринимательства, этнический фактор, культура, национальные отношения, экономика.

The problem of the mentality and the relationship of economic behavior. Country of the most successful shows itself in those sectors which are responsible historically conditions and national character the most.

Key words: business system, ethnic factor, culture, national relations, economics.

Біздің республикамыз көп этносты болғандықтан, қарым- қатынастағы өзара әрекет нәтижесі қандай да болмасын іс- әрекет түрлерінде, еңбек салаларында, оқу процесінде, тұрмыс- тіршілігімізде байқалады, сондықтан ерекше белсенді тақырыптардың бірі болып саналады. Атақты ғалым және этнограф А.Ф. Дашдамиров «Адамзаттың кейбір кескін-келбеттерінің әр қилы көрініс беруі әр халықта әртүрлі болады- дей келіп, олардың, яғни өзіндік ерекшеліктері бар, мәселен еңбек сүйгіштікте, қайырымдылық, қарапайымдылықта және т.б. болуы мүмкін», - деп өзінің, «Этнопсихологиялық мәселелерді зерттеу әдістері» атты еңбегінде атап көрсетті.

Этникалық проблема халқының құрамы көп этносты мемлекеттерге өзекті мәселеге айналуға. Өйткені, әр этникалық топтың өзіне ғана тән демографиялық әрекеті, әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамуының ерекшеліктері бар. Біздің елімізде интенсивті этникалық және этносаралық процестер өтуде. Олар Қазақстанның бұдан былайғы дамуына ғана емес, тіпті оның тағдырына өз ықпалын тигізеді. Қазақстанның ұлттық саясаты, қазақтардың ұлттық егемендігін мойындай отырып, қазақстан халқының бірыңғай азаматтық саяси қауымдастық ретіндегі егемендігі, маңызды өзгешеліктері бар этностардың болуын, тіпті олардың ортақ мақсаттары мен мүдделерінің пайда болуына, ортақ сана-сезімнің қалыптасуына, яғни этносаралық қауымдастықтың пайда болуына ықпал ететін іс-қимылы болуын талап етеді. Этносаралық қауымдастық — ол жаңа этнос емес, суперэтнос емес, ол этносаралық қауымдастық, яғни бөліктерден құралған тұтастық. Этносаралық бірігу — этностарды біріктіретін айтарлықтай икемді процес болып табылады, өйткені, бір жағынан өзіне тән этникалық ерекшелік сақталады, басқа тұстан қарасақ, өзара іс-әрекет арқылы сана сезімнің ортақ белгілері, ортақ мақсаттары қалыптасады. Бүгінгі таңда Қазақстан сияқты көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы мемлекет үшін осы жол ең ұтымды да болып табылады және тату-тәтті өмір сүріп, қарым-қатынастарына төзімділік сақтаудан асқан ақылды осы күнге дейін адамдар ойлап таба қойған жоқ. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында кеңес империясы қирауының маңызды себептерінің бірі ғылымға негізделіп жасалған тиімді

ұлттық саясаттың болмауы деп тура айтқан. Біздің елімізде, жалпы бүкіл дүние жүзінде этникалық жағдаяттың күрделенген қазіргі сәтінде жалпы ұлттық саясатпен қатар мемлекеттің ұлттық саясатының екі мызғымас бөлігі бола алатын екі бағдарлама әзірлеу қажет. Біріншіден, бұл этникалық өзгешелікті, тілді, мәдениетті дамытуға, дәстүрлерін сақтауға және т.б. бағытталған этникалық қайта өрлеу бағдарламасы болуға тиіс, сонымен қатар мұндай бағдарлама сараланған болуға тиіс және әр этникалық топтың өз бағдарламасы болғаны жөн. Екіншіден, және мұның маңызы біріншіден кем емес, бұл этносаралық бірігу бағдарламасы, сондықтан онда Қазақстанда тұратын барлық этникалық топтардың бірге тұрып, ортақ іс-қимылын жасауының нақты, ең тиімді механизмдері әзірленуі тиіс. Әзірше мұның өзі әлсіз тенденция ретінде білінеді және жаңа достастық қалыптасып болды деп айта алмаймыз. Алайда біздің бірнеше ғасыр бойы күрделі де қайшылықтарға толы ортақ өміріміз нәтижесінде жинақталған белгілі оң тәжірибеміз бар. Өркениеттің соңғы жетістіктерінің бірі — қазіргі толып жатқан полиэтносты мемлекеттердің ұранына айналған көп мәдениеттің идеясы, ол бір мемлекет ішіндегі көптеген этникалық топтарға тату да бейбіт өмір кешуге мүмкіндік береді. Осы принцип Қазақстан үшін де қолайлы, «әр алуандылықтағы бірлік» (немесе «бірлікте әр алуандылық») немесе «қазақстан өрнегі» ұраны біздің мемлекетіміздің стратегиялық саясатындағы басты ұран ретінде қабылданды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму перспективасы тілге тиек болған, халыққа арналған Жолдауында екі нәрсеге ерекше назар аударылған: біріншісі «еліміздің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндікке негізделген өзіміздің бірыңғай азаматтығымызды дамытуға кепілдік беру», екіншіден, «этникалық қайшылықтардың себептері жойылып, барлық этникалық топтар тең құқылы болуын қамтамасыз ету». Сонымен Қазақстанның перспективалы дамуында екі түрлі міндетті шешу көзделеді: біріншіден, әр жеке этникалық топтың дамуына мүмкіндік беру, екіншіден, Қазақстанның барлық халықтарын бірыңғай азаматтық қоғамдастыққа біріктіру үшін жағдай туғызу. Алайда, мықты тұрақтылыққа, тіпті консолидация мен бірлікке жету оңай емес, және өзімізді бірыңғай отбасы ретінде сезініп, мақсаттарымызды біліп, оларға жұмыла жету үшін әлі көп жұмыс атқаруға тура келетінін назардан шығармау керек». Демек, этносаяси процестің субъектілері жөніндегі мәселені зерттегенде Қазақстан Республикасында ұлттық татулық пен бірлікті қамтамасыз етуде негізгі рөлді мемлекет атқаратынын атап көрсетуге болады. Қазақстан Республикасында өтпелі кезеңде ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеуге арналған әдістерді әзірлеу және жағдайды бағалау ісінде мемлекеттің рөлі зор. Ұлттық саясатты іске асыруда, оның мазмұндылығындағы ең бастысы — ұлттық мүдделерге олардың: а) қауымдастығын, ә) айырмашылықтарын, б) қақтығыстарға ескере отырып қарау. Ұлтаралық қатынастардың жеке субъектілерінің түпкі мүддесі мен мемлекет ауқымындағы жалпы ұлттық мүдделердің бір болуының объективтік негізі бар. Мемлекеттік ұлттық саясаттың басты міндеті ұлттар мүдделерін және ұлттар мүдделері арқылы басқару. Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің ажыратылмайтын бөлігі адам құнын сақтау, барлық ұлттық топтардың еркін дамуына қолайлы жағдай туғызу, ұлтаралық қарым-қатынастарды гуманизациялау, республикада татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету [1].

XIX ғасырдың бас кезі әлемдік жаһандану мен экономиканың ғылыми білімге көше бастауымен белгілі. Сонымен қатар осы уақытта аумақтың экономикалық дамуының қозғаушы күші болып табылатын этномәдениеттік құндылықтарға көп көңіл бөліне басталды. Қазіргі таңда, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау маңызға айналууда. Халықтың экономикалық әрекетіне әсер ететін факторларды зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Бірқатар ғалымдардың пайымдауы бойынша, адамның ұлты- этникалық санат, ал ұлт- тарихи-әлеуметтік санат. Мысалы, Қазақстан азаматтары мемлекет құрамын, ал жеке ұлттар - этносты құрайды.

Соңғы жылдарда ғалым- экономистер арасында ұлттардың экономикалық әрекетін зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Ұлттардың білімге, кәсібилікке, шыншылдыққа, адамдарды құрметтеуге, қарым-қатынасты құруға деген көзқарастары ұқсас болғанымен, әрбір істегі олардың әрекеттері, өздерін ұстауы әр түрлі екенін көптеген зерттеулер көрсетті. Экономикалық әрекет қиындықтары мен экономикалық психологияны зерттеу әртүрлі елдердің

философтары, экономистері, әлеуметтанушылары еңбектерінде көрініс тапты. Ұлттық сұрақтар бойынша Ш. Блондель, Л. Февр, Е. Дюркгейм, М. Вебер сияқты атакты ғалымдар айналысты.

Мәдени, діни, саналық, психологиялық ерекшеліктер экономикалық әрекетке әсер етеді. Экономикалық әрекет адамның дініне, дәстүрлерге, өмірлік тәжірибесіне байланысты өзгеріске ұшырайды. Мысалы, бұрынғы Кеңестік Азия республикалары экономикалық дағдарыс және жоғары дәрежедегі дағдарыс кезінде ауылшаруашылыққа еуропалықтарға қарағанда жақынырақ болған. Яғни бұл ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық өмірлік салтқа байланысты.

Халықтардың психологиясы этностық рухани бейнесінің негізгі, әрі маңызды жағының бірі болып есептеледі. Этностардың психологиялық ерекшеліктері халықтардың табиғи материалдық жағдайларының көрінісімен адам санасында қалыптасады. Ол өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған негізінен бастап дамуда. Халықтардың психологиялық ерекшеліктері- жалпы ұлттық категория. Этникалық психология- қоғамдық, әрі жалпы психологияның бірі. Ол үнемі өзгеріп отырады. Қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде әлеуметтік- экономикалық және жаңа мазмұн қабылдайды. Нақты этнопсихологиялық белгілерді анықтау барысындағы зерттеу еңбектерінің қиындығын байқаған Ю. В. Бромлей «Әрекеттер мен қылықтардың жиі әрі жылдам қайталанып алмастырылуы басқа ұлттардағы сол жағдайларды салыстыруда қиындығын тигізеді, ал бұның көмегінсіз этникалық ерекшеліктерді анықтау тіпті қиын екендігі көпшілікке мәлім. Сонымен қатар әр ұлттың өзіне тән психикалық кескін- келбеттері тез арада емес, сонынан әр түрлі уақытта көрініс береді»- деген.

Жинақтап этнопсихологияны және оның құрылысын көрсететін әлеуметтік психологиялық факторлардың төмендегі топтарын бөлуге болады:

1. Этникалық қажеттіліктер мен қызығушылықтар жүйесі;
2. Этникалық бағыттар мен құндылықтар;
3. Этнос психикасының бітісі;
4. Этникалық сезімдер мен көңіл- күйлер.

Осы этникалық психологияның құрылымындағы этникалық бағыт жүйелерінің этноаралық өзара әрекетте алатын орны мол.


Психологияда «бағыт» мәселесін зерттеп қараған Д. Н. Узнадзе «Экспериментальные основы установки» (Тбилиси, 1961ж.) еңбегінде қарастырған.

Бағыт - белгілі бір объектіге байланысты іс- әрекет барысында мақсат көзделген сипатқа анықталып, сезілінуінде субъектінің объектіге деген дайындығы, бейімделуі. «Бағыт» ұғымы алғаш рет неміс психологтары арқылы эксперименталды психологиямен келді. Қабылдаған затты сезіну шапшандығы (Л. Ланге). Қабылдаудағы иллюзия (Г. Мюллер, Т. Шуман), сонымен қатар айқындалмаған жағдайдағы мәселе шешудегі дайындық, бағыттылықпен анықталатын әр түрлі психикалық процестер. Кейінде әлеуметтік психологияда белгілі топ мүшелерінің бағдар, құндылық, жүріс- тұрыс, наным ерекшеліктері негізінде қарайды (У. Томас, Ф. Знанецкий). Бағытты психикалық құбылыстардың негізі ретінде Д. Н. Узнадзе қарастырды.

Әлемдік экономиканың дамуына тікелей әсер ететін кәсіпкерлік қызметке этномәдениеттік факторлардың әсері зор. Кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет – тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, тауарларды өндіру және сатудан, іс-шарадан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет. XX ғасырдың өзінде кәсіпкерлік жүйені құрудағы мәдени және этникалық факторлардың әсерінің жоғары екендігі белгілі болды. Американдық экономист Дуглас Норт XX ғасырдың 70- жылдары адамдардың өміріндегі қызмет саласына тарихи- мәдени ерекшеліктердің әсері жайында былай жазады: «Ресми ережелерді саяси немесе құқықтық шешімдерді қабылдау арқылы өзгертуге болады, ал дәстүрге, мәдениетке байланысты іс- әрекеттерді, яғни бейресми ережелерді өзгерту қиындық туғызады» [5].

Этноэкономикада кәсіпкерлік автохтондық этникалық топтар арасында қоршаған орта ресурстарын қолдану негізінде тарихи түрде қалыптасқан шаруашылық саласы. Осындай шаруашылық түрі этникалық кәсіпкерлік деген атаумен қолданылып келеді. Этникалық кәсіпкерлік XX ғасырдың 70- 80 жылдары Еуропа мен Солтүстік Америкаға басқыншыл халықтар тобының

ағылуына байланысты қарқынды түрде зерттеле басталды. Бұл кәсіпкерліктің түрінде этникалық топтар қалыптасқан дағдыларын, этникалық дәстүрлерін макроэкономикалық ортаға бейімделуі мақсатында қолданады. Осыған орай, А. Снисаренконың «Этникалық кәсіпкерлік ретінде ұлттық емес, жат ортадағы этникалық топтардың нақты бизнесті ұйымдастыруы мен жүргізуінің жолдарын атап айтсақ болады»- деген анықтамасының маңызы зор [3].



1-кесте. Этникалық факторды микро деңгейде жүзеге асыру механизмі.

Этноэкономиканың отандық теориясында екі бағыт қалыптасты. Бірінші бағыт этникалық диаспоралардың экономикалық белсенділігін анықтайды. Екінші бағыт әлеуметтік топтар, үй шаруашылығы, туыскандардың біріккен шаруашылығына байланысты. Тар мағынада этноэкономика ұлттық экономика сегменті ретінде қарастырылып, қоғамның дамуындағы өмірлік қабілеттің жоғарғы дәрежесін құрайды.

Этникалық экономиканы үш сатыға бөліп қарастыруға болады:

1. Моноэтникалық елдер мен аймақтардың макроэтникалық экономикасы;
2. Полиэтникалық өңірлер мен субөңірлердің мезоэтникалық экономикасы;
3. Институционалдық (ендірістік) бірліктердің микроэкономикалық экономикасы.

Этноэкономика жеке индивидтердің экономикалық әрекеттеріне, әлеуметтік топтармен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Этникалық экономиканы талдау барысында қолданылатын өлшемдеріне (мысалы, шаруашылық формасымен түріне) көптеген отандық және шетелдік теорияларда анықтама берілген [4].



1- сурет. Этникалық экономика құрылымы

Ғылыми жұмыстарды талдай отырып, этномәдениеттік факторлардың экономикалық әрекетке әсері толық зерттелмегендігін көруге болады.

Қазақстан егемендік алып, өзінің ғылыми- техникалық дәрежесі өз қолына тиюі ғалымдардың алдына көптеген міндеттерді қойды. Соның бірі- өз, қазақ ұлтымыздың өзіндік психикалық қасиет сапаларын анықтау және ұлттың қабілет мәселесін көтеріп, ұлтаралық қарым- қатынас мәселелерін шешуде, республикамыздың түпкілікті этнос өкілдерінің алатын орнын белгілеу. Ал оның одан әрі дамуы мен өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуына ықпал ететін мәселелер тереңірек зерттеуді қажет етеді. Солардың бірі біздің зерттеуімізге

арқау болып отырған тақырып: «Көп этносты Қазақстандағы ұлттардың экономикадағы рөлі». Бұл тақырыпта жүргізілген зерттеулер аз емес. Ұлттық саясат мәселелеріне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еңбектерінде ерекше көңіл бөлінген. Олар теориялық-методикалық және қолданбалы жағынан маңызды. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның 2017 жылғы демографиялық көрсеткіштері берілген. Оған сай Қазақстанда тұратын жан саны ең көп этнос орыстар. Олар Қазақстан халқының 20,1 пайызын құрайды. Сәйкесінше өзбектер 3,1, украиндар 1,58, ұйғырлар 1,45, татарлар 1,13, немістер 1 пайызды құраса, қалған этностар жан саны халық санының 1 пайызына жетпейді [2].

Көп этносты Қазақстан қоғамын топтастыруда экономикадағы, әлеуметтік саладағы, мораль мен мәдениеттегі келеңсіз құбылыстарды жеңу проблемалары ең бірінші кезекте тұр. Осыған орай, В.К. Шабельниковтің пікірінше, белгілі полимәдениетті және полиэтникалық өзара әрекет механизмінің пайда болуынан, ерекше қоғамдық (еуропалық) сананың дамуы анықталады. Өртүрлі мәдениеттің өзара әрекет етуі өзара бейнелеуге, өзара рефлексияның пайда болуына ыңғай туғызады. Ендеше, жеке адамның әлеуметтену ерекшелігі оның психикасын нақтылы ашу болып табылады.

Жеке адамның кескін- келбетін, этнос өкілінің кескін- келбеті ретінде қарап анықтауымыз, оны жекелеп топтастыруымыз, мәселен, еуропалықтардың кескін келбеті, монғол типтестердің кескін- келбеті деп қарауымыз, әр этностың өзіндік мінез- құлық нанымдарын анықтауға, оның психологиялық негізін ашуға мүмкіндік береді.

«Ғалымдардың ең негізгі міндеті- әрбір халыққа тән өзіндік кескін- келбетті құрау болып саналса да, куәліктерінде мәлімет пен суретіміз ғана көрсетеді. Ал өзіміздің бағалайтын немесе басқа біреулер айтатын мінездемелер біздің белгілі бір іс- әрекетке бейімділік дәрежесін көрсетеді. Мәселен, жекелеген бір адамның күш- қуатының көп болуына қарап, сол адам қара жұмысқа бейімді деп айтуға әбден болады», - дейді И.С. Кон.

Этникалық қалыптасқан этникалық таптаурындар сол ұлттың рухани, мәдени- танымдық көрсеткіші бола алады. Этникалық таптаурындар- әр түрлі этнос өкілдеріне тән ортақ ақыл- ой, дене бітістері сипаттарының біршама тұрақты сапа белгілері. Ол таптаурындар халық іс- әрекетінің түрлі салаларында (сауда, құрылыс, егін, мал шаруашылығы т.б.) өзара қарым- қатынас, байланысқа түсуі негізінде, ұлттың өткені мен қазіргісінің позитивтік тәжірибесінің сәулесі ретінде көрініп бекиді.

Осы күнге дейінгі шетел және отандық ғалымдарымыздың (В.С. Агеев, Ю.В. Бромлей, М.М Мұқанов, В.П. Петренко, Х. Штейнталь, және т.б.) бағдарлауларына сәйкес этностық таптаурынды зерттеп, оның психологиялық негізін ашу жалпы этнопсихология мәселесін анықтауға бірден- бір жол ашатын өзекті мәселе демекші.

Қазақстан экономикасы әр түрлі ұлт өкілдерінің- орыстар, украиндар, өзбектер, татарлар және т.б. экономикалық байланысы негізінде дамып келеді. Л. И. Брежнев өзінің сөзінде «Қазақстанның экономикалық дамуы, кәсіпорындардың салынып, жұмыс күшінің артуы, ондағы ұлт өкілдерінің бірлесіп еңбек етуінен»-деп, атап көрсеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Әмирова Б.Ә. оқыту процесіндегі этникалық жансақ нанымдардың өзгеруі. Психология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы.

2.Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2010. – 21 қазан.

3.О. Бредников, О. Паченков Этничность «Этнической экономики» и социальные сети мигрантов www.ecsoc.msses.ru

4.Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики. 21 б.

5.Кайкэ Ч. «культура предприятия» в современной Восточной Азии 276.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР**

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «БҮКІР» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Ашимова М.Г.¹, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Болгар К.А.¹, филология ғылымдарының магистрі, оқытушы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықоран қ.,

E-mail:malika_amg@mail.ru

Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ жазушыларының ішіндегі шоқтығы биік А. Алтайдың әңгіме жанрында қалыптастырған дәстүрін «Бүкір» шығармасын анализдеу арқылы көз жеткізіп, мазмұндық, түрлік, құрылымдық жаңашылдықтарына талдау жасалды.

Кілт сөздер: *экспозиция, сюжет байланысы, диалог, жағымсыз кейіпкер, авторлық позиция.*

В статье анализируется традиция казахского писателя эпохи независимости А.Алтая. Исследуя традиции рассказа «Бүкір» мы находим новизну в содержании, виде и структуре.

Ключевые слова: *экспозиция, сюжетная связь, диалог, отрицательный характер, позиция автора.*

The article analyzes the traditions of the Kazakh writers of the years of Independence, analyzing the traditions of Bugatai, written by A. Altai in the genre genre, analyzing the content, diversity and structural novelty.

Key words: *exposition, plot link, dialogue, negative character, author's position.*

Кіріспе. Асқар Алтай Оралхан Бөкейдің жерлесі, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан өңірінің тумасы екен, жерлесі болғандықтан да шығар Оралхан мектебін бойына сіңіргені. Ең үлкен жетістіктерінің бірі – «Т. Айбергенов атындағы» сыйлықтың иесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Асқар Алтайдың кезекті «Бүкір» әңгімесі оның жазушылық шеберлігінің мықтылығын тағы бір мәрте айғақтайтын туынды.

Негізгі тартысқа дейінгі кейіпкерлердің қалыптасу деңгейі және олардың мінез – құлық, әрекеттерінің кейбір басты тұстарын суреттеу – экспозиция [2] болса аталмыш әңгіменің экспозициясы кейіпкердің сипатын автордың үшінші жақтан баяндауынан бастайды. Басты кейіпкер Аманболдың жүре келе жауырын ортасы бармақтай болып томпайып өседі. Бозбала шағында қос жауырын арасына біткен шеміршек нардың өркешіндей болғандықтан айналасындағылар оны Бүкір деп атап кетеді. Бұнысына қымсынбаған Бүкір мектепте бүкір кит туралы оқығаннан кейін өзін тіпті сол бір су мақұлығы сияқты сезініп, тәкаппарланып, бір өліара сезім мұны намыстану күйігінен, қор сезіну сұмдығынан сақтандырды. Өлемнің барлық мұхиттарынан кездестіруге болатын киттердің бір түрі болып табылатын салмақтары 36 тоннаға дейін жететін бүкір киттердің [3] де адам баласына бір стимул мен қуаныш сыйлайтынын көріп кез-келген нәрсенің екі-жағы болатынына көз жеткіземіз. Шығарма барысында айқын болатындай кейіпкердің де жан айқайы бүкір кит шығаратын айқайдай тіршілік иелері арасындағы ең қаттысы, яғни бүкірлікпен қоса ішкі дүниесінде де ұқсастықтар кездеседі екен. Аманбол кемістігін жасырып, басын кекжитіп, кеудесін шалқақ ұстап, кейін тәкаппар жүріске ұластырды. Осылайша азан шақырып қойған Аманбол есімі Бүкір атына айналса, кейін ол талантты суретшіге айналады. «Бүкірдей дарын жоқ» деген дақпырт дүрілдеп, той-томалақта төрден орын бұйырады. Бірақ «Сыртың бүкір болса – болсын, ішің бүкір болмасын» [1] деп физиологиялық ерекшелігінен кейіпкерін ақтап алғызу үшін бұны автор оның өз аузына әдейі салғызып отыр.

Сюжеттің байланысын (завязка) студенттер арқылы кейіпкердің сана түкпіріндегі ойын қозғауымен береді. Дәріс оқитын Бүкір олардың өнер мен өмір жайлы таласымен дауласқысы келмей, аузын тыйып, жиегін жиып ұстауға тырысатын. Өзінің сөзі мен істеген әрекетінің сәйкес келмейтіндігінен сескенетін, түбін қаза берсе, кейіпкердің түпкі ойына бойлап, арты ашылуы мүмкін екенін сезетін. Кейіпкердің санасындағы мазасыздықты автор диалог арқылы ашып береді. Шығармада еске алу әдісі де ұтымды қолданылған.

«Байсары:

– Қазір дайын аналық ұрықтар сатылады, – деген. – Алыс ауылдан келген студент қыздармен сөйлес. Олар екі-үш жүз долларға аналық ұрығын сатады. Мандайынан шертіп жүріп таңдап ал. Қазір талайлар сондай оңай жолмен ұрпақты болып жатыр. Былтыр жалғыз ұлы немере сүйдіріп үлгермей, қайтыс болып кеткен бір профессор шал тура сондай жолмен ұрпақты болды. Қазір құрсақ ана мен аналық ұрық деген су тегін... Еркекке ұрпақ керек.

– Қазаққа ше? – деп қалды бұл да.

– Қазаққа да ұрпақ керек. Біздей аз халыққа бұл бір таптырмас амал болып тұр. Құдайдың бергені.

– Құдайдың бергені ме, әлде құдайдың ұрғаны ма? Оны да уақыт көрсетеді.

– Уақытқа сілтеп керегі жоқ. Қазір прогнатиктер заманы. Дүние жаңалықтарынан қалыспай, алға тарта беру керек. Сонда ғана өркениет көшінен қалмаймыз, – деп ділмарсыды Байсары.

– Иә, – деген Бүкір, – көштен қалсақ – қазақ құриды. Дүниеде дамыған технологияның бәрін игеріп, пайдалануымыз керек. Ал құрсақ ана жолын, тем, более... Әлі құрсақ анасыз күн жоқ дейтін уақыт келеді. Еркек атаулының ұрықтарын алып, қазақты мидай араластыру қажет... Қазақ көбейсе, мемлекет те күшті болмай ма?! Жалпы, неке-меке, неке-теке деген далбасаның түкке қажеті жоқ. Адамдардың өз таңдауына жол беру керек. Кез келген сұлу қыздың, ақылды ананың, жігерлі еркектің, күшті жігіттің ұрығын қолбада сақтай отырып, құрсақ анада қайта түлету керек... Құрсақ аналарды мемлекет қамқорлыққа алып, олардың жатырына мемлекеттік страхования жасап, тіпті еңбекақы төлеген абзал. Міне, сонда демография мәселесі де оңай шешіледі. Ұрықты әкелерді де ұмытпау керек. Ұрығын олар да қымбатқа сату керек. Дүниедегі ең бағалы, ең қымбат – дені сау ұрық... Нағыз демократиялық қоғам деген осы» [1].

Негізгі бөлім. Үзіндіде айқын айтылған сияқты құрсақ ана (суррогатты ана) қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл әдіс бойынша ерлі-зайыптылардан алынған аталық ұрық пен аналық клетканы арнайы түтікшелерде сырттай ұрықтандырып, құрсақ ана (суррогат) қызметі арқылы бөтен әйелдің жатырына салады. Жалпы дінімізде бұндай жолмен бала табуға рұқсат берілмейді екен. Себебі ер кісі мен құрсақ ананың арасында неке жоқ, баланың ата-анасы болып табылатын ер мен әйелдің арасында шариғи тұрғыдан неке шарттары толық орындалуы тиіс. Оның үстіне әйел жатыры тағам түрлері, сусындар, киім, көлік, баспана т.б. секілді сауда-саттыққа, алыс-беріске жарамды затқа жатпайды ғой. Тексіздікке алып баратын мұндай ерсі істі дініміз еш уақытта құптамайды. Бала анасының жатырында жанданғанымен, кейін сәби мен ана бір-біріне жат, бөтен болып шығатыны анық. Бұл тіпті ана мен бала арасындағы табиғи қатынасты бұзады. Алайда бүгінгі таңда дініміз рұқсат етпеген нәрселерге бет бұруға тура келетін жағдайларға көптеп тап боламыз, демографияны қолға аламыз деп құрсақ ана қызметін атқаруға немесе пайдалануға барып жатқанымыз жалған емес. Жалпы Асқар Алтай әңгімелерінде ана құрсағына ерекше мән беріледі. Бұл шығармадағы оқиғаның дамуы.

«Тарихи туындылар тудыру үшін грек мифотарихынан бастап, әлем тарихына шолу жасап, орыс пен қазақ, қытай мен қалмақ тарихына дейін ақтаруға тырысқан. Соның арқасында қоғамға деген көзқарасы өзгеріп, әлемдік дүниетанымы кеңіді. Қазақ қоғамына деген қораш сезім пайда болып, оған көңілі толмастық ой басында белең алды». "Көркем әдебиет-қоғам өмірінің айнасы" [1] дегендей бұл үзіндіден өнер атаулының басқа

салаларымен тығыз қарым-қатынасын байқаймыз. Тарихи туынды тудыру үшін суретші тарихты егжей-тегжейлі меңгереді. Екінші ғылымды оқу барысында қоғамға, әлемге деген көзқарас пен дүниетанымы кеңіп, көңілі толмастық пайда болады. Бүгінгі қоғамның алған бағытын, осы кейіпкердің таным-түсінігі арқылы береді. Себебі қазіргі таңда адамдар өте ізденімпаз, жаңашылдыққа жаны құмар, өзінің жеке пікірі қалыптасқан, ешкімге бағынбайтын дербес тұлға болып жетілуде.

Негізі көркем әдебиетте әңгімешінің, яғни автордың оқиғаны өз атынан баяндауы 3-жақтан жүзеге асады. Көркем әдебиеттегі баяндау жазушының шеберлігіне, тілінің табиғилығы мен ойнақылығына байланысты ұтымды көркемдік әдіс болып қалыптасқан. Мысалы, «Қазір қазақ тарихы мен қазақ қоғамына көңілі қоңылтақсу сезімінен бе, үлкен тарихи полотноларды қалай сызсам, қалай халыққа жеткізсем деген ұшқыр ойлары маза бермейді. Оны ешкімнің ойына келместей етіп суреттесем деп, іштей ширыққан ізденіс үстінде іркіліп қалған» деген үзіндіден 3-жақтан баяндау кейіпкер ойымен астасып кететіндігін байқаймыз. Бұл бірігу шығарма бойында өте жиі кездеседі.

Төменде келтірілген диалогта қазіргі заманғы үлкен проблема көтеріледі:

«Жат деген жаман... Бұл күнде бәрі де бір-біріне жат... Бүкіл әлем мұхиттағы балықтай араласып жатқанда, қазақтың жаттығы не, тәйірі! Жат болса да жан иесі... Есесіне өзге ұлттарды, жат мемлекет пен халықтарды жатсынбайтын болады. Бізге керегі де сол емес пе?! Қазақ өзді-өзі жатбауыр болсын, бірақ жатқа құрақ ұшсын... деген ұран ұрып тұрған кезең. Ендеше, Сарыарқаның даласына жан-жақтан құйылып жатқан жаттарды жатырқамайтын жатжанды ұрпақ керек. Оны тек құрсақ ана жатыры ғана шеше алады» [1], яғни, автор жаттықтан сақтануды ана жатырынан бастауымыз қажет дегенге саяды. Құрсақ анадан туылған бала анасына жат... Қазақтар бір-біріне жат... Елімізде 100-ден аса өзге ұлт өкілдерін жатсынбай отырғанмызда қазақтың қазаққа жатбауырлығы жайлы сөз етіледі. Яғни, жаттықтан сақтанайық деген ұран тастайды автор. Аталмыш әңгімесінде де Асқар Алтай абзац пен абзац, бір оқиға мен келесі оқиғаны байланыстыратын қысқа сөйлемдерді ұтымды қолданады.

Бұл кейіпкерлер бүгінгінің кейіпкерлері. Десе де жағымсыз кейіпкерлер болып санамызда қалады: себебі өте жаман істерді жасап, кісілік қасиеттерді ескермей, адамгершілік талаптарынан тыс іс-әрекетке берілген жандар. Бұлардың қатарына Бүкірді, Байсарыны, Оксананы, студент қызды жатқызамыз өйткені олар зұлымдық, арамдық, күнәһарлық, нәпсіқұмарлық, имансыздық, азғындыққа бойларын алғызды. Осылар секілді бүгінгінің адамдары болашақта халқына қасірет алып келетін, намысын аяққа басатын, адамгершілік қасиеттен адасқан тұлға болып қалатынын автор айтқысы келеді.

Шығармада сонымен қатар әрдайым түзу жүріп, дұрыс сөйлеу мәдениеті сөз болады. Қытығып, қисық шыққан сөз айналып өзінді табатынын естен шығармауын керек екенін ескертеді. Әңгімеге Әмір Темірдің картинасы өзек болған. Бүкір салған суретті Байсары екеуінің талқылауын жазушы диалог арқылы береді. Диалогта Алтын Орданы билеген Тоқтамыс хан, Моғолстанды Әмір Темір, Еуропаның тең жартысын басқарған Баязит сұлтанның өмірдегі алған орындарын таныта отырып, Әмір Темірдің биік тұлға болмағандығын айтады, осылайша қысқа диалогта тарихи оқиғаны беруге тырысады.

«Хандық... мемлекет дейсің. Қайдағы мемлекет? Хандық құрып қаншалықты қарқ болдық. Біздің хандар хан емес – қанқұмарлар... Өзара қырқысты. Қырылды. Халықты үш жүзге бөлді... Ел де қырылып жойылды. Тоз-тоз болдық. Топырақ жаладық. Орысты паналадық. Соның арқасында аман қалдық. Бізде мемлекет болған жоқ...

– Оттапсың! Орыс отарлады. Іріткі салды. Қытай қидалады. Жонғардан арылған жерді жаулап алды. Сенің жаңағы айтқаныңның бәрі – Шойынбаев пен Масановтың сандырағы ғой... Санаңды сандалтып тастаған екен.

– Шойынның да, Масаньды да оқыған жоқпын. Орыс пен әлем тарихын аударатөңкере қарап шыққаннан кейін түйгенім... Ал олар маған дейін сондай ой түйген қазақ азаматтары болса, молодец! Олар да Қазақстан азаматтары... Өзгеше ойлауға иеет право. Тем, более, қазақтар!» деген сияқты өткенге, тарихқа жаңа көзқарастар келтіріледі. Дей тұрғанмен бүгінгінің кез-келген зиялы

интеллигенті секілді кейіпкерлер де өз ұлтын, мәдениетін, өнері мен әдебиет, тарихын жақсы біліп, оның кемшілігі мен артта қалғанына сын көзбен қарауы қажет.

«Бүкір» әңгімесінде қазіргі заманғы дін мәселелесі де сөз болады. «Қазір қаншама қазақ «Иса мәсіх нұры» деп шоқынып кеткен... Қаншамасы салафит, уахабит, тағы толып жатқан ит-бит дегенге еріп жүр ғой» дейді. Бүгінгі таңда жастардың көз алдында дін рухани идеалдарды таратушы мәдени дәстүрді сақтаушы ретінде жоғары дәрежеге ие болып отыр. Алайда дәстүрлі діндердің әлеуетін жастар дұрыс түсінбей әлек. Сондықтан дінаралық татулық пен мемлекеттілікті сақтап нығайту үшін жастар рухани құндылықтар жайлы білуі қажет. Діни сауаттылығы артса адамның қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптасып, кемелдену болады. Бірақ ақша десе, анасын, туған баласын сататын адамдарға дінін сату түк емес қой. Оқырманға қоғамның қисайған тұсын тікелей емес, жанама әрі көркем түрде жеткізе білу жазушының үлкен шеберлігі. Сол шеберлікті ішкі идеологиямен, авторлық позициямен ұштастыра білген Асқар Алтайдың бірден бір әңгімесі ол – «Бүкір». Асқар Алтайдың шығармашылығы жаңаша көркем құбылыстарға толы келеді. Осылайша екі достың тарих, қоғам, саясат, өмір жайлы пікірлерін өзара талас-талқысына сала отырып автор шығарманың шарықтау шегін (кульминация) береді.

– Арманың қандай кәззап... (бұзық, жауыз) – Байсары булығып қалды. – Ай, Бүкір, Бүкір! Сендей сұмнан сақтасын!

– Біздің қоғам – қисық айнада сәулеленген сынық қоғам...

– Қоғамды қисық-қыңыр қылып жүрген сен секілді бүкірлер.

– Мейлі, – деді Бүкір, – бүкір қоғам-ақ болсын. Оны түзеу үшін айнаны сындыру керек.

Қоғамның ақиқат сиқын көресің. Сонда жаныңнан шошырсың. Қазақ қоғамы мен қазақ өмірінің жасырылған қан-жоса жамалы жалған дүниеден түнілтер... Сонда көрер едім, Байсары, сенің сорлы кейіп-кеспірінді! Нағыз бүкірлікті таныр едің [1].

«Бүкірдің» сюжетінде кейіпкердің болмысы, алуан түрлі оқиғалар арқылы, қарама – қайшылық пен қоғамдық тартыс арқылы ашылады. Асқар Алтайдың әңгімесінің композициясын үлкен құрылысқа теңесек, оның іргетасы, қабырғасы, есік-терезесі, шатыры болатыны сияқты шығармасындағы сюжет өз міндетіне толық жетті деп айта аламыз. Іштей тиянақталған, суреттелген тартыстардың даму сипаттары, себеп-салдарлары толық ашылып көрсетілген. Сонымен қатар оқырманды өзіне баурап алып, суреттелген оқиға дамуындағы әрбір детальдың мәніне ойлана үнілдіреді.

Қорытынды. Жазушы оқырманды бірден баурап әкететін аса өткір жағдайларды таңдаған да шығар, десе де оқырман назарын біріншіден кейіпкердің тосын әрекеттеріне аударатындықтан, кейіпкер әрекеттерінің негізгі себептерінің мәні туралы ойландырады.

Аманболдың бойындағыдай дене кемістігінің қай түрі болса да, мейлі ол соқыр, не саңырау, не бүкір болса да оның өмірге деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, айналасындағы адамдармен де қарым-қатынас жасауы қиындайды. Дегенмен, Бүкірдің ішкі жан-дүниесінің мықты екенін, рухының биік екенін көре аламыз, себебі ол дене кемістігін ауру санамай, өзін әлеуметтік өмірде ауытқыпай бекем ұстады. Дей тұрғанмен ішкі жан дүниесінде өгейлік... бүкірлік... тоқалдан туғандай шетқақпай көргендігін де автор анық келтіреді. Ал келтірілген үзіндіден біз дене кемістігінің қоғамда белең алатын қисық-қыңырлықтан, жалған дүниелерден әлдеқайда мәнсіз, қоғамның саулығы одан да маңызды екенін байқаймыз. Қоғамды тәрбиелеуді бала жастан бастау қажеттігін, қазақ қалыбын сақтап қалу керектігін, ұлы халықтардың ұлы идеяларын сіңіріп, кішкентай ғана қазақтың емес, көп халықтың – ұлы халықтың ұлы етіп тәрбиелеу керек деген идеяны ортаға тастайды. «Сыртың бүкір болса – болсын, ішің бүкір болмасын» деген шешім адамның рухани әрекет етуге қабілетті, жаны жоғары құндылықтарға толы тұлға болып қалыптасуына үндеу деп қабылдаймыз.

Аты мен тегі болмысына сай асқар биік шыңды өз жолымен бағындырған Асқардың, Алтай тауларында жүріп қазақ әдебиеті үшін сіңірген еңбектерін оқу және оны дәріптеу бүгінгі әдебиетшілердің парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://abai.kz/post/41464>

2. <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=109&t=19873>

3. <https://zhazar.kz/4481-2/>

С.ҚОНДЫБАЙ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ МИФОЛОГИЯ

Әшімханов Т.Қ.

ҚХР Орталық ұлттар университеті қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің PhD докторанты

Бейжің, ҚХР

e-mail:1263205886@qq.com

Мақалада Мәкс Мюллердің салыстырмалы мифология теориясын мысал ете отырып, С.Қондыбаевтің қазақ мифологиясын зерттеуде осы қазиданы қолданғандығы айтылады. Сондай-ақ, қазіргі тарихи антропология ғылымдарының маманы Америкалық ғалым Айыс Хариктің «Ай мифологиясы» атты еңбегінде сөз этимологиясын қарастырудағы тәсілдері мен С.Қондыбаевтің мифтық танымдарды, сөздерді түсіндірудегі ұқсас жақтары салыстырылады.

Кілт сөздер: *Мәкс Мюллердің салыстырмалы мифология теориясы, С.Қондыбаев және салыстырмалы мифология.*

In this paper, Author mentions that Serkbol Hondybayev takes F.M Moller`s comparative mythology theory for example in studying Kazakh mythology .The author compares serkbol`s method with American theorist Haric`s work called «Moon Myth» and analyzes both of their same idea that they had taken.

Key words: *The Principles of Comparative Mythology of Minks Muller, S. Kondybaiev and comparative mythology.*

В этой статье автор упоминает, что Серкбол Хондыбаев рассматривает теорию сравнительной мифологии Ф. М. Моллера, например, в изучении казахской мифологии. Автор сравнивает метод серкбола с работой американского теоретика Харика «Миф Луны» и анализирует обе их идеи что они взяли.

Ключевые слова: *Принципы сравнительной мифологии Минска Мюллера, С. Кондыбаева и сравнительная мифология.*

Қазақ әдебиетінде осыған дейін фольклордың бір тармағы ретінде қаралып келген қазақ мифологиясын Еуропалық ғылымның бағыттары бойынша зерттеудің жана арналарына бұрған ғалым С. Қондыбай болды. Ол қазақтың ілкі таным дүниесіндегі мүлде өшуге айналған мифтік ұғымдарды көне түркі, үнді, грек, орыс, қытай деректерімен салыстыра отырып, қайта жаңғыртты, жетілдірді. Ғасырлар шайып кеткен ескі іздерді қайта суыртпақтай отырып, адам ойына оралмайтын танғажайып мифтік дүниелерді ұсынды. Халықтың ескі дәстүрі мен тілінде сақталған танымдық дүниелерді дәп басып танып, аршып, зерлеп, бағалы дүниеге айналдыруда әр халықтың мифтік ұғымдарын салыстыра талдады, қазақ танымына жақын келер тұстарын көрсетті, тың пікірлер айтты. Сөйтіп, салыстырмалы мифология заңдылықтарын қазақ мифологиясында қолданудың үлгісін жасады.

Даниялық лингвист ғалым Рәсік (Rask, 1787-1832) Солтүстік Еуропадағы көптеген тілдерді салыстыра зерттеп, тарихи-салыстырмалы тіл білімінің негізін қалады. Бұл теорияны кейін ағылшын ғалымы Макс Мюллер (Friedrich Max Muller, 1823-1900) мифологияға қолданып, «Салыстырмалы мифология» (1856) атты еңбегін жазды. Макс Мюллер бұл еңбегінде салыстырмалы мифологияға қатысты бірқатар қызықты мазмұндарды ортаға қойды. Мәселен, Күн мифологиясы теориясында: «Барлық киелілер мен тәңірлер Күннен тарайды» [1], – дей келіп, «әлемнің тегі нұрдан келген» деген идеяны ұсынды.

С. Қондыбай «Мифологияға кіріспе» және «Арғы қазақ мифологиясы» атты іргелі еңбектерінде Күн мифологиясына қатысты ұғымдарды тереңірек талдайды. Қазақтың арғы тегі саналатын «Алаш» этнонимін аңыз деректері бойынша баяндай келіп: «Алаш – тарихи адам есімі емес, өте ежелгі мифтік образ» [2], – деп оны күнтектегі образдар жүйесіне жатқызады. С.Қондыбай «Алаш», «Алаша» ұғымын талдаумен қатар қазақтың дәстүрінде, тілінде, арғы

танымында сақталған образдық жүйелерді қайта тірілтті. С.Қондыбай қаламымен шыт жаңа бейне, түр тауып, жарқын, жарасымды леппен гүлзат құлпырыс тапты.

С. Қондыбай қай атауды, ұғымды сөз етсе де, оны халықтық таным жүйесі бойынша кешенді талдай отырып, бір ұғымнан келесі ұғымның астарын тауып, аңдатып, айқындап отырады. «Алаштың алалығы» деген сөзге тоқталғанда: «Алалық – Құн белгісі. Қазақ танымында мұндай күнтекті белгі ретінде мына сөздер қолданылады: қалша, қал, пес, алапес, шұбар, күрең, т. б.» [2], – деп тілдік төркіндердің астарынан мифтік танымды тауып, ұластырып әкетеді.

«Алаш», «үйсін» аңыздарында аяқ-қолы шабылып, суға (немесе лай батпаққа) тасталған бала мифтік деңгей бойынша, алғашқы ғаламдық сумен байланыстырылады. Әлем – алғашында суда қалқып жүрген алтын жұмыртқадан шыққаны көп халықтың аңыздарында айтылады. С.Қондыбай мұны қазақтың таным бойынша түсіндіреді: «Қазақта туғанына әлі қырық күн бола қоймаған нәрестені «тумақ» дейді, яғни «бала әлі туған жоқ, әлі о дүниелік» деп түсінілген. Міне, Құн де аталған аңыздардың суға тасталу сюжетінде әлі тумаған құн болып табылады» [2], – деп, ескі аңыздың астарын арши отырып, қазақтың дәстүрлі ұғымдарын, сөздердің жасалу, тұрлену сипаттарын мифтік салыстырулар арқылы көрсетеді.

С.Қондыбай адам өміріне, күллі тындыларға (жан иелеріне) тән құбылыстарды дерлік Құн мифологиясымен, яғни ғарышпен (космоспен) байланыстырады. Адамның ана жатырында ұрықтан (эмбрионнан) жарық әлемге, одан келесі бақи әлемге көшуіне дейінгі тұтас жолын ұлттың ілкітаным жүйесі бойынша мифтік салыстыру арқылы ашады. Ғарыш немесе аспан шырақтары (Құн, Ай, жұлдыз) мифологиясы жайында дүние ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Түрлі көзқарас, ұстанымдар болды. Мысалы, қазіргі тарихи антропология ғылымының маманы Айыс Харик «Ай мифологиясы» [3] атты кітабында салыстырмалы мифология мен психологияның қағидаларын ұштастыра отырып, адам өміріне байланысты түрлі шаруашылық пен салт-саналық, танымдық құбылыстарды символдық салыстырулар арқылы баяндайды. Мысалы, өмірдің барлық құбылысын символдық бейнемен Ай бетіне көшіреді. Ай бетіндегі Перизат, қасиетті ағаш, кеме, арба, т. б. Бәрі-бәрі – тіршілік, таным әрекеттерінің символдық бейнеде көрініс табуы. Айыс Харик күллі тіршілікті аспан шырақтарымен, ғарышпен байланыстырады. Ал С.Қондыбай «бүкіл дүние нүктеден тарайды» деген мифтік танымды ұсынады. С.Қондыбай: «Нүкте – Құдыреттің белгісі, шенбер – ғаламның символы», – дей келіп, өзіндік мифтік таным ұсынады. Мифтік таным бойынша, ғаламды судан, нұрдан, нүктеден, тағы басқа құбылыстардан таратып, символдай беруге болады. Өйткені С.Қондыбайдың сөзімен айтқанда: «Шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да көріп, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым жолы – символ арқылы кескіндеу. «Мифология» дегеніміз де – символдар жүйесі» [4].

Бұл арада біздің айтпақшымыз: Айыс Хариктің «Ай мифологиясын» символдық, психологиялық құбылыстармен байланыстырып түсіндіруі мен С. Қондыбайдың ғаламды символдық құбылыс арқылы бейнелеген тәсілдері өзара үндес. С.Қондыбай бұл ғалымдардың еңбектерімен, салыстырмалы мифология теориясымен таныс болмауы да мүмкін. Алайда құбылысты танып, түсіндірудегі методологиялық (әдіснамалық) әдістері тең өреде екенін аңғарамыз. Оның салыстырмалы мифология теориясын қолдануы, әсіресе мифологияны лингвистикалық жақтармен байланыстыра талдауынан тіпті де анық көрінеді. Мысалы, Макс Мюллер бір сөздің көп халықтың тілінде түбірлері ұқсас екенін негізге ала отырып, өзара салыстырады, этимологиясын анықтап, мифтік таным жүйелерін ашуға тырысады. Мәселен, «Ar» сөзін былайша сипаттайды:

	<i>латын</i>	<i>грек</i>	<i>көне неміс</i>	<i>литван</i>	<i>көне орыс</i>
Ar	arare	aroun	aran	arti	orati

Макс Мюллер сөздердің жасалу тұлғасын салыстыра отырып, тілдік құбылыстардың өте арыдан келетін біртектілік жағын қарастыруға ұмтылыс жасайды.

С.Қондыбай «ар» сөзін Макс Мюллер сияқты сөздің түпкі жасалу мәніне сүйене отырып, одан туындайтын ұқсас мәндерді іздейді. «Ар» сөзінің арғы мәнін індете қуып, оны прототүркілік сөз ретінде сипаттайды. Зерттеушінің өз сөзімен айтқанда: «Ар – жалпы дүние-ғаламның, тіршіліктің жоғарғы, жалпы мәні. Ар – арғы дүние, ар дүние, о дүние. О дүние «Ар» болса, О дүниенің адамы «Арық» болған» [2,175].

С.Қондыбай «ар» сөзінің түпкі мәнін арғы әлеммен, өлілер дүниесімен немесе ғарышпен байланыстырады. «Ар» сөзінің мұнан басқа көп мағынасы бар. Мәселен, «Ар» – тірі пенденің қымбатты қасиеті. Ал «Ар» сөзінен туындаған «арық» сөзін С.Қондыбай: «Еті арылған қу сүйек болған пенде. Ет – бұл дүниенікі болса, сүйек – о дүниенікі. «Арық» сөзінің ежелгі мифтік мағынасы да осы «о дүниедегі тіршілікке» байланысты туындаған» [2,175], – дейді. Мұнда С.Қондыбай «арық» сөзінің мәнін символдық тәсіл бойынша мифтендіріп отыр. Нағында, «арық» сөзінің мағынасы бұдан өзгереді болуы керек. Қазақта «Арық Мерген» деген ертегі бар. Ол «әділ, көпшіл» деген мағына береді. Бұл жерде айтарымыз: С.Қондыбайдың сөз мағынасын дәп басуы не жаңылыс түсіндіруі емес, әрбір деталь, құбылысты зерттеудегі ерекшелігі, мәселені халық танымымен байланыстыра отырып талдағаны, салыстырмалы мифология әдістерін еркін менгеріп қолданғаны.

Салыстырмалы мифологиядағы заңдылықтар арқылы С.Қондыбай көзқарастары әлемдік ғалымдардың ойларымен бір биікте көрініс тапқанын байқаймыз. Зерттеушінің рухани мұрасы арқылы қай ғасырда туса да, қай елде болса да, тілі мен нәсіліне қарамастан, ұлы ой иелерінің көзқарасы әрдайым өзара үндесім тауып, ұласып жататынын көреміз.

Қорытып айтқанда, С. Қондыбай – қазақ мифологиясына салыстырмалы мифология әдістерін енгізіп, кешенді зерттеу жүргізген ғалым. Ол қазақ мифтануының жаңа бағыттарын көрсетіп, ғылымның келешектегі дамуына да өлшеусіз үлес қосты. Жоғалғанынды тауып, өшкенінді тірілткен, ұлы ерлік жасап, ұлағатты жол салған мұбақрақ тұлға С.Қондыбай әлемі қазақ мифологиясына ғана емес, тұтас қазақ өнеріне алда әлі жарық сәулесін төге беретіні даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 麦克斯·繆勒. 金泽译, 比较神话学, 上海文艺出版社, 1989年. 153页.
2. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. - 86-175-б.
3. 艾瑟·哈婷. 蒙子, 龙天译, 月亮神话, 上海文艺出版社, 1992年. 266页.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. - 1-кітап. – Алматы: Арыс, 2008. - 34-43-б.

ӘОЖ 811.512.122.373

САРҚАН ӨҢІРІНЕ ҚАРАСТЫ ЕЛДІМЕКЕН АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ МЕН ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Сарбасова Қ.Б., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,

E-mail: bazarbekovna54@mail.ru

Мақалада Алматы облысы Сарқан ауданына қарасты елдімекен атауларының берілу себептері, ол атаулардың беретін мағыналары мен этимологиясы сипатталады. Атаулар лексика – семантикалық топтарға жіктеліп, морфологиялық құрылымы анықталған. Отаршылдық, тоталитарлық жолмен ауыстырылған халықтық тарихи атаулардың сипаттамасы беріледі. Ауданға қарасты елдімекен атауларының тәуелсіздік жылдарындағы өзгертілуі жайлы мәліметтер келтіріледі.

Кілт сөздер: елдімекен атаулары, этимология, лексика – семантикалық топтар, морфологиялық құрылым, отаршылдық, тоталитарлық жол, тәуелсіздік жылдары.

В статье рассматриваются названия населенных пунктов, относящихся к Сарканскому району Алматинской области, их значение и этимология. Названия классифицированы по лексико-семантическим группам, определена морфологическая структура. Дается характеристика исторических названий, переименованных колониальным, тоталитарным путем. Приведены сведения о переименованных названий населенных пунктов региона в годы независимости.

Ключевые слова: названия населенных пунктов, этимология, лексика – семантические группы, морфологический состав.

The article deals with the names of the settlements belonging to the Sarkan region of the Almaty region, their significance and etymology. The names are classified by lexico-semantic groups, the morphological structure is defined. The characteristic of the historical names renamed by the colonial, totalitarian way is given. Information on the renamed names of the settlements of the region during the years of independence is given.

Key words: lexico-semantic groups, morphological structure, colonial, totalitarian way, names, significance, etymology.

Кіріспе. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасы аясында атқарылатын міндеттерді саралай келе, «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай- талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің суықта пана, ыстықта сая болған есімдері, ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деген еді [1]. Сарқан өңірі туралы, оның атау- жалқы есімдері зерттеу нысаны болмай отыр. Өңірдегі кейбір атаулар туралы Е. Қойшыбаевтың «Основные типы топонимов Семиречья» атты кандидаттық диссертациясынан, Б.Нұржекеевтің «Өзендер өрнектеген өлке» атты кітабынан, Е.Қойшыбаевтың «Қазақстан жер-су аттарының сөздігін», Жомарт Игіманның «Саялы төрім – Сарқаным» атты тарихи-деректі ғұмырнамалық кітабын, Т.Жанұзактың «Қазақстан географиялық атаулары Алматы облысы» еңбектерін тілге тиек ете аламыз. Ж. Игіманның еңбегінде біз сөз етіп отырған топонимдері жайлы құнды деректер бар. Өлкеміздің табиғаты тамаша, ауа-райы қолайлы, бет-бедері атау сөздерге толы, олардың көбінің әлі күнге сыры ашылмай жатыр. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан сырға толы сол атаулардың зерттелуі халық игілігі үшін, жас ұрпақ үшін аса қажет.

Материалдар және жұмыс әдісі. Қазақ – өзінің өсіп-өнген жеріне, тауы мен тасына, өзен-көліне, сай-саласы мен ой-қырына лайықты ат қойып, айдар таққан халық. Қазақы атаулардың әрқайсысы халық өмірінің бар саласынан, атап айтқанда, дүниетанымын, тілі мен ділін, мәдени ерекшеліктерін, әдет-ғұрып, салтынан ақпарат бере алады. Қазақ даласы атауға бай. Қандай да болмасын зат атауы оны танытса, жер-су, тау-тас, ой-қыр, сай-сала, бау-бұлаққа берілген атау халықты танып-білуге мүмкіндік береді. Осы орайда қазақ халқы атау беруде қандай қағида ұстанған деген заңды сұрақ туындайды. Қазақ ономастикасының лексикалық құрамына зер салсақ, оған жауап тапқандай боламыз.

Біріншіден, жер-су атауларын беруде сол жердің жер бедері, жан-жануар және өсімдіктер дүниесі, климаты ескерілген;

Екіншіден, тарихи оқиғаларды, тарихи адамдарды, қазақ өміріндегі көрнекті тұлғаларды есте қалдыру, естелік-мұра ету көзделген;

Үшіншіден, жер, атақоныс атадан балаға мирас болып қалып отырған заманда қоныстың (жайлау, қыстау) кімнің иелігі екендігін көрсету мақсат етілген;

Төртіншіден, объектіні тапқан (мәселен, бұлақ, су көзін тапқан адам), объектіні сызғызған, салған (мешіт, медресе, мектеп) адамдар есімін мәңгілік есте қалдыру ниеті сақталған. Ал қазіргі таңда жаппай адам есімімен атау (әкесі, анасы, ұл, қыздарының есімін), сонымен қатар, ру атымен атау да дәстүрге айналып бара жатқандай... Поэтикалық атаулар мүлде ұмыт болып барады. Оның есесіне саясаттандырылған Тәуелсіздік, Бостандық, Ерікті.б. атаулар етек алууда.

«Қай жер, қай ел болмасын, оның қойнауындағы елді мекен, жер атауларындағы әр қилы өзгерістердің бәрі де уақыт өте келе, тікелей саяси-әлеуметтік жағдайларға орай қозғалысқа түсетіні себепті де, олар ғылыми әдебиеттерде: 1) халықтық, 2) отаршылдық, 3) тоталитарлық топонимдерге жіктеліп, ғылыми терминдер ретінде нақтылы ұғымдар қалыптасу үстінде. Әрине, мұның өзі кездейсоқ құбылыстар емес, тарихтың даму жолында объективті шындықтың негізінен туындап отырған саяси-әлеуметтік көріністердің өзі екендігі анық байқалады [2]. Сарқан өңіріндегі жер-су аттары (топонимдер) республикамыздағы басқа атаулар сияқты қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп, жаңарып отырғаны белгілі. Жергілікті халық өздері мекендеген жердің бет-бедерін, суының ашы-тұшылығына, көлемі мен ағысына, т.б белгілеріне қарай ат қойып, айдар тағып отырған. Ешбір елде, ешбір халықта жер-су, елдімекен т.б атаулар кездейсоқ қойылмаған, қойылмайды да. Оның себептері бар. Осыған байланысты осы өңірдегі атауларды: Халықтық топонимдер, Отаршылдық тапонимдер, Тотолитарлық топонимдер деп топтастыруға болады.

Халықтық топонимдер – аты айтып тұрғандай, осы жерді жайлап келе жатқан халық авторлығымен қойылып, қалыптасқан атаулар: Қарауылт-бе, Аманбөктер.

Олар жылдар, ғасыр өткен сайын тұрақталып, халықтың тарихын жадын қорландырар елеулі рухани байлығына айналған дүниелер, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған атаулар.

Отаршылдық тапонимдер – халықтық атауларды жою мақсатында өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлықтың көрінісі: Петропавловка, Антоновка (Қойлық), Веселое (Шатырбай), Новопокровка.

Тотолитарлық топонимдер – топонимикалық саясаттың бағыты-бағдарын ел билеудегі әкімшілік-бұйрық жүйесінің жемісі. Жалпы, еліміздегі тоталитарлық топонимдер 1930-1985 жылдары белең алғаны белгілі. Мысалы, Ленинка, Пограничник, Соколовка, Тополевка, Жданов (Еркін), т.б.

Байқағанымыздай, Сарқан өңірінде халықтық топонимдермен қатар, отаршылдық, тоталитарлық топонимдер ізі сайрап жатыр. Тәуелсіздік жылдары жоғарыда аталған атаулардың біразына халықтық атаулары қайтарылды. Мәселен, Ленинка-Аққайың, Жданов-Еркін, Киров-Тасқұдық, т.б. Енді біразы әлі де өзгертілмей отырған көрінеді: Петропавловка т.б.

«Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейді халық. Ол өзінің ата-тегіне байланысты ғана айтылмаса керек-ті. Өз тегімен, отбасымен қатар, өскен ортасын, қоршаған табиғатын, жер-су атауларының шығу тарихын білген жөн деп есептеген бабаларымыз. Тарихи атауларды, яғни халықтық атауларды білу соншалықты маңызды ма, оның қажеті қанша? Иә, маңызды дер едік. Біріншіден, сөздерден халықтың болмысы мен мінез-құлқын, тірлік-әрекетінің сипатын, әдет-ғұрып, салт-санасын тануға мүмкіндігіміз бар. Екіншіден, тарихи атауларды жинау арқылы халқымыздың ат қою, атау беру дәстүрінен хабардар боламыз. Үшіншіден, жер-су аттарының этимологиясы, шығу арналарын анықтау арқылы ана тіліміздің сөз байлығына бойлаймыз. Төртіншіден, мәдени ескерткіш ретінде құнды болмақ. Сондықтан да біз өз жерімізде, тарихи отанымызда, жастарымызға жер де, су да қазақтың мол қазынасы екендігін түсіндіруіміз керек. Қазақ қазақ болғалы берілген атаулар екендігін жастардың санасына сіңіру керек. Жер-суға берілген атаулар бетәлбетті өзгере бермейтіндігін олар біліп өсуі қажет.

Нәтиже және оны талқылау. Енді Сарқан ауданына қарасты географиялық атаулар жайлы не білеміз соған тоқталайық. Сол атауларды (ЛСТ) лексика-семантикалық топтарға былай жіктеуге болады екен.

1) Өсімдік атауларына қойылған топонимдер: Алмалы, Аққайың (Ленинка), Тополевка, Сарықұрақ, Көкжиде, Көктерек, Көкшалғын, Көктал.

2) Адам, ру атауларына байланысты топонимдер: Абай, Бақалы, Шатырбай, Аманбөктер, Петропавловка, М.Төлебаев, Баянбай, К.Қазыбаев.

3) Түске байланысты топонимдер: Көкөзек, Ақбалық, Шұбартүбек.

4) Сан есімдердің қатысы арқылы жасалған топонимдер: Екіаша, Үштөбе.

5) Саяси мәнді сөздердің қатысуы арқылы жасалған топонимдер: Бірлік, Үлгі, Еркін.

6) Түрлі аппелятивтер арқылы жасалған топонимдер: Қарауылтөбе, Қаратөбе, Керегетас, Қаратас; Лепсі (су), Сарыбұлақ.

Географиялық атаулар – тіл бірліктері. Олар да қазақ тілінің заңдылықтарына байланысты жасалады. Сарқан өңірі топонимдерінің құрылымдық сипатына назар аударсақ, олар дара тұлғалы, біріккен тұлғалы, күрделі тұлғалы болып келеді екен. Дара тұлғалы атаулар: Қойлық, Абай, Қорған, Еркін, Бірлік, Үлгі, Бақалы.

Ең мол кездесетін топонимдер – 2,3 сөзден бірігіп жаслағандар: Баянбай, Аманбөктер, Қарауылтөбе, Көкөзек, Көктерек, Шатырбай, Көкжиде, Аққайың, т.б. Сирек болса да сөздердің тіркесуі арқылы жасалған топонимдер кездеседі: Сарқан асуы, Сарқан тауы.

Сарқан өңірі топонимикасының морфологиялық құрылымы

Зат есімдерден, оның ішінде антропонимдерден жасалған атаулар жиі кездеседі: Абай, Кәкімжан, Шатырбай, Баянбай.

Сын есім+зат есім тұлғалас: Ақ+қайың, Көк+өзек, Көк+терек т.б

Сан есім+зат есім: Екі+аша. Екі сан есімі жалпы топонимдер жасауда жиі қолданылмайды екен, ал оған синоним «қос» сөзі жиі қолданылады, бірақ біздің өңірде кездеспейді. Етістік те топонимдер жасауға қатысқанмен, Сарқан өңірінен ондай топонимдер кездестірмедік.

Ауданға қарасты тарихи елді мекен атауларының бірі – Сарқан. Сарқан қаласы – Сарқан ауданының орталығы. Сарқан өзенінің аңғарындағы құрғақ дала белдемінде орналасқан. Бастапқыда, 1928 жылы, Сарқан ауданының орталығы Лепсинск болды. Қоныс Лепсі өзенінің жағасында тұрғандықтан, осылай аталады. 1858 жылы Қапал және Лепсі уезінен 22 отбасы Сарқан өзенінің екі қапталын жағалай келіп қоныстанады, елді мекен өзен атымен Сарқан аталады. Аудан орталығы 1935 жылы Сарқантқа көшіріледі [3]. Бұл мәліметтер «Сарқан» атауының тарихи атау екендігіне дәлел. Сарқант, Сарканд – кейінгі кезеңнің «қателігі». Оның «Сарқант» болуы шекара төңірегіндегі орыс-қазақ әскерлері келгеннен кейін, ауыл – станица болып, **Сарқан** – Саркандқа айналған. Сарқан атауымен қатар жүретін Басқан, ол да өзен атауы. Халықтық топонимикаға сүйенсек, осы екі атау антропонимдер ретінде танылады: бірде олар – ел билеген хандар, бірде ағайынды ел қорғаны – батырлар болып келеді. Яғни халық жер-су атауын адам есімдерімен байланыстырады. Жер-су атауларының тарихы, этимологиясы жайлы жазылған ғылыми еңбектерді зерделесек, яғни ғылыми топонимика тұрғысынан ғалым А.Әбдірахмановтың пікірінше, «қан» сөзі Сібір халықтары тілінде «өзен» деген мағына береді дейді [4], ал Е. Қойшыбаев «Қазақстанның жер-су атаулары» сөздігінде «Басқан- тау шатқалының, өзенінің, таудың аты. «Қан» тұлғасы тұңғыс-манчжур тілдерінде әлі де «шатқал, сала» мағынасында жұмсалатын термин» деген анықтама берген. [5] «Сары» (сар) сөзінің поэтикалық мағынасы – а) ұшы қиыры жоқ, шетсіз -шексіз, кең дала, мидай жазық; ә) сусыз, елсіз, қанырап бос жатқан. Саралай келе, Сарқан атауын ғылыми этимология тұрғысынан «ұшы қиыры жоқ, шетсіз шексіз, шатқал, сала» деген мағынадағы сөз деп, ал Басқан бас өзен, бас шатқал деп білеміз.

Патша өкіметі Жетісу өлкесіндегі жақсы жерлерге орыс-қазақтарды (қарашекпенділерді) әдейілеп орналастырғаны белгілі. Ішкі Ресейден жайлы қоныс іздеп (крепостнойлық право жайылғаннан кейін) орыс шаруалары өз беттерімен қоныс тауып, орналасқан заман болған.

Қоныс тепкен жерлеріне өздерінше атау беріп, ежелгі халықтық атауларды бұрмалап, түбінде Қарашоқы – Карачок, Балықтымыз – Балакта, Сарқанымыз – Сарканд, т.б. болып шыға келді. Оның айғағы ретінде Сарқан өңіріндегі басқа да топонимдерді тілге тиек етуге болады.

Шатырбай жайлауы – Шатырбай тауында. Ел аузында Шатырбай туралы аңыздар да баршылық көрінеді. Біреулер ол малы маңыраған бай екен дегенді айтса, ендігі бір аңызда жылқышы, батыр жігіт екен дегенді айтады.

Ықылым заманда Шатырбай деген жігіт байдың Мәулім деген қызына ғашық болады. Қыз да оны құлай сүйген. Олар уәделесіп, уәделі сағатта түн жамылып, ата-ананың қарсылығына лағнет айтып, қашады. Арттарынан көп кешікпей қуғын түсіп, бай ауылы отырған жазықтан тау шатқалына жете алмай, өмірлері қыршын кетеді. Бұл оқиға мөлдір махаббатың жалауындай тұтқан халық тауға Шатырбай есімін, бай отырған жазыққа Мәулім есімін берген көрінеді. Ел аузындағы аңыз негізінде 1990 жылдары ақын Жамау Бұқарбай «Шатырбай-Мәулім» атты аңыз-дастан жазған еді.

Қазір тарихи атауы қайтарылған Қойлық, бұрынғы Антоновкадан ары тауға қарай өрлесеніз – Теректі өзенінің аңғарынан тағы бір ауыл «мен мұндалайды». Бұрынғы «Путь Ильича» колхозының орталығы – Веселое селосы. Оның бұлай аталуы туралы күлкілі әңгіме айтылады. Веселое селосына жақын жердегі Ойжайлау өңірінде Октябрь революциясына дейін Пугасов дегеннің спирт заводы тұрыпты. Содан Антоновка, Сарқантка арақ алып, Теректі өзенінің бойындағы селода ат шалдырып, арақ ішіп, көңіл көтерген екен. Бірте-бірте бұл жер көңіл көтеретін орын (место веселья) ретінде мәлім бола бастаған. Сөйтіп, көп өтпей мұнда қоныстанушылар, қарашекпенділер келіп, орныға береді де, олардың бәрі орыстар болғандықтан, ауыл Веселое деген ат алады [6].

Сарқан өңіріндегі өзгертілмей отырған жер атауының бірі- **Петропавловка**. «Отарланған жаңа жерлерге ә дегеннен-ақ Романовтар династиясындағы патшалар мен ұлы кінәздардың, отарлау ісіне тікелей араласқан әскери қолбасшылардың, генерал-губернаторлардың, патшашыл қайраткерлердің есімдерін қою тәсілі басым жатты» [2]. Бұл өңір садыр руынан шыққан Арап батырдың жайлауы екен. Елді мекен елі мен жерінің қорғаны болған батыр есімімен аталса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қарабөгет - ауыл. Қара түсінің табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты көптеген мағыналары барлығын зерттеушілер жазып жүр. Ғалым Б.Қосым ауыспалы, шартты, символикалық мағыналарын атап көрсеткен. «Қара» сөзінің символикалық мағыналарының бірі - үлкен, зор. Мысалы: Қара Ертіс -үлкен Ертіс , Қаратау-үлкен тау. Сонда Қарабөгет сөзіндегі «қара»- үлкен мағынасында, ал «бөгет» тосқауыл мәнінде деп білген жөн.

Қойлық – бұл атау зерттеу еңбектерінде Қаялық деп аталады. X-XII ғасырдан белгілі болған қала. Қаялық атауының бірінші сыңарындағы сөз өзбек, якут, балкар тілінде «күз, жартас» деген мағынаны береді екен. «Қая, хая, кия» сөздері түркітөктес тілдерде, атап айтқанда, Қырғыз, Якут, Дағыстан, Тува, Алтай, Әзірбайжандарда «күз, жартас» деген мағынада жер-су атауларында кездесіп отырады. Сонымен, Қаялық атауының топонимдік мағынасы «күз, жартасты», «тасты» дегенді білдіреді. **Қойлық**- Антоновка ауылының жаңа атауы. Антоновка ауылының Антоновка аталуын алма сұрпымен байланыстыратын, ақ пен қызыл соғысымен байланыстыратын ел аузында әңгімелер бар.

Алмалы-ауыл. Ресейден қоныс аударған шаруалар қоныстанған жердің бірі- Алмалы. Бұрынғы атауы-Покровка. Елді мекен қазіргі орнынан төменіректе Қаракөз аулына таяу жерде болған. Оны бай шаруа Попов иемденген. Қазан төңкерісінен кейін, 1921 жылы Сарқан өңіріндегі алғашқы ауыл шаруашылық коммуна ашылып, «Энергия» аталады. Кейінірек Қаракөз аулы мен «Энергия» колхозы қосылып, Новопокровка атауы берілген. 1988 жылдан бері-Алмалы. Жері құнарлы. Жеміс-жидек жақсы өседі. Сондықтан Алмалы аталған.

Қарауылтөбе -ауыл. Топонимдік мағынасы-жан жағы түгел көрінетін биік жер. Ел аузындағы аңыз бойынша: Жоңғар шапқыншылығы тұсында осы төбе басында күзетші жауынгерлер қарауыл қарап, жау жақтан хабар алып, белгі береді-мыс. «Қарауыл және төбе» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі, тарихи атау. Оның етегіндегі ауыл да осылай аталады.

Бақалы-ауыл. Көкшірім өзенінің бойында орналасқан. Қазақ халқын құраған атакты найман тайпасының белді руының бірі Бақалы атымен аталған мекен, жер аты.

Екіаша-ауыл. Марқа тауының баурайы, Басқан аңғарында орналасқан. 1913 жылға дейінгі тарихи атауы-Мыңбұлақ. Бұлақ көздерінің молдығына қатысты қойылған. Екі санды, мөлшерді білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы «аша» сөзі айрық, бөлек мәнінде қолданылып, « екіге тармақталған не бөлінген, екі жаққа таралған, екісай боп кеткен» деген мәнге ие.

Аманбөктер-ауыл. Деректерге сүйенсек, іргетасы 1932 жылы қаланған. «Аман» сөзінің тура мағынасы - есен-сау; шығынсыз; бүлінбеген, бұзылмаған; жоғалмаған» [7]. «Бөктер» -таудың жоғары баурайы. Егер тілдік тұрғыдан болжамдасақ, мағынасы бұзылмаған тау бөктері дегенге саяды. Ал ел-жұрт бұл атауды Аман деген адам есімімен байланыстырады. Қазақ-Жоңғар соғысы тұсында Садыр-Мәмбетей руынан шыққан Аман батыр қалмақтардың жолын тосып, шайқасып, ерлік көрсетіп, жерін, елін қорғаған көрінеді. Демек, Аман батырдың атымен Аманбөктер аталуы әбден мүмкін. «Аман жайлаған тау етегінің баурайы, төменгі жағы» деген божам шындыққа жақын. Осындай дерек Ж.Игіманның кітабында да кездеседі.

Баянбай- ауыл. Адам есімімен қойылған атау. Құрметке ие болған кім екен? Мен дерек таппадым. Болашақ зерттеушілерге құлаққағыс болар деп ойлаймыз.

Абай- ауыл. Алмалы тауының етегінде орналасқан. Бұрынғы атауы –Тасарық. Топырағы құнарлы бұл жерге шыбық шанышса, мәуелі ағашқа айналады екен. Сондықтан арық қазылуы заңды. Әрі ол таспен өріліп, шегенделгенделуі мүмкін.

Көкөзек- ауыл. Бұрынғы Калинин атындағы қой совхозы. «Өзек» сөзінің мағынасы белгілі. Бір кезде су ағып, кейіннен құрғап қалған жер. Атау жердің кескін келбетіне орай қойылған. Топонимдік мағынасы көгалды, жыралы сай-сала.

Көкжиде- ауыл. Лепсі өзенінің оң жағалау аңғарында орналасқан. 1930-жылдардан бастау алады. Ақсу, Бөрлітөбе, Андреевка аудандары құрамында болғаны белгілі. Ақсуат, Аралтөбе, Жаңабұлақ, Қаратұма, Талдыбұлақ ауылдарының негізінде «Гигант» колхозы құрылған. Көкжиде «Гигант» колхозы мен Прибалхаш совхозының заңды мұрагері десек болғандай. Көкжиде аталуы жиде ағашының көп таралып өсуіне қатысты.

Көктерек – ауыл. Терісаққан өзенінің бойында орналасқан. 1930-жылдары жаппай колхоздастыру кезінде Қанжығабұлақ, Талдыбұлақ, Бөрлібұлақ ауылдары Ворашилов және М. Горький колхоздарына айналдырылған. Кейін М. Горький атындағы қой өсіру кеншары болып құрылады.

Көкжиде, Көктерек атауларындағы «көк» сөзі түр-түске қатысты болса, терек – үйенкі тұқымдас ағаш. Жиде – ыстық жерде өсетін жеміс ағашы. Сөздердің бірігуі арқылы жасалған атаулар деп білген жөн.

Еркін- ауыл. Бұрынғы атауы – Жданово (Ждан, Жданов). Атау- кеңес өкіметі тұсындағы тоталитарлық топоним яғни саясаттың, әкімшілік-бұйрық жүйесінің жемісі деп түсінеміз. Ал қазіргі атауы дербес, азат дегенге саяды. Бұл атау да- саясиленген атау.

Кәкімжан Қазыбаев - ауыл. «Ағарту» ауылының жаңарған атауы. Кеңес өкіметі орнаған жылдары қоғамдық формацияның өзгеруіне байланысты берілген атау. Ағарту білім беру, оқыту, тәрбие ісі деген ұғымды білдіреді.

Аққайың- ауыл. Ленинка елдімекені 1930-жылдары бой көтерген. Кеңес өкіметі тұсындағы тоталитарлық топоним. Қазіргі атауы- қазақы біріккен сөз. Ауылдың флора-фаунасына қатысты қойылған жаңа атау, өте сәтті берілген атау дер едік.

Тасқұдық - ауыл. Қазіргі қайтарылған атаудың 1920-жылдарға дейінгі тарихи атауы. Тасқұдық кеңестік саясат белең алғанда, алғашқы ауылшаруашылық артелінің атымен Киров болып өзгертілген. Тарихи атаудың неліктен берілгендігі жайлы құдық тастақ жерден қазылған немесе таспен өріліп, шегенделген деген болжам айтуға болады.

«**Бастаушы**» сөзінің үш түрлі мағынасы бар. Ғалым Т. Жанұзақ «Бастап жүруші, ілгері апарушы, белгілі өнегелі іске жұмылдырушы» мәнінде қойылған сияқты деген пікір айтады [8].

Пограничник – ауыл. Менің туған ауылым. Аманкелді ауылдық округінің орталығы. Іргетасы 1954 жылы қаланған. Тың игеру науқаны тұсында әскерден босаған солдаттар мен рақымшылық алған сотты болғандар күшімен егіншілікпен айналысуға бейімделген сохоз болып құрылыпты. Ауылдың тұрған жері сортаң. Жері сары топырақты. Қарап отырсаңыз бұл да- бір тарихи кезеңнің белгісіндей атау. Атаудың қойылу себептеріне де мән берілу керек сияқты.

Сол сияқты **Черкасск** ауылының атауы тарихта болған «Черкасск қорғанысы» оқиғасына байланысты қойылған. Атауды өзгерту қажет пе? Ойланатын мәселе.

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаңда жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына шешілмеген құпия, сыр жатады», - деп, Ұлы жазушыны (М. Әуезов) таңдандырған қазақ сондай тапқырлықты қазіргі таңдада көрсете білсек дейміз. Елдімекен атауларындағы өзгерістер бұрынғы атауларын қайта берумен байланысты болып отыр. Бұл дау туғыза қоярлық мәселе емес. Себебі халық жадындағысын тек жаңғыртпақ. Мәселен, Сарқан өңірінде бүгінгі таңда 1 қалалық, 12 ауылдық округтегі 36 елдімекен бар. Осы елдімекеннің отызының атауы мемлекеттік тілде екен. Өзгертуге жататыны Петропавловка, Садовое, Соколовка, Пограничник, Тополевка ауылдары. 12 ауылдық округтің 7-не тарихи жер-су атаулары қайтарылған. 5 округтің атауы мемлекеттік тілде, өзгертілмегені

Черкасск ауылдық округінің атауы.Черкасск ауылдық округіне қарасты Садовое ауылын Ешкіөлмес, Петропавловка ауылын Ақтұма, Соколовка ауылын Теректі ауылы деп өзгерту жөнінде жұмыс жүргізіліп жатырдеген мәлімет берген еді аудандық ономастика комиссиясы. Бұл дау туғыза қоярлық мәселе емес. Себебі халық жадындағысын тек жаңғыртты.

Қорытынды «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр–сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаңда жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән–мағына шешілмеген құпия, сыр жатады», - деп, Ұлы жазушыны (М. Әуезов) таңдандырған қазақ сондай тапқырлықты қазіргі таңдада көрсете білсек дейміз.Елдімекен атауларындағы өзгерістер бұрынғы атауларын қайта берумен байланысты болып отыр. Бұл дау туғыза қоярлық мәселе емес. Себебі халық жадындағысын тек жаңғыртпақ. Мәселен, Сарқан өңірінде бүгінгі таңда 1 қалалық, 12 ауылдық округтегі 36 елдімекен бар. Осы елдімекеннің отызының атауы мемлекеттік тілде екен. Өзгертуге жататыны Петропавловка, Садовое, Соколовка, Пограничник, Тополевка ауылдары. 12 ауылдық округтің 7–не тарихи жер-су атаулары қайтарылған. 5 округтің атауы мемлекеттік тілде, өзгертілмегені Черкасск ауылдық округінің атауы.Черкасск ауылдық округіне қарасты Садовое ауылын Ешкіөлмес, Петропавловка ауылын Ақтұма, Соколовка ауылын Теректі ауылы деп өзгерту жөнінде жұмыс жүргізіліп жатырдеген мәлімет берген еді аудандық ономастика комиссиясы. Бұл дау туғыза қоярлық мәселе емес. Себебі халық жадындағысын тек жаңғыртты.

2005 жылы «Жаңарған жетісу атаулары» атты топонимдер анықтамалығы «Арыс» баспасынан жарық көргені өздеріңізге белгілі. Анықтамалықтың алғы сөзінде «Ономастика – мемлекетіміздің үлкен саясатының бір бөлігі. Өйткені мемлекет картасындағы атаулар сол елдің тәуелсіз, азат екенін немесе отар ел екенін бірден байқалады. Ономастиканың саясат ұлттық тарихымызды қастерлеп, байырғы атауларды қайта қалпына келтіруге негізделуі керек» делінген [9].Біз адамзаттан бұрын пайда болып, өте ерте бағзы заманда қазіргі атауларға ие болған мұхит, теңіз, тау, көл атауларын өзгерте алмаймыз. Ал елді мекен, көше, қала нысандарының байырғы атауын қалпына келтіру – ата-бабамыз алдындағы парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» мақаласы.
- 2.Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы,2011.
3. «Қазақстан» Ұлтық энциклопедия. 7 том. Алматы,2005. -728 бет. ISBN 9965-9746-5-9
- 4.Әбдірахманов А.Топонимика және этимология.Алматы,1975.
- 5.Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су атаулары.Сөздік.Алматы,1985. [6]. Игіман Ж. Саялы төрім-Сарқаным. Алматы: Үш Қиян,2006.-544бет. ISBN 9965-738-32-7
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.Алматы:Дайк-Пресс,2008.-968 бет. ISBN 9965-798-99-0
- 7.Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары Алматы облысы. -Алматы: Арыс, 2005.-256 бет. ISBN 9965-17-267-6
- 8.Жаңарған Жетісу атаулары.Алматы:Арыс,2005.-160 бет. ISBN 9965-17-277-3- с DOI:
- 9.Национальный Регистр и Библиотека корпоративных нефинансовых отчетов // РСПП: официальный сайт. URL: <http://www.rspp.ru/simplepage/157> (дата обращения: 01.06.2017). - без DOI:
- 10.Белоус Н.А. Прагматическая реализация коммуникативных стратегий в конфликтном дискурсе [Электронный ресурс] // Мир лингвистики и коммуникации: электрон. научн. журн. 2006. N 4. URL: http://www.tverlingua.by.ru/archive/005/5_3_1.htm (дата обращения: 15.12.2007).
1. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы,2011.
2. «Қазақстан» Ұлтық энциклопедия. 7 том. Алматы,2005.
3. Әбдірахманов А.Топонимика және этимология.Алматы,1975.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су атаулары. Сөздік. Алматы,1985.
5. Игіман Ж. Саялы төрім-Сарқаным. Алматы,2006.
6. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары Алматы облысы. -Алматы: Арыс, 2005.
7. Жаңарған Жетісу атаулары.Алматы: Үш Қиян,2006.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ЖОЛДАУЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ

Толамисов А.Ф.¹, т.ғ.к., аға оқытушы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

E- mail:ansarok@mail.ru

Мақала тікелей Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына арналған. Яғни, Елбасы жолдауларының Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде алатын орны мен маңыздылығы туралы. Жолдаулардың мазмұнына деректанулық талдау жасалынып, Қазақстан тарихының дерек қорлары арасында өзіндік орыны бар ерекше дерек екендігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: дерек, Қазақстан, Елбасы, тәуелсіздік, президент, деректану, талдау, дерек көзі, жолдау.

Статья посвящена истории независимого Казахстана. То есть конкретно, значимость послания президента как историческое источниковедение независимого Казахстана. Содержание послания отражает исходный анализ и является уникальной информацией среди источников истории Казахстана.

Ключевые слова: сведения, Казахстан, Глава государства, независимость, президент, источниковедение, анализ, источник, послание

The article is devoted directly to the history of independent Kazakhstan. That is, as a data source of the history of Kazakhstan, the place and importance of the President's speeches. In this article, the content of the speeches were analyzed as the data source and showed its special place among the databases of the history of Kazakhstan.

Key words: data, Kazakhstan, Head of the State, independence, president, source study, analysis, source, message.

Кіріспе. Келешек Қазақстан тарихнамасының өзекті мәселелерінің бірі – тәуелсіздік тарихы болары күмәнсіз. Сондықтан, оған осы бастан дайындық жұмыстарын жүргізудің маңызы өте үлкен. Дайындық ең жаңа тарихымыз бейнеленген әр алуан формадағы деректердің типтері мен түрлеріне дерек танулық талдау жасап, олардың ерекшеліктері мен ғылыми құндылықтарын анықтау арқылы, тәуелсіздік тарихының деректік негізінің ғылыми жүйесін қалыптастырудан басталуы тиіс. Осындай, тәуелсіздік тарихының дерек көздерінің бірі – Елбасы жолдаулары. Әрине, бір мақаланың көлемінде Елбасының жолдаулары сияқты күрделі дерек көзіне жан-жақты деректанулық талдау жасап, оны ғылыми айналымға тарту жолдарын көрсету мүмкін емес.

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – мемлекетіміздің рухы мен дәстүріне айналды. Әрбір жолдау Қазақстан мемлекетінің азаматтарының игілігі үшін қызмет етуде. Келешек Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму тарихы болары күмәнсіз. Уақыт озған сайын қайта құрылған мемлекетіміздің алғашқы қалыптасу кезеңіне, яғни ірге тасының қайта қалану кезеңіне деген қызығушылықтың арта түсері сөзсіз. Ол кезеңнің қарама – қайшылықтарға толы күрделі де, маңызды кезең ретінде жан – жақты зерттеулері, оның тарихына арналған іргелі еңбектердің дүниеге келері анық. Солардың бірі – жолдаудың мазмұнына деректанулық талдау жасау. Президент Н.Ә. Назарбаев жасаған Тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көздері арасында өзіндік орыны бар ерекше деректік құжаттың бірі – Елбасы жолдаулары.

Негізгі бөлім. Қазақстан тарихының басқа да түйінді мәселелері сияқты, мемлекеттігімізді қайта құру мәселесі де тұңғыш Президентіміздің жолдаулары

мемлекеттігімізді қалпына келтіру тарихы, алғашқы нақты іс-шаралардан бастап, жан-жақты бейнеленген. Сондықтан Н. Назарбаев жолдауларна тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастыру, нығайту және дамыту тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау, тек деректану ғылымының ғана емес, жалпы Қазақстан тарихының да өзекті мәселелерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз.

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясының 44 бабының 1 тармағына сәйкес, Елбасымыз өз жолдауы арқылы жылма – жыл халықты ішкі және сыртқы саясатымыздың басты бағыттарынан хабардар етеді. Тәуелсіздік алғанынан кейін, мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы басымдықтары мен жетістіктері Елбасының халыққа Жолдауында жан – жақты көрініс тауып келеді. Ең алғашқы Жолдауының бірінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2030-шы жылға дейінгі даму жолымызды байыптайтын ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаны ұсынғаны баршамызға белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті сол бағдарламаны жүзеге асыруда өткен жылдардағы атқарылған істерге баға беріп, болашақ атқарылар істің нақты нысаналарын көрсетіп берді. Мұндай ұсынысты отандастарымыз құптап қарсы алып, шетелдердің сарапшылары да дер кезінде жасалған батыл бастама ретінде бағалаған болатын [1, 302 б.].

1997 жылы Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» деген атпен Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Өзінің ұзақ жылдарға арналған стратегиялық ұсынысымен Қазақстан халқының алдына шығу себебін Н. Назарбаев: «Мен сіздермен келер ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, алыс перспективаға ендеп бойлайтын болашақ жайлы өзімнің ой – толғаныстарыммен бөліскім келеді. Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті» - деп түсіндірді [2, 5 б.]. Ал, оның қалай пайда болғандығы туралы: «Осы жолдау менің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясатымыздың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнап сөз сөйлеу жөніндегі Конституциялық міндеттерімнің шеңберінде әзірленген болтын» - деп жазды [2, 11 б.]. Демек, біріншіден, жолдау Елбасының ел болашағының қандай болатындығы туралы өз ойын, уақыт талабынан шыға отырып, халықпен бөлісу арқылы айқындап алу қажеттігінен туындаса, екіншіден, Президенттің атқаруға тиісті Конституциялық міндетін орындау барысында пайда болған. Сондықтан еңбек біржағынан, ел басқарып отырған тұлғаның ел болашағының алыс перспективасы туралы ой – толғаныстарының жемісі болса, екінші жағынан Президенттің өз құқықтарына сай ұсынған мемлекеттің дамуының 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының бағытын айқындаған бағдарлама, яғни ресми құжат болып табылады. Менің ойымша жолдаудың басты ерекшеліктерінің бірі де осында.

Ғасыр тоғысында басталған тарихи құбылыстардың, әсіресе кешегі кеңестік кеңістікте өрбіп, бүгінгі өзгерістердің немен тынатынын білмей тұрып, тіпті, жуық болашақтың жай - жапсарын көзге елестету қиын екендігі түсінікті. Ол ендігі жерде тәуелсіз мемлекеттердің өз даму бағыттарын қаншалықты дұрыс таңдап алғандығына және оны табандылықпен жүзеге асырып жатқандығына байланысты болмақшы [1, 307 б.]. Жолдаудың мазмұнына деректанулық талдау жасау оның Президент Н.Ә. Назарбаев жасаған Тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көздері арасында өзіндік орыны бар ерекше дерек көзі екендігін көрсетеді. Мысалы, «Біз бүгін қай жерде тұрмыз» - деп аталатын жолдаудың бірінші тарауында еліміздің 1997 жылғы, яғни тәуелсіздік тарихының алғашқы жылдарындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы айқын көрсетілсе, «Қазақстан мұраты» деп аталатын тарауда 2030 жылғы Қазақстан моделі суреттелген. Ал, «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары» деп аталған тарауда сол моделге жету жолдары айқындалған [3, 96 б.]. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеушілерге осы еңбекті дерек көзі ретінде пайдалана отырып, біздің неден бастағанымызды, алдымызға қандай мақсаттар қойғанымызды, оған қалай жеткенімізді зерделеуге мүмкіндік беретін бірден-бір қайталанбас дерек көзі екендігін көрсетеді. Сонымен қатар әр жыл сайын Елбасының халыққа арнаған жолдаларын атап кетсек:

- Президенттің 1997 жылғы 1 қазаңдағы «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы

- 1998 жылғы 30 қыркүйектегі «Елдегі жағдай және сыртқы және ішкі саясаттың басты бағыттары: жаңа жүзжылдықта қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформалар» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 1999 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі»
- Елбасының 2000 жылғы 24 қарашадағы «Тәуелсіз, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасы 2001 жылғы 3 қыркүйектегі «Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2002 жылғы 29 сәуірдегі «Ауылға айырықша назар аударылады. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2003 жылғы 4 сәуірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан оздамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Елбасының 2012 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ
- Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша «Қазақстан жаңа жаһандық нғакты ахуалда: өсім, реформалар, даму»
- Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
- Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [4].

Қорытынды. Жоғарыда аталып кеткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауларына деректанулық талдау жасап, оның мемлекет құру барысында, осы істің теориялық негіздерін қалап, оның жолдауларының Қазақстан тарихының дерек көздері ретінде алатын орыны маңызды екенін көруімізге болады. Біріншіден, жаңа мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы көксеген ұлттық мемлекет құру туралы армандарының орындалуы болса, екіншіден, бұл тарихи тамыры тереңде жатқан бұрынғы мемлекеттеріміздің жаңадан жаңғыруы. Үшіншіден, Қазақстан бір

жүйеден екінші жүйеге өтуде революциялық емес, эволюциялық жолды таңдаған. Төртіншіден, жаңа жағдайға сәйкес жаңа мемлекет қалыптастыра білуде ескі мемлекеттік машинаны дұрыс пайдалана білу тактикасы өзін толық ақтаған. Бесіншіден, ең бастысы, жаңа қалыптаса бастаған ұлттық мемлекеттің тағдыры, сол мемлекеттің негізін қалаушы қазақ халқының қолында екендігін, өз кезегінде қазақ халқының тағдыры, сол мемлекеттің беріктігімен тікелей байланысты екендігін дәлелдеген. Н. Ә. Назарбаевтың жасаған әр жылдық жолдаулары дұрыстығының айқын дәлелі өмірдің өзі. Қазақстан халқының, қазақ ұлтының өз мемлекеттілігін құру ісіндегі бүгінгі күні қол жеткізген табыстары. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихының келешек зерттеушілері ескеруге тиісті маңызды фактор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302-307- бб.
2. Атабаев Қ.М., Тасилова Н.А., Толамисов А.Ғ. Деректану пәнін оқыту методикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 213-223- бб.
3. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030: Алматы: Білім,- 1998. - 96 б.
4. <http://www.mfa.kz/kz/content/poslania>

ӘОЖ 94(574)

ӘЛЕМ ТАРИХЫНДА ЕРЕКШЕ РӨЛГЕ ИЕ БОЛҒАН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Түмен А.¹, Берлибаев Б.Т.¹

6M011400 - Тарих мамандығының 1 курс магистранты

Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті¹, Талдықорған қ.,

E- mail: aruka_96.suan@mail.ru

Тарихта тұлғалардың алатын рөлі ерекше. Әр тұлға Әлем тарихында да Қазақстан тарихында да өшпес із қалдырды. Тұлғалардың есімі Әлемге әйгілі болуы, олардың бойындағы талант пен дарынымен, қолбасшылық қабілетімен, жауынгерлік ерлігімен, тіпті төрткүл дүниенің бір бөлігін өздеріне бағындыра білген ұлы тұлғалар тарихта жетерлік.

Кілт сөздер: БАҚ, Ұлы тарихи тұлға, саяси қызмет, қоғамдық ықпал, әлемдік көзқарас, терең ой, тарихи процесс. А.Эйнштейн, Аль-Фараби, Архимед.

В истории роль отдельных людей уникальна. Все оставили неизгладимый след в истории Казахстана и в истории мира. Имена людей известны на протяжении всей истории мира, талантами, командирской способностью, боевыми подвигами, покоривших часть мира.

Ключевые слова: СМИ, Великая историческая личность, Политическая деятельность, Общественное мнение, Глобальный подход, Глубокое мышление, Исторический процесс. А. Эйнштейн, Аль-Фараби, Архимед.

In the history of the role of individuals is unique. All left an indelible mark in the history of Kazakhstan and in the history of the world. The names of people are known throughout the history of the world, talents, commanding ability, fighting feats that conquered part of the world.

Keywords: mass media, Great historical figure, Political activity, Public opinion, Global approach, Deep thinking, Historical process. A. Einstein, Al-Farabi, Archimedes.

Тарихта аты қалған ерекше ерліктер атқарған тұлғалар көп. Атқарған қызметі саласында бұрын белгісіз жаңалық ашқан немесе туындылары бүкіл адамзатқа рухани азық болуға тұрарлық дүниелер болып табылатын ғалым, жазушы, өнер адамдары да ұлы тұлғалар қатарына

жатады. Сонымен бірге, ұлы істер жасап, айрықша дарынымен, соның ішінде қолбасшылық қабілетімен, саясаткерлік я басқа да қырымен қоғамдық ықпалымен орын алатын аса көрнекті тарихи ұлы тұлғалар болады.

Мысалы, ағылшындар мақтанатын корол Артур, француздар мақтанатын Наполеон, тұтас түркі әлемі мақтанып және таласып жүрген Шыңғыс хан сияқты ықпалды тұлғалар баршылық. Осы, аса көрнекті, тарихи тұлғалардың пендешілік қасиеттерін айқындауға қойылатын талаптар қарапайым, қатардағы адамдардікінен мүлде басқа. Олардың жеке басын тәртіпті, тәрбиелі, мәдениетті, жолдастыққа адал деген секілді қарапайым азаматтарға қойылатын адамгершілік критерийлермен бағалауға болмайды. Өйткені, олардың мақсаты тым биік, қарапайым адамнан мүлде басқа. Олар өз мақсаттарына жету жолында көптеген талаптардан аттап кетуі де мүмкін. Тіпті, жанында болған жақын жолдастарын, тұрғыластарын құрбандыққа шалуы да ғажап емес. Жоғарыда атаған тұлғалардың бойынан да сондай істерді жиі байқауға болады. Бірақ солай болды екен деп олардың аса көрнекті тарихи, ұлы тұлға деген жетістігінен төмендете алмайсыз.

Ұзақ жылдардан кейін халықтың есінде олардың тек ұлы істері ғана сақталып, психологиялық өлшеммен алғандағы сындары мүлде ескерілмей қалады. Мәселен, Ю.Сталинді де аса көрнекті, тарихи ұлы тұлғаға жатқызуға болады. Әрине, қазір оның репрессиялық шаралары туралы жиі айтылуда. Өйткені, халықтың жадынан әлі күнге оның іс-әрекетінің жанға салған жарасы толық өшкен жоқ. Өзі болмаса да біреудің атасы, біреудің әжесі оның саяси қысымын көрген, қорлығын ауызба-ауыз жеткізіп кетті.

Демек, оның басындағы адами кемшіліктерді баса көрсету, оларын сынау әлі басым. Бірақ-та, жүздеген жылдар өткен соң, оның есімі У.Черчилл айтқандай: «Ол Ресейді соқамен қабылдап, қолтығында атом бомбасы бар мемлекет етіп қалдырды», деген сөзінің өлшемімен бағаланатын шығар.

Аса көрнекті тарихи тұлғалар біздің заманымызда бар ма? Олар қандай кезендерде тарих сахнасына келуі мүмкін? – Олар тарих сахнасына аса күрделі, өтпелі сәттерде келеді. Гамлеттің мәңгі өлмес «болу не өлу» сияқты өмірлік тәуекелге үндейтін сұрақтары туған кезде жарқ етеді. Түріктің Мұстафа Кемал Ататүрік сияқты тұлғасы тарих сахнасына осындай кезде шыққан тұлға болып табылады. Оның «не өмір, не өлім» деген ұранының өзі гамлеттік мәңгілік сұрақтан туып тұрғаны көрінеді. Ататүрік Түрік мемлекетінің басына күн туған қиын-қыстау заманда жарқ етіп шығып, елінің азаттығы мен бостандығын сақтап қалды және оны мемлекеттік құрылымның жаңа сападағы сатысына көтеріп, республика жасап кетті. Міне, сондықтан ол аса көрнекті, тарихи ұлы тұлғалар қатарына жатады [1, 326.].

Дүниеде бәрі де өзгеріп тұрады. Абайдың да: «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер...» деген сөзі бар емес пе? Сол сияқты адамзат күнде өзгереді. Бұл арада адамның құбылғыш сияқты пасық мінезін емес, адамзаттың қажеттілігі туралы айтып тұрмын. Адамзат қоғамының алдында үнемі жаңа мақсаттар мен міндеттер туып отырады. Бір белестен асқан соң енді болдық-толдық деп астамшылық айтуға ешқашан болмайды. Өйткені, алдан екінші белес шығып, одан да асу қажеттілігі туындайды. Егер бір белесті бағындырған соң тоқмейілсуге жол берілсе, онда сол қоғамның дамуы тоқырап, адамдар арасында наразылық, өкпе-наз туындай бастайды. Бір кездегі үлкен жетістікке мастанып, дандайсып кетушілік те болуы мүмкін. Бүгінгі Қазақстан қоғамы осындай болып бара жатқан сияқты.

Үнемі қозғалыста болып, жананы игеруде алда бола алмаған тұлғалар кезендік сипаттағы айтулы тұлғалар болып қала береді. Көп уақыттардан кейін олардың жасаған ісін ұлы істер деп айту да қалады. Сондықтан, олар тарихи ұлы тұлғалар қатарынан орын ала алмайды.

2010 жылы дүниежізілік БАҚ өкілдері «б.з.б. II-III мыңжылдықта көптеген Әлемдегі ең әйгілі адамдардың тізімін» жариялады. Бұл да тарихи тұлғаларға өзіндік бір қызығушылық болып табылады. Әрине, сөзсіз тарихты құрушы бұл - әлемдегі барлық халықтардың айбыны мен күш-қуаты арқылы жасалады. Тарихи процессте бірінші орынға белгілі бір халықтың харизматикалық тұлғасы шығады. Тұлғаны зерттеудегі негізгі объектісі болып оның әлемдік тарихқа қосқан үлесі болып табылады.

Тура және өзекті мынаны айта кеткен жөн «әрбір адам саналы түрде өз елінің азаматы болу үшін аз болса да тарихшы болуы тиіс». Адамзат тарихы бірнеше мың жылдықтарды тізіліп жатқан тарихи тұлғалардың есімімен байланыстыра отырып өткізеді. Ол тұлғалар тарихқа өзінің ғажайып жаңалықтарымен тарихта өз есімдерін мәңгі өшпестей қалдырып, ғасырдан ғасырға мұра етіп қалуда. Соның ішінде оң және теріс бағыттағы тұлғаларды жатқызамыз [2, 25 б.].

Негізгі бір мәселеге тоқталатын болсақ, біз кез-келген тұлғаларды тарихи кезең бойынша саралауымыз жөн:

- **Б.з.б. уақытта:** Платон, Пифагор, Конфуций, Аристотель, Гиппократ, Архимед, Сократ т.б.;
- **Бірінші мыңжылдыққа:** Плутрах, Эль-Фараби, Сенека, Птоломей т.б.;
- **Екінші мыңжылдыққа:** Шекспир, Леонардо да Винчи, Моцарт, Коперник, Авиценна, Аль-Хорезми т.б.;

Ерекше маңызды орынды ұлы ойшыл, жаңа құрылығының дамуына үлесін қосқан Платонды жиі айтады. Платонның қатарын келесі тарихи тұлғалар жалғастыруда. Олар: Александр Македонский және Юлий Цезарь. Тек қана ұлы ойшылдар емес, сонымен қатар бас қолбасшылар да осы бір он ұлы тұлғалардың ішінен өз орындарын таба білді. Әуелі ғасырлар бойы аты өшпестей қалған, еле өлгенше жаулап алушылық жорықтар жасаған, ғұндардың Ұлы қолбасшы Аттилань атап өткен жөн.

Екіншіден, қолбасшылардың тізімін жалғастырушы Наполеон содан соң А.Македонский және Цезарь жалғастырып отыр. Ұлы жаулап алушылар қатарын Шыңғыс хан да қалыспай қосты. Әлемнің жалпы соның ішінде Қазақстанның келешекте дамуына білім мен ғылымға үлес қосқан ғалымдардың есімдеріде тарихтан белгілі. Мысалы: Анахарсис, М.Қашқари, Қ.А.Яссауы, Ж.Баласағұн, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, және Эль-Фараби т.б. [3, 146 б.].

Соңғы жылдардағы «Ұлы тұлғалар есімі» атты зерттеудің қорытындысы бойынша, ерекше ілгері орынды Шыңғыс хан алды. Айта кеткен жөн, Шыңғыс хан барлық Еуропаны жалпы бүкіл әлемді дүрліктірген хан бола тұрса да. Оның артынан ғұндардың бас қолбасшылары да тізімнің басынан орын алды. Тіпті Аттилань айта тұрып, сақ патшайы Томирисі де айтпау мүмкін емес. Міне қазақ тарихының нағыз Ұлы тарихи тұлғалары 3 үздік тізіммен анықталды. Қазақ қоғамы тек Отандық тұлғаларды атап өтпей, Әлем тұлғаларына да баса назар аударып, білуді қажет. Қиыр Шығыс пен Орталық Азия халықтарының пікірінше, ортағасырлық философты, дәрігер сондай-ақ ғалымды әр кездерде Бұхарада және Иранда өмір сүрген Ибн-Сина Абу-Алиді (лат.Авиценна) атап көрсетілген. Ислам дініне деген жолын қушылықты сақтай отырып, Авиценна арабтар арасында ислам дінін таратты және де сол арқылы бүкіл Еуропа мемлекеттеріне де. Ибн-Сина рациялды ойлауды, ғылыми тұрғыда ойлауды және математикалық ойлауды насихаттады. Өзінің барлық философиялық ой-тұжырымдарында ол Аристотельдің материалистік және идеологиялық тенденциясын ұстанады. Дегенмен уақыт өте келе Ибн-Сина өзінің тұжырымдамаларына баса назар аударды. Ол Аристотельдің физика мен метафизикасын логикалы түрде дамытты. Өзінің «Білім кітабы» («Даниш-намә») атты еңбегінде логикалық және физикалық қысқаша баяндамасын ұсынды. Толық нұсқаларын «Қайта жандану», «Медициналық қағида» атты кітаптарында баяндады. Сонымен қатар «Әлем тарихының ұлы тұлғалары» тізіміне тиесілі тұлғалардың бірі Александр Македонскийді алдық. Македонский сонау ерте заманда-ақ Әлемге әйгілі тұлғалардың ең үздік қатарында тұрды [4, 146 б.].

Негізгі тұжырымын айта кетсек, ұлы тұлғалар тізімін ғылым және өнер майталмандары, сонымен қатар, саясаткерлер, қолбасшылар толықтырып тұр. Зерттеу жүргізген БАҚ өкілдерінің айтуы бойынша, көпшілік философия, тарих, өнер, саясаттану, әлеуметтану сияқты пәндердің адам өміріне деген маңыздылығын құрметтейді екен.

Міне тарихтың сахнасында тағы бір ұлы есім алтын жазумен жазылды. Маргарет Тэтчер де өз заманының ұлы тұлғасы болғанын дәлдеп берді. Ұлы тұлға есімі са н ғасырлар бойы адамзат тарихында алтын әріптермен жазылып қалмақ [5, 16 б.].

Жалпы тарих белгілі бір тарихи тұлғаны дәріптеу, мадақтау, ал екінші біреуін даттау, табалау үшін жазылмайды. Егерде ол осы міндетті атқару тұрғыдан жазылса, онда ғылым

болудан қалмақ. Тарих үшін ең биік нысана – ол өмір ақиқаты. Тұлғаларсыз тарихтың шығыршығы айналмайды.

Тарихты жасайтын халық екені рас. Ал сол халықтың күш–қуатын дұрыс арнаға бағыштау үшін, бабалар сөзінен айырылып, еңбегінің еш, тұзының сор болмауы үшін тұлғаның көрегендігі, қайраткерлігі, елге, жерге, туған халқына адалдығы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Изтаева В. Қазақ қоғамын топтастырудағы саяси лидерлердің рөлі (Аблай хан және Н.Ә. Назарбаевтың саяси қызметін салыстырмалы талдау): Саяси ғ.к. дис... авторефераты: 23.00.02 / В.А. Изтаева. – Алматы, 2007. – 32 б.
- 2.Гафуров Г.Г, Цибукидис Д.И. Македонский и Восток. – М.: Наука, 1980. – 456 б.
- 3.Репина А., Зверева Л. История исторического знания. – М.: Наука, 1980. – 77 б.
- 4.Крушол Ю.С. Ежелгі дүние тарихы. –2-бөлім. – Алматы, 1978. – 146 б.
- 5.История древней Греции. Под ред. В.И. Авдиева и Н.Н. Пикуса. – М., 2000. – 251 б.

**ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**

**ПСИХОЛОГО –
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY

**ДИНАМИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ
СОЗДАНИЯ НАУЧНОЙ КУЛЬТУРЫ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ**

Абишев Н.А.¹, Мамилина С.К.¹

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова¹, г.Талдыкорган

E-mail:mamilina_samal@mail.ru

Біз оқырманға өз зерттеуіміздің нәтижелерін гана емес, сонымен қатар тарихи ұстаным тұрғысынан мәдениеттің және оның теориялық ұғымының жеке көзқарасы мен түсінігін сақтауға және жеткізуге тырыстық.

Кілт сөздер: *Университет, мәдениет, институционализация, өзара қарым-қатынас, динамика дүниетаным.*

Автор стремится донести до читателя не только результаты своего исследования, но сохранить и передать личностное отношение и понимание культуры и ее теоретического осмысления с позиции принципа историзма.

Ключевые слова: *Университет, культура, институционализация, взаимоотношения, динамика, мировоззрение.*

The author tries to convey to the reader not only the results of his research, but to preserve and show the personal attitude and understanding of culture and its theoretical comprehension from the standpoint of the principle of historicism.

Key words: *University, culture, institutionalization, interaction, dynamics, outlook.*

Университет – это автономная структура в сердце обществ, по-разному организованных в силу особенностей географии и исторического наследия; он создает, проверяет, оценивает и передает следующим поколениям **культуру** посредством проведения исследований и преподавания. Базовыми принципами Великой Университетской Хартии являются: а) независимость университетов, чтобы удовлетворять требованиям окружающего мира, то есть его исследования и преподавание должны быть морально и интеллектуально независимы от всех политических и экономических властей; б) неразделимость обучения и исследовательской работы, чтобы обучение в них успевало за изменяющимися нуждами и запросами общества и отражало достижения научной мысли; в) независимость сотрудников в этой деятельности, то есть свобода в исследованиях и обучении есть фундаментальный принцип жизни университета. Не приемлющий нетерпимость и всегда открытый для диалога университет – это идеальное место встречи преподавателей, способных передавать свои знания и имеющих все условия для развития их посредством исследований и инновационных внедрений, и студентов, которые получили право, могут и хотят обогатить свои умы этими знаниями [1].

Мы использовали для исследования данную формулировку университета, учитывая, что 22-23 мая 2007 года на базе Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати с участием Министра образования и науки Республики Казахстан Ж.К.Туймебаева и Генерального секретаря Обсерватории Великой Хартии университетов доктора Андриша Барблана был проведен первый Международный семинар по внедрению кредитной системы обучения в высших учебных заведениях. Значимость данного семинара для системы высшего образования состоит в том, что его участниками был инициирован **текст** Меморандума университетов Республики Казахстан. Считаем, что в условиях интеграции и интернационализации высшей школы в образовательном пространстве, необходимо определить единый предмет деятельности субъектов образования выстроенный на логических закономерностях, принципах, целях и задачах, естественно с различными результатами. Это

связано с тем, по мнению европейских ученых, что материал знаний расширяется и фрагментируется, сами представители университета стремятся найти опору в **формулировках**, обещающих собрать все воедино и дать некий общий смысл. И далее они отмечают, в результате наблюдается устойчивый поток «**новых**» формулировок, которые по большому счету представляют собой **повторение** старой песни на новый лад: подготовка трудовых ресурсов, и/ или передача культуры, и/ или развитие личности – с неизменным возвращением к общей культуре, исследованиям и служению обществу. Эти формулировки **неспособны** направлять усилия, так как всего лишь указывают, что высшее образование **не отвечает** за производство материальных благ, оборону государства, социальное обеспечение или поддержание правопорядка, даже если, как показывает зрелое размышление, оно в какой-то степени влияет на все это [2, Р. 20].

Национальные системы высшего образования [Бертон Р.Кларк], «...объединяют множество людей, которые занимаются развитием и распространением мирового интеллектуального наследия. Эти центры знания, на протяжении нескольких столетий игравшие важную роль в подготовке лиц свободных профессий и политических элит, а теперь существенно выросшие и расширившие сферу своей деятельности, занимают как никогда **важное** место...» [3, С. 10]. В 1979 году Жан-Франсуа Лиотар напоминал, что в европейской культурной традиции **университет** всегда был и остается основным институтом образования и науки. В США, отмечает ряд исследователей, «... на протяжении нескольких десятилетий прагматично настроенные наблюдатели называли тремя основными целями «преподавание, исследования и оказание услуг» и оставляли **безграничные** возможности для того, что можно преподавать, что можно исследовать и что можно считать оказанием услуг. Предпринимавшиеся в 1970 –х годах попытки разъяснения поставленных целей лишь продолжили перечень размытых абстракций. Например, Комиссия по высшему образованию фонда Карнеги выделила пять целей высшего образования, в том числе «расширение человеческих возможностей в обществе в целом» [4, Р. 1]. В Швеции государственная комиссия «U68» выдвинула такие цели, как «демократия», «развитие личности» и «социальное изменение»[5, Р.202]. В коммунистических странах дела обстояли не лучше: например, польский закон о высшем образовании 1958 года предлагал длинный перечень, простиравшийся от «подготовки компетентного персонала для всех видов деятельности в экономике, культуре и всех секторах социальной жизни» [6, Р.195].

Для выделения основных особенностей системы высшего образования необходимо сосредоточить внимание на том, каким образом система сама определяет действия и изменения. Такой подход изнутри позволяет избежать простого возложения ответственности за все на общество. Ральф Дарендорф прекрасно выразил эту мысль, заметив, что некоторые области человеческой деятельности выработали свои собственные образы действия: мир науки или искусства. Иными словами, существует такая вещь, как секторальная гегемония [7, Р.142].

Естественные и гуманитарные науки и высшее образование, например, обладают автономией, которую невозможно представить в начальном или современном среднем образовании. Они свободнее от семьи, сообщества и церкви и прежде всего от контроля местных чиновников и общественности. В прошлом столетии система высшего образования превратилась в сравнительно независимый сектор современных обществ [3]. Есть и другое мнение, что несмотря на распространенное представление о том, что высшее образование поддерживает все более глубокие отношения взаимозависимости с другими частями общества и, следовательно, является во многом зависимым, полезнее считать, что этот сектор развил собственную серьезную структуру и соответствующие процедуры, которые обеспечивают некоторую автономию и прочное преобладание над определенными задачами и функциями [8]. Английский историк А.Б.Коббен предложил прекрасный анализ борьбы вокруг первых попыток создания университетов в средневековой Европе, ответив на главный вопрос, почему Болонья и ее подражатели в Северной Италии продолжили свое существование, а более ранние и не менее перспективные попытки в Салерно потерпели провал. Основной слабостью Салерно, - заметил он, - была его неспособность создать защитную и сплоченную организацию

для поддержания своего интеллектуального развития. Коббен делает вывод, что история средневековых университетов со всей убедительностью показывают, что за академическим прорывом сразу же должен следовать **институциональный** ответ, чтобы интеллектуальный потенциал не был растрочен впустую. **Институционализация** в данном случае – процесс создания социального института, предполагающего замену спонтанного и экспериментального поведения на предсказуемое поведение, которое ожидается, моделируется, регулируется путем определения и закрепления социальных норм, правил, статусов и ролей, приведения их в систему, способную действовать в направлении удовлетворения некоторой общественной потребности. Последовательные **этапы процесса институционализации**: а) возникновение потребности, удовлетворение которой требует совместных организованных действий; б) формирование общих целей; в) появление социальных норм и правил в ходе стихийного социального взаимодействия, осуществляемого методом проб и ошибок; г) появление процедур, связанных с нормами и правилами; д) институционализация норм и правил, процедур, то есть их принятие, практическое применение; е) установление системы санкций для поддержания норм и правил, дифференцированность их применения в отдельных случаях; ж) создание системы статусов и ролей, охватывающих всех без исключения членов института.

Отсутствие регулярной организации поначалу может способствовать широким исследованиям, но закрепления и управляемого развития можно достичь только с помощью институциональной структуры [9, Р. 47, 38]. К сожалению, по мнению Бертона Р. Кларка недовольные сетования вряд ли «...способны изменить такую естественную неопределенность цели. Как говорят Майкл Д. Кози и Джеймс Г.Марч, почти каждый образованный человек может прочесть лекцию под названием «Цель университета». Почти никто не станет слушать такую лекцию по своей воле. В основном такие лекции и соответствующие статьи представляют собой исполненные благих намерений и бессодержательные упражнения в социальной риторике. Нормативные заявления о целях университета, как правило, формируют цели, которые оказываются бессмысленными или размытыми...» [10, Р. 195].

Цели столь широки и неопределенны, что у университета или системы нет никаких шансов достичь их (или они не в состоянии их достичь). И нет никаких способов, позволяющих оценить степень **достижения** цели. Никто даже не знает, согласны ли влиятельные группы в системе с какой-то одной или всеми заявленными целями и в какой степени [6, Р. 195-196].

Замысел данного исследования состоит в том, чтобы посредством очного и заочного диалога заострить внимание высших учебных заведений на необходимость самого активного участия преподавателей социогуманитарных дисциплин в создании научно-методических, социальных аспектов накопления культуры и соответствия высшей школы требованиям эффективной интеграции с мировым образовательным пространством.

В свое время американский ученый Л.О. Уайт, трактовал культуру как целостную и самонастраивающуюся систему, включающую в себя символическую и технологическую сторону. Интенсивно развиваясь, культурология стала сегодня интегративной областью знания, рассматривающей **культуру** прежде всего как общечеловеческое достояние.

Человек существует не только в обществе, но и в культуре. Культура представляет собой специфическую форму бытия, возникновение, существование и изменение которой связано с человеком и определено его деятельностью. Познавая культуру, человек познает не некую независящую от него реальность, а по сути себя самого, свое собственное бытие, объективированное в фактах культуры. В познании культуры человек использует техники и приемы познания как общего, так и весьма специфического характера, проясняя смысл своего собственного бытия, своей деятельности. **Университет** в этом плане есть постоянное напоминание о том, что познание – это вовсе не такое дело, которое мы делаем ради чего-то другого, например, для применения этого знания на практике, - в промышленности, политике и т.п. Нет, сама политика, промышленность и всяческие формы практики существуют для того, чтобы люди могли пребывать в сфере абсолютного духа, заниматься познанием – высшей радостью человеческого бытия, то есть сама политика, промышленность, образование определяются особенностями культуры. Более того, именно особенности культуры чаще всего

порождают те или иные формы политики, промышленности, образования и т.д. Отсюда можно сказать, что характером культуры во многом определяется и механизм заимствования конкретным обществом тех или иных форм организации жизни у других обществ.

Вопрос об **исторической** динамике культуры – это вопрос об исторических типах культур и их особенностях. Задача обнаружения и описания различных типов культуры и соответственно различных типов общества весьма сложен. Однако для нас наиболее важным с точки зрения философского подхода является выявление **исторической** типологии культуры, имеющей универсальное значение. По мнению профессора В.Ф.Шаповалова такая типология исходит из «... признания универсальных тенденций в развитии культуры, порожденных взаимосвязями и взаимозависимостями различных регионов и стран. Это означает, что все страны и народы в той или иной форме проходят (или должны пройти) одни и те же этапы в эволюции типа культуры. Особенности отдельных культур при этом не исчезают, но подвергаются видоизменениям по мере включения в единый процесс мирового развития...» [11, С. 572].

Рассматривая историческую динамику **культуры** под углом всемирности, приходится признать, что особую роль в ней играет западная культура. Научный и промышленный переворот, осуществляемый в Новое время, был во многом подготовлен средневековой **культурой**, в рамках которой возникли университеты, школы, рациональная «автономия» схоластического метода. В эпоху **Нового времени** (XVI - начало XVIIв.) христианство, ориентировавшее человека на сферу духовной жизни и поиск спасения души, столкнулось с утверждением важности активной деятельности человека в делах практических. Философия **Нового времени**, развивая традиции Возрождения, оправдывала человеческую активность, естествознание основывалось на идее отождествления природы и машины, естественного и искусственного, научного и технического. Для науки Нового времени было характерно противостояние человека и природы, активное вторжение в природную предметность и преобразование ее с учетом собственных интересов. В целях искоренения невежества и распространения света научного знания в философии Нового времени большое значение приобрел **рационализм** – определенный способ объяснения мира, где доминирующая роль принадлежит **разуму**. Рациональность опосредована предварительной работой мысли, предполагает по мнению Т.Г.Лешкевич, «... построение схем деятельности в идеальном плане, связана с целесообразностью и общезначимостью; в **рационализме** главенствующей является идея...» [12, С. 73-76].

Возникновение **науки** Нового времени (Коперник, Галилей, Ньютон) имело следующие теоретические предпосылки: мыслители – **схоласты** оставили в наследство новоевропейской науке развитый метод логического анализа, ремесленники подготовили почву для количественного подхода к явлениям, эпоха Ренессанса воспроизвела античные традиции абстрактно-дедуктивного мышления; важное значение имела публикация (в 1543г.) трудов величайшего греческого математика и физика Архимеда.

Средневековье – хронологический большой и неоднородный период, охватывающий V-XVвв., а средневековая философия – это сложное образование, связанное, с одной стороны, с магистральными идеями нарождающегося христианства, а, с другой – античностью [13, С.40-46]. Подход к средневековой философии – это подступы к исторически своеобразному способу философствования, сопряженного с религиозной идеологией, основанной на принципах откровения и единобожия. Предпосылки становления и развития философии в средние века связаны с социально-экономическими, политическими и идеологическими условиями эпохи Римской империи: обезличивание рабского труда, падение его производительности, восстания рабов, появление таких социальных групп и прослоек как вольноотпущенные, свободные люмпены, колонны, профессиональные солдаты и др. Варварские нашествия V - VIвв. вызвали экономический хаос и беспорядок. На смену официальной римской религии, не могущей дать утешения массам, и восточным культам шло христианство, которое утверждало, что земная жизнь преходяща и праведно живущие будут жить в блаженстве в ином царстве. К особенностям средневековой философии надо отнести тот факт, что истина была открыта в откровении, в священном **Писании**. Истина стремилась проникнуть в него, а человек, постигая

истину, причащался посредством разума к Богу. Христианство решало проблему человека, возводя его до божества, предлагало профетическую церковь-общину, демократизм и всеобщую религиозность, монотеизм, религию священных писаний.

Становление новоевропейской науки свидетельствовало о всецелой рационализации **мышления**. Происходило замещение упований на откровение и значимость божественного предопределения процедурами осознанного научного поиска [12, С. 73-76].

Ведущей для новоевропейской науки стала идея «закона идея прогресса, особую значимость приобретает получение нового знания, принцип упорядоченности и классификации, соединение теории и практики. Когда новоевропейская цивилизация и наука только становились, **университет** был оплотом средневекового общества, схоластики, консерватизма (как в позитивном, так и в негативном смысле слова), - он был «реакционен» по отношению к галилеевской науке, развивавшейся тогда по преимуществу в **академиях**. Университет принадлежал еще к старой эпохе письма, - эпохе рукописных книг, которые зачитывались профессорами с кафедр, а слушатели конспектировали содержание «лекций», чтобы потом в дальнейшем самим оглашать их с кафедры следующему поколению студийусов. Академии же, напротив, новаторские по своему замыслу, делали ставку на использование **наук** в технологической практике.

Однако средневековый по своей сути университет не умер и в Новое время. Становление системы массового образования пошло по пути того, чтобы «налить новое вино в старые мехи»: университет усвоил новую науку и во взаимодействии с академией по существу возглавил сциентизированную (абсолютизация роли науки в системе культуры...) цивилизацию.

Культура в широком смысле предстает как совокупность материальных и духовных ценностей, специфически человеческий образ жизни, а также как знаковая система и система ценностей. Философы по-разному определяют сущность культуры, рассматривая ее с точки зрения предметно-ценностного наполнения – «аксиологическая концепция»; как технологию воспроизводства жизнедеятельности общественно развитого человека, - «деятельностная концепция»; как духовное богатство личности и основу творческой активности – «личностная концепция»; как совокупность информации и знаковую систему – «информационная концепция».

Для того, чтобы возникла **культура**, как особая среда, которая непосредственно окружает и в которой живет человек, необходимы были какие-то особые условия и предпосылки. В чем они состоят – вопрос чрезвычайно важный и сложный, на который дает ответ целый комплекс наук, в том числе и философских: социальная философия, философия культуры, культурология. Причем связывает так, что природные явления предстают перед ним не в своей непосредственной первоизданности, а в преобразованном виде, как составная часть предметов культуры, то есть будучи ею освоенными, изменившими свою форму и природную сущность.

По мнению профессора Т.Г.Лешкевича, «... специфика философии проявляется в том, что она применяет свой особый метод рефлексия – метод оборачивания на себя, челночное движение, предполагающее возвращение к исходным предпосылкам и обогащение новым содержанием. Для философии характерна переформулировка основных проблем на протяжении всей истории человеческой мысли. Условно это ее свойство может быть обозначено как обратимость или рефлексивность философии...» [12, С. 19-20].

Возрождение открыло заново свободу мыслить, Ренессанс был занят поиском индивидуальности, стремлением уяснить и обосновать независимо достоинство особого индивидуального мнения, вкуса, дарования, образа жизни. Начиная с XVв. происходит целый ряд изменений в социально-экономической и духовной жизни Западной Европы. Они были связаны и с освобождением от церкви и религии и наступлением эпохи художественно-эстетической.

Наука опирается на **факты**, их экспериментальную проверку. Философия же отстает от сферы повседневности и уносится в мир интеллигибельных сущностей (Intelligibilis-

Оқулықта материал тарау, параграф, тақырыптар бойынша баяндалады. Материалды меңгеруді жеңілдету үшін келесі түрдегі иллюстрациялар беріледі: суреттер, карталар, сызбалар, графиктер, схемалар, кестелер. Хабарлаушы материалдан басқа, оқулықта оқып үйренушіге білімді игеру және жүйелеуге көмек ретінде сұрақтар мен тапсырмалыр келтіріледі; кейде өз бетінше білім алушыларға әдебиеттер көрсетіледі.

Оқулықтар төмендегідей классификацияланады:

- практикумдар (практикалық тапсырмалар және олардың шешулері келтірілген жаттығулар бойынша білімгерлердің сол және сол сияқты практикалық әдістермен білімдерін бекітуге мүмкіндік беретін басылымдар);

- хрестоматиялар (тақырып бойынша ақпарат өте кең көлемде баяндалған, әртүрлі түсініктемелермен, иллюстрациялармен толықтырылған басылым);

- сөздіктер, анықтамалар және энциклопедиялар (білімгерлерді оқып-үйренетін тақырып бойынша түрліше бейнеде, кең көлемде әртүрлі фактілермен танысуға мүмкіндік беретін ақпараттардан тұратын басылым).

Оқулықтардың, ережеге сәйкес, беттер саны көп болады, бірнеше жүздеген, кей жағдайларда сериямен жарық көреді.

Оқу құралы – басылымның ресми түрде бекітілген түрін толықтыратын немесе дербес алмастыратын оқулық. *Оқу құралының әрбір тарауы пән бойынша білімдерді меңгеруге көмек ретінде көмекиші сипаттағы тапсырмалар және/немесе бақылау сұрақтарымен қамтамасыз етіледі.* Әдетте оқу құралы оқулыққа көмекші ретінде жарияланады. Сонымен қатар оқу құралы:

- уақытша пән бойынша ҚР БЖҒМ шешімімен ұсынылған оқулық болмаған жағдайда, әрі мамандықтың мемлекеттік стандартының өзгеруі және жаңа пәннің оқу жоспарының пайда болуы салдарынан негізгі оқу басылымы бола алады;

- пән бойынша таңдау компонентіне кіретін негізгі оқу басылымы бола алады.

Оқу құралының оқулықтан өзгешелігі мынада: онда тек қана апробацияланған жалпыға танылған білімдер мен ережелермен қатар қандай да бір проблеманы шешуде әртүрлі көзқарастарды көрсететін даулы сұрақтар да енгізіледі.

Оқу құралдары былайша классификацияланады:

- әдістемелік ;
- көрнекілік;
- конспектілік;
- каталогтық ;
- иллюстрацияланған көздер(атластар, үлгілер).

Көрсетілген әрбір түр білімгерлерге тақырыпты игерудің нақты әдісін табуға мүмкіндік береді. Осылардың ішінде құрылымы және ақпараттарды мазмұндау әдісі жағынан әдістемелік құрал оқулыққа көбірек ұқсайды. Көрнекілік және иллюстрацияланған көздер тақырып бойынша пайдалы визуализациялы әртүрлі фактілерден тұрады. Конспектілер оқылатын тақырып бойынша негізгі фактілерді барынша кең көлемде меңгеруді, каталогтық-зерттелінетін бағыт бойынша білімнің жаңа көздерімен қамтамасыз етеді.

Жоғарыда қарастырылған оқу басылымдарынан басқа оқу-әдістемелік құрал, әдістемелік әдебиеттер, әдістемелік ұсыныстар да оқу құралдарына жатады .

Оқу әдістемелік құрал-оқу пәнін, оның тарауларында, бөлімдерінде қарастырылатын материалдарды оқып үйрену әдістемесінен тұратын оқу баспасы.

Әдістемелік әдебиет - пәнді оқып-үйренуге, яғни өзіндік, курстық жұмыстарға, дипломдық жобаларға, зертханалық, іс-тәжірбиелік сабақтарға әдістемелік нұсқауларды, семинар сабақтарының жоспары , есептік –графикалық тапсырмаларға нұсқаулықты , пән бойынша иллюстративті материалдарды қамтиды, бірақ авторлық құқығы мен оқу – әдістемелік кеңес грифі болмағандықтан ресми басылым бола алмайды.

Әдістемелік ұсыныстар –оқытушыларға немесе мамандарға, оқып –үйренушілерге өздерінің іс –әрекетінде пайдалануға арналған оқу –әдістемелік басылым, бірақ авторлық құқығы мен оқу –әдістемелік кеңес грифі болмағандықтан ресми басылым бола алмайды.

б. Сапалы оқу әдебиетіне қойылатын талаптар.

Оқулықтарға келесідегідей талаптар қойылады:

- оқулық тілі оқып үйренушіге түсінікті және қарапайым болуы;

- оқулық оқу бағдарламасы негізінде құрастырылуы;

- оқулық материалы жүйелі, логикалық баяндалуы;

- оқулық қазіргі ғылымның даму деңгейін бейнелеуі;

- оқулықта дәл тұжырымдамалар, негіздеулер, ережелер және еске сақтауға тиістілерін бөліп алып көрсетілуі ;

- кредиттік оқу жүйесіне сәйкес оқулықта әрбір параграфтан кейін оқып - үйренушінің өз білімінің тексеруге арналған бақылау сұрақтары, тапсырмалар (саны 30- дан 120 тапсырмаға дейін) берілуі;

- оқулықта қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде отандық және әлемдік әдебиеттер көрсеткіші құрастырылуы, сонымен бірге алдағы уақытта берілген пән бойынша терең және өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ғаламтор ресурстары келтірілуі;

- оқулықта сапалы иллюстрациялар болуы;
- оқулық санитарлық – гигиеналық талаптарға сәйкес дайындалуы (шрифт, түптелуі) тиіс.

Ғылыми – әдістемелік талаптар:

- мазмұн көлемі, оның жеткіліктілігі мен толықтығының оңтайлы болуы. Мазмұн көлемі (3 кредит үшін кем дегенде оқу мәтіні 4 б. т);
- жаңалығы (ғылыми – техникалық прогресстің дамуы білім беру мазмұнын жаңартуды талап етеді. Оқулықтарды лицензиялау ережелерін өзектендіруде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге 5 жыл және жаратылыстану пәндеріне 10 жыл қарастырылады);
- жекелей-бағдарланған, құзыреттілік тәсіл ескеріледі;
- МЖББ стандартына және типтік оқу бағдарламасына сәйкестігі;
- құрастырылу әдістерінің өзіндік ерекшеліктері мен жаңалығы (диалогтық/білімгерлерге үндеу, әртүрлі көзқарастарды ұсыну, көріністердің, процесстердің күшті және әлсіз жақтары және т.б) проблемалық, рефлексивтік (ойлауды жетілдіру, өзіндік бақылау, өзіндік талдау, білімгерлердің өзін-өзі бағалауы, процесстерді, көріністерді және т.б өзіндік бағалау жүйесін өңдеу) практикалық –бағдарлылық және т.б.

Оқу құралына қойылатын негізгі талаптар:

1. Оқу құралына келесі міндетті элементтер: мазмұны, кіріспе, қорытынды, анықтама-библиографиялық ақпарат болады.
2. Кіріспе келесі аспектілерден тұрады:
 - басылымның мақсаты, оның оқу бағдарламасына сәйкестілігі;
 - оқырманның мекен-жайы;
 - оқулық басылымының түрі, пәні бойынша басқа да оқу басылымдар жүйесінде алатын орны, өзектілігі, жаңашыл дәрежесі, авторлық концепсиясының ерекшеліктері;
 - оқу құралының оқу үрдісінде пайдалануы жөніндегі әдістемелік ұсыныстар;
 - оқу құралы құрылымының жалпы сипаттамасы, басылымның қолдану аппаратының тиімділік ерекшеліктері (дидактикалық, библиографиялық, анықтамалық және т.б.).
3. Оқу құралының мазмұны мамандықтың жұмыс жоспарына және пән бойынша бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес келуі тиіс. Мәтіннің негізгі бөлімінің тақырыптары (бөлімдер, тараулар, параграфтар) оқу материалын баяндау логикасына және оқу пәнінің тақырыптық жоспарына сәйкес болуы керек.
4. Тақырыптық бөлімдер оқу материалының бөлімдерін жалпылайтын және білімгерлер өз-өзін бақылайтын дидактикалық аппараттар (бақылау сұрақтары, мысалдар, жаттығулар, есептер, тесттер) қорытындысынан тұру қажет.
5. Анықтамалар мен тұжырымдамалар жалпылай қабылданған ғылыми терминологияға сәйкес болуы тиіс; оқу материалының баяндалу тізбектілігі «қарапайымнан күрделіге» принципін сақтауы тиіс.
6. Қорытынды оқу материалын жалпылау функциясын атқарады және келесі аспектілерден тұрады:
 - негізгі қорытындылар,
 - шешілмеген және қиынырақ шешілетін мәселелер сипаттамасы,
 - алдағы уақытта пәнді өз бетінше оқып- үйренуге ұсыныстар,
 - пәннің даму перспективалары (ғылым саласында).

Қорытынды. Сонымен біз заманауи талаптарға сай оқу әдебиетін дайындау мәселесін жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы шешу қажет деп түйіндедік. Ал жаңа технологияның артықшылығы, сабақ беріп жүрген пән бойынша күнделікті өзінің еңбек жемісінді тек өзін емес, басқанын да көруіне мүмкіндік жасайтындығында. Дидактикалық модул бір рет жазылып, үш - төрт жыл соның көмегімен сабақ өткізіліп, сұрыпталғаннан кейін ғана оқулық ретінде баспаға ұсынылса, қазақ тіліндегі оқулықтар тапшылығы болмас еді; оқытушылардың тәжірибесі кең тарар еді, жас маман - оқытушыларға таптырмайтын әдістемелік құрал болатын еді. Оқу үрдісін технологиялық тәсіл негізінде жобалаудың принциптерін басшылыққа алып жасалған оқу құралдарының мысалы ретінде С.М.Сейтованың «Мектеп курсындағы мәтінді есептер моделі»

және «Математика бастауыш курсының негіздері», Г.О.Кожашеваның "Аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра", «Дифференциалдық геометрия есептері мен жаттығулары», «Конструктивтік геометрия негіздері» және «Жоғары математиканың есептері мен жаттығулары» атты оқу құралдарын келтіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сеитова С.М. Оқу – тәрбие жүргізу жүйесіндегі жаңа технологиялар//«Ұлт тағылымы», №4, Алматы, 2006 ж. 41-43 бет
2. Сеитова С.М. Бүгінгі мектеп-ертенгі ел болашағы// Материалы республиканской научно-практической конференции Перспективы развития педагогики, психологии и обновленного образования», Талдықорған 2018 г. 316-321бет
3. Кожашева Г.О. Жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға қатысты пікір// Жас ғалымдар –Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына» атты халықаралық ғылыми конференцияның еңбектері. Алматы, 2001ж., 698-700 бет
4. Кожашева Г.О. Оқу үрдісін технологияландыру негізінде студенттердің оқу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Талдықорған, 2002 ж., 96-99 бет
1. Сеитова С.М., Кожашева Г.О. т.с.с. Ғылыми және оқу әдебиетін дайындауға әдістемелік нұсқаулар. Талдықорған, 2018. 102 б., ISBN 978-601-216-480-0

ӘӨЖ 378.147.2:811.112.2

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ УАҚЫТ, КЕҢІСТІК, ӨЛШЕМ КАТЕГОРИЯЛАРЫН ФИЛОСОФИЯ, МӘДЕНИЕТТАНУ АСПЕКТІНДЕ ТАЛУ

Токтанова Ә.К.¹ пед.ғыл.магистры, оқытушы, Уалиева С.А.¹ пед.ғыл.магистры, аға оқытушы, Чинибаева К.М.¹ аға оқытушы

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,¹ Талдықорған қаласы

Assel_miledi83@mail.ru

В этой статье рассматриваются роль и значение категории времени, пространства и измерения в казахском языке, а также их применение в философии и культурологии.

Ключевые слова: пространство, время, измерение, сознание, движение, мировоззрение, культура

Бұл мақалада қазақ тіліндегі уақыт, кеңістік, өлшем категорияларының рөлі мен мәні, сонымен қатар философия және мәдениеттану ілімдеріндегі қолданысы қарастырылады.

Кілт сөздер: кеңістік, уақыт, өлшем, сана, қозғалыс, көзқарас, мәдениет

This article discusses the role and importance of the category of time, space and measurement in the Kazakh language, as well as their application in philosophy and cultural studies.

Key words: space, time, measurement, consciousness, movement, worldview, culture

Қозғалыстағы заттармен неше түрлі үрдістер уақыт, кеңістік, өлшем шеңберінде өтіп жатады. Философиялық тұрғыдан алғанда уақыт – дүниедегі болып жатқан оқиғалардың бірінің соңынан екіншісінің келуі. Кеңістік деп заттар мен құбылыстардың бірінің жанында бірінің орналасуын айтамыз. Ал өлшем – белгілі бір сапаның шеңберіндегі әртүрлі сандық өзгерістердің бірлігі. Кеңістік пен уақыттың табиғаты жөнінде сонау көне заманнан бастап осы уақытқа дейін екі көзқарас қалыптасты. Олар: субстанциализм – кеңістік пен уақытты дүниенің алғашқы негіздерінің бірі ретінде қарайды және релятивизм (салыстырмалы) – кеңістік пен уақыт қозғалып жатқан неше

түрлі материалдық объектілердің формалары, соған бағынышты.

Бірінші көзқарастың негізін салған көне грек философы Демокрит болды. Ол өзінің атомистік ілімінде дүниенің алғашқы негізін құрайтын екі бастаманы мойындайды: оның бірі көзге көрінбейтін атомдар және бос кеңістік. Атомдар сол кеңістікте құлдырап келе жатып бір-бірімен соқтығысып, табиғаттың заттарын тудырады. Яғни, кеңістік – субстанциялық алғашқы негіздердің бірі.

Сол заманның ірі ойшылы Эмпедокл бұл пікірге қарсы шықты. Яғни, оның пікірінше, бос кеңістік жоқ.

Орта ғасырдағы ойшылдар уақыт пен кеңістікті Құдайдың жасампаздық іс-әрекетіне теңеді. Дүние өтпелі болып, кеңістік пен уақытта берілген, тек құдай ғана мәңгілік, олардан тыс жатыр. Олардың ойынша адамдардың өмірі мен жүріс-тұрысы әрқашан белгілі бір өлшемге негізделіп отыруы қажет.

Уақыт, кеңістік, өлшем категорияларын философияда қарастырған ғалымдар: Аристотель, Аврелий, Исаак Ньютон, Иммануил Кант, Эдмунд Гуссерль және тағы басқалар.

Адамның биологиялық өмір сүру ұзақтығына әлеуметтік факторлар өзінің зор әсерін тигізеді. Мысалы, алғашқы қауымдық қоғамдағы адам өмірінің орташа ұзақтығы 25 жылдай болса, дамыған елдердегі көрсеткіш 75-80 жылға дейін жетеді. Ал өмір сүру кеңістігіне келер болсақ, адам өзінің сапалы іс-әрекетінің негізінде жер бетіндегі барлық аймақтарды игерген. Бүгінгі таңда адам аяғы баспаған жер жоқ деуге болады. Биологиялық уақыт организмнің өмір сүруінің әр сатысында соған сәйкес өзгеріп отырады. Адамның жас кезінде организмдегі «сағат» айнала қоршаған уақыттан гөрі тезірек өтеді де, психологиялық тұрғыдан келгенде адам өмірі баяу өтіп жатқан тәрізді болады. Кәрілік келіп, организм қартайған кезде оның «сағаты» жоршаған ортадағы уақыт ритмінен қалыңқырап, психологиялық тұрғыдан алғанда, өмір зымырап тез өтіп бара жатқандай әсер тигізеді.

Уақыт, кеңістік және өлшем - адам өміріндегі философиялық ұғымдардың ең негізгісі болып табылады. Уақыт категориясы ғылымның философия, тіл білімі, мәдениеттану салаларының зерттеу нысаны.

Философтардың көбісі уақытты субъектілік феномен ретінде қарастырады. Психологиялық уақыттың анықтамасы адамның танымына қатысты көрсетіледі:

Өткен шақ	—————→	адамның есі
Осы шақ	—————→	ұғым
Келер шақ	—————→	елестету

Яғни, өткен шақ адамның еске түсіруі арқылы, осы шақ ұғым арқылы, ал келер шақ жоспарлау, елестету арқылы анықталады.

Уақытты субъективті түрде бағалау адамның сезімі мен эмоциясына негізделеді. Соған қатысты уақыт тез немесе баяу өтуі мүмкін.

Философ Кант уақыт пен кеңістікті адам сезімі мен эмоциясының жемісі деп анықтама берді. Кеңістік – адамның ішкі сезімінің, уақыт – сыртқы сезімінің формасы.

Уақытты неге сезімнің формасы дейміз? Бұл сұраққа жауап табу үшін ең алдымен уақыттың сандық және сапалық қасиеттерін анықтау қажет. Уақыттың сандық қасиетіне сағатпен өлшейтін мөлшерін жатқызамыз. Уақыттың метрикалық қасиетіне қарағанда оның сапалық қасиеттері неғұрлым тұрақты. Уақыттың негізгі сапалық қасиеттерін төмендегідей анықтаймыз:

- Бірқалыптылық: уақыт шынайы өмірде өтіп жатады, ол асықпайды, немесе баяулап қалмайды, бірқалыпты өтеді.

- Бірбағыттылық: уақыт өткен шақтан болашаққа қарай жүреді.
- Сызықтық: уақыт ағымы өз-өзімен қиыспайды.
- Қайталанбаушылық: уақыт қайтып келмейді.
- Себеп-салдармен байланыс: даму кезеңі мен уақыт байланысты.
- Өзгермеушілік: өткен уақытты өзгерте алмаймыз.
- Қозғалыспен байланысты: уақыт тоқтамайды, қозғалып отырады.

Талдау көрсеткендей уақыттың әр қасиеті оның әртүрлі концепцияларына қатысты қолданылады.

Уақыт жылжыған сайын сағат түрлері де өзгеріп, оның әлеуметтік бағыты да өзгеріске түсе бастайды. Зымырап жатқан осынау уақыт туралы да философиялық пайымдауларды көп айтқан

казактың ұлы ойшылы, философ – Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Ол XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдеби, рухани дамуда, прогресшіл ой пікірлердің қалыптасуында, казак мәдениеті мен философиясының тарихында зор үлес қосқан зиялы адам. Оның уақыт туралы: «...табиғат құбылады, жаңбыр жауады, тау басын мұз шалады, көктемде еріп сай-сай, жылға-жылғадан бұлақтар сылдырлай ағады, бұлақтар жиналып, өзенге, өзендер жиналып, теңіз, мұхиттарға құяды. Ондағы су буланып, қайтадан жауын-шашын, қар болып жерге, тауға түседі. Мұның бәрі – қозғалыс. Дүниедегі құбылыстардың қай-қайсысы да шексіз. Өмір бір орында тоқтап тұрмайды, өзгереді, дамиды, өледі. Уақыт алға жылжыған сайын жас келіп адам қартайды, орнына жаңа ұрпақ дүниеге келеді. Мәңгілік, тіпті бүкіл дамудың кілті болып табылатын қозғалыстың өзі де уақыт аясында өтеді...»-деген пікірі «Тұрақсыз шыр айналған дүние» деген философиялық тұжырымындамасында айтылған.

Уақыт туралы жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Уақыттың жалғыз өлшемі бар, ол-адам ғұмыры» деген ойлы сөзі бар. Адам өз ғұмырындағы болып жатқан жайттарды өз пайымдауынша, өз сезінуімен өлшейді. Бұл мәселе философия - мәдениеттану - психология арақатынасы арқылы анықталып тұр. Мысалы, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда казак халқының басынан өткен ірі-ірі оқиғалар болды. Соның бірі – жонғар шапқыншылығы. Осындай ел басына туған қиыншылық халықтың сезіміне үлкен әсер етті. Бұл ауыр оқиға казак тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. Мұның мәнісі: атамекен, мал-мүлкінен айырылып аш-жалаңаш босқан ел шұбыра-шұбыра табаны ағарып, азып-тозды деген сөз. Осындай қиын шақта еркіндікті аңсап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныш күнді арман еткен халық сезімін, қайғы-қасіретін Қожаберген жырау «Елім-ай» әнімен зарлы, мұңды етіп біздің заманымызға жеткізді.

Өлшем – заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория. Диалектика теориясында өлшем оның негізгі заңдарының бірі болып табылатын сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге және керісінше, сапалық өзгерістердің сандық өзгерістерге өту заңының құрамына енеді. Бұл заңбойынша, қандай да болмасын объектінің сапасы мен сандық сипатының арасында терең байланыс бар. Өлшем берілген сапаның өзін сақтай отырып, сандық өзгерістердің шегін білдіреді. Бұл шектен асқанда объект сапалық өзгеріске ұшырайды, ал сапаның өзгеруі, жаңа сапаға өтуі өз кезегінде сандық өзгерістерге жетелейді. Сондықтан Гегель өлшемді “сандық сапа” немесе “сапалық сан”, яғни сапа мен санның бірлігі деп анықтаған.

Антикалық философияда өлшемді адам танымындағы біртұтас ұғым деп қарастырған. Мұндай тұжырымның авторлары – Аристотель және Платон. Аристотельдің ойынша біртұтастық ұғымы кез-келген заттың мөлшерінің алғашқы өлшемі сол заттың көлемінің көрінісі болып табылады. Көптеген философтар өлшем туралы ой қозғаған. Клеобул: «Өлшем бәрінен де пайдалы». Солон: «Барлық зат мөлшерінің шегі бар». Фалес: «Өлшемді бақыла», Питтак: «Әр нәрсенің өлшемін біл».

Г. Гегель «Логика ғылымы» еңбегінде: «...барлық нәрсенің өлшемі болуы керек, себебі, әр нәрсеге жаратушы арқылы шек қойылған» - дейді.

Өлшемнің адам танымына қатыстылығын мына сызбанұсқадан көре аламыз:

Өлшем → ақпарат → болмыс

Әлемдік өлшем – дүние болмысы мүмкіндіктері туралы ақпараттың матрицасы. Яғни, әлем өз мүмкіндіктері жайлы адам танымына ақпарат беріп отырады. Сол ақпаратты талдау нәтижесінде өлшем белгіленеді.

Философ Протагор «Барлық заттың өлшемі - адам» деген тұжырым айтқан. Ол өзінің осы пікірін былай түсіндіреді: «Әр заттың өлшемі мен үшін қандай болып көрінсе ол шынында сондай мөлшерде болады». Яғни, оның пайымдауынша, өлшем де уақыт пен кеңістік сияқты адам сезімі арқылы анықталады.

Уақыт, өлшем, кеңістікті тану әр мәдениетте әртүрлі көрініс береді. Себебі, бүгінгі таңда мәдениет полихронды (адамдармен, отбасымен қарым-қатынас) және монокронды (жеке жетістіктер, жұмыста берілген тапсырманы орындау, құжаттармен жұмыс) болып екі түрде қарастырылады. Монокронды мәдениет өкілдері (Батыс Еуропа, АҚШ) уақытты алдын ала жоспарлауды әдетке айналдырған. Швейцарлықтардың, неміс, швед, американдықтардың өте дәл

уақытпен жүретін, яғни, ешқашан кешікпейтін дәлдік қасиеттері олардың діни еңбек этикасымен байланыстыруға болады. Батыс Еуропа мен көне Ресей тұрғындарының түсінігінше еңбек ұғымы құдаймен тікелей байланысты болған. Олардың ойынша уақыт – құдайдың берген капиталы. Оны адамдар дұрыс пайдаланып, сақтай білуі керек. Көне мәдениет өкілдерінің осы түсінігінің көріністері бүгінге дейін сақталған. Полихронды мәдениет өкілдері (Оңтүстік Еуропа, Латын Америкасы, Африка және шығысбия елдері) үшін жұмыс тек өмір сүру үшін қажетті мүмкіндік ретінде жоспарланған. Олар жұмысты ешқашан қатал тәртіппен орындамаған.

Батыс елдерінің уақыт пен кеңістікке монохронды қатынасы полихронды мәдениеттің менеджер өкілдері үшін үлгі болды. 1980 жылдың соңында жғалымдардың жүргізген сауалнамасы нәтижесі бойынша Бразилия, Мавритания және Оңтүстік Кореня елдеріндегі «уақыт-ақша» ұғымы Батыс Еуропаға қарағанда басымырақ мәнге ие болғанын байқаймыз. [1; 67].

Қазақ халқы полихронды мәдениет өкілдеріне жатады. Себебі, халқымыздың мінезіне тән ерекше қасиет – рухани, әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалау.

Әлемнің тілдік бейнесін танудағы негізгі ұғым мен түсініктің бірі уақыт пен кеңістік категориясы. Уақыт пен кеңістіктің болмыспен және бір-бірімен байланысы жөніндегі қағидаға ғалымдар ерте кезден бастап-ақ ерекше назар аударып, ежелгі грек оқымыстыларының философия, физика, математика, логика, астрономия және тіл білімі саласындағы көзқарастарынан бастап, қазіргі ғылымдағы жетекші идеялардың біріне айналып отыр.

Идеалист философтар (Беркли, Юм, Кант және Гегель) кеңістік пен уақыт объективтік шындық екенін теріске шығарады. Олар уақыт пен кеңістікті адам санасындағы өмір сүретін немесе сана арқылы өмір сүретін, рух жаратқан нәрсе деп санайды. Бірақ ХХ-ғасырдың басынан бастап физика саласындағы күрт өзгерістер кеңістік, уақыт, қозғалыс және болмыстың біртума, бірлікте екенін көрсетеді.

Қазақ халқы табиғатпен етене өмір сүріп келгендіктен, оның дүниетанымдық бағдарлары да осы табиғатпен ілесіп дамыды. Ежелгі қазақтың болмыс шындығына жақын болуы және болмыспен тамырластығы, олардың уақыт, кеңістік тәрізді ұғымдарын адамның ішкі жандүниесімен болмыстың мәнін түсінумен тығыз байланыстырды.

Кеңістік пен уақыт көшпенді мәдениет өкілдері санасының негізгі құрылымдық өлшемі болып саналады. Кеңістік пен уақыт ұғымдары қоршаған ортаны қабылдауды ұйымдастырушы себепші ретінде болады. Көшпенді санасындағы әлемді уақыт ағымын анықтауы бойынша түсініктері және кеңістіктегі мағыналық бағдарлары ата-бабаларымыздың құнды этникалық мұралары болып саналады.

Түркі халықтарының байырғы өте ерте кездегі дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық түсінігі бойынша жеті ғалам негізінде жатқан құндылықтардың қандай кеңістік қатынастарды туғызғанын көруге болады. Олардың таным түсінігі бойынша дүниенің көлденең өлшемі әлемнің төрт бұрышы – күн көзінің күндізгі жайына қарай *күншығыс, күнбатыс, оңтүстік, солтүстік* деп аталған [2; 105].

Осы туралы тілші-ғалым Р.Б.Иманалиева былай дейді: «Кеңістіктегі бағыттарды айқындаудың ең көне түрлерінің бірі – күннің көкжиектегі орнына (шығуы, батуы, түс мезгілі, түн) байланысты болған. Ол қазақ тіліндегі *күншығыс, күнбатыс, түстік, теріскей* т.б. сөздерде сақталған. Сондай-ақ, түстік «оңтүстік», теріс түстік «солтүстік», күн түстік «оңтүстік»; түн жақ, түндік жақ «батыс», яғни күн жақ – оңтүстікті, түн жақ – солтүстікті білдірген. Мысалы: *күнгей, теріскей* [3,23]. Ағылшын мақал-мәтелдерінде дүниенің төрт бұрышы атаулары кездеседі. Мысалы, *East or West – home is best*. Сөзбе-сөз аударғанда шығыс болсын, батыс болсын, өз үйім бәрінен жоғары. Бұл мақалдың қазақ тіліндегі баламасы – Өз үйім – өлең төсегім.

Жаратылыстанудың мифологиялық моделінің тігінен алынған үлгісін түркі халықтары «бәйтерек» деп таныған. «Бәйтеректе» символикалық мән бар, Ол таным бойынша әлемнің тік өлшемі үш бөліктен тұрады: Аспан – тәңірлер әлемі (жоғарғы ғалам); Жер – адамзат әлемі (орта ғалам); Жер асты – әруақтар әлемі (төменгі ғалам).

Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемелік қозғалысты, жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтерекпен өрмелеп, эпос батырлары аспан денелеріне жете алатын болған.

Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғарғы және орта дүниені үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Ол түсінік бойынша, тірілер әлемі өткен кез бен әруақтар аймағы өзара қатынасын үзбейді.

Ертедегі түріктерде *алдыңғы, артқы, оң, сол жақ* олардың шығысқа қатынасына байланысты. Алдыңғы жақ барлық уақытта – *шығыс жақ*.

Сонымен, адамдар үшін ең әуелі *аспан* мен *жерді, оңы* мен *солын, алды* мен *артын*, яки дүниенің тараптарын тану өмірлік қажеттілік еді. Осының бәрі сана арқылы сараланып, тілде көрініс табады.

Көшпенділерде *уақыт* ұғымы да тек өздеріне ғана тән түсінікте қалыптасты.

Философ-ғалым М.Орынбеков ежелгі қазақтардағы уақыт ұғымы: «алғашында күн мен түн ауысуын сезіну, аңшылық мерзімін түсінумен байланысты болды. Сонымен қатар, олар үшін жыл, кезең, уақыт ұғымдарының мәні болмады» деп түсініктеме берген [4, 235].

Жалпы уақыт пен кеңістіктегі кездескен нысандардың сипатын алғаш ата-бабаларымыз табиғи күйінде ұғынып түсінген, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарындағы түрлі факторларды күнделікті өмір сүру жағдайымен етене байланыста қараған. Таңның атуы мен күннің батуы, судың сууы мен мұздың қатуы, көктің шығуы мен қурауы, заттың ұзындығы мен қысқалығы, жолдың, жайылымның, мекеннің алыстығы мен жақындығы, бір нәрсенің екіншісінен биіктігі немесе аласалығы, судың тереңдігі мен таяздығын, ауырлығы немесе жеңілдігін өзінің күнделікті шаруашылығында атқарған нысандарымен анықтап, өлшеп, межелеп, сырын ұғып тани білген. Дами келе бұл құбылыстар уақыт және кеңістік өлшемдеріне айналған.

Шексіз кең далада мал бағу, үдере көшу, жолаушы жүру, түнқату, жоқ қарау және аң аулау төрт жағын анық айыруды, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспанға қарап бағыт бағдарды белгілеп, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктерді үйретті.

Жер бетін мекен еткен басқа этностар сияқты қазақ халқының танымында да *сан – мөлшер* мен *өлшем – межені* анықтап белгілеуде ешкімге ұқсамайтын өзіндік, этнотанымдық, ментальдық, мәдени символикаға негізделген.

Заттарды сандық тұрғыдан анықтау, оның сапалық қасиеттерін тану негізінде біртектілігін, мөлшерін, көлемін ажыратудан басталады. Бір-біріне ұқсамайтын нәрселердің айырмашылығында сапалық, ал бір-біріне ұқсас нәрселердің айырмашылығында сандық сипат бар.

“Сан дегеніміз – заттың біртекті бөліктерге бөлуге (реалды немесе ойша) және осы бөліктерді қайта қосуға болатындығын білдіретін оның айқындамасы” деген Аристотельден бастаған түсінік, сандық категориясын күні бүгінге дейін анықтайды. Сандық айқындылық заттардың бөлшектік сипаты көптік ұғымында есептеледі, ал тұтастық сипаты көлемдік қалпында өлшенеді, мөлшерленеді.

Бөлшектік сандық, айқындылық сандық категория тұлғасында көрінсе, тұтастық сандық ұғым сапа-сындық қасиеттердің мөлшерлік тұлғасында көрініс табады. Олай болса, болмыстың әрбір өзгеше формасы, ол – өлшем екен. Демек, өлшем – даму процесінде сапаның бұрынғы қалпын қайтадан орнықтыру емес, сол сапаның сандық өзгерістердегі толыса өзгерген дәрежесі. Сонымен, Гегельдің анықтауынша “өлшем дегеніміз сапаның анықталған саны, өлшемі бәрінен де бұрын тұрмыс-тіршіліктің аясында анықталған сандар, мөлшерлер, межелер, шамалар жүйесі” [5; 45].

Өлшем бірліктері бүтіннің бөлшегі ретінде кеңістік қатынасының құрамдас бөлігі болып саналады. Кеңістік пен уақыттың айқындықтары мен өлшемдері тек заттық, табиғи құбылыстарға ғана тән деп қабылдау адамдардың күнделікті үйреншікті сезімдеріне, ойлау салтында берік бекінген. Сондықтан халықтық өлшем адамның айналадағы құбылыс пен заттардың алыс жақындығын, ауқымын, көлемін, мөлшерін, жылдамдығын, уақыт мөлшерін, аласа-биіктігін, тар-кеңдігін, тағы басқа жағдайын шартты түрде болса да анықтауға арналған. Халық өлшемі ғасырлар бойы қалыптасқан қажеттіліктен пайда болған тілдің көмегімен, бейнелі тәсілмен дүниеге келген, реальды өмір құбылысы іс-әрекетпен тікелей жалғасты, олардың күнделікті істерінде, қатынастарында болды, оларды атау сөздермен бекітті.

Бұл құбылыстардың баршасы қалай болса солай көрінген құбылыс пен заттың әрекетіне, қимылына, ісіне, мөлшеріне қарап, соны атаудан туған дәл өлшем емес, сол заттар мен

құбылыстардың образдылығына арналған шамамен айтылған өлшем. Бірақ, шамамен айтылса да, халықтық өлшемдер өмір тіршіліктің барлық саласында қолданылатын, қажеттікті өтейтін өлшемдердің санатында болғандығын атап айтқан жөн. Осыған қарағанда қазақ халқы өзінің өмірінде шамалап өлшеп, нақты өлшеуден қашуды қалаған.

Кеңістік және Уақыт - механикалық қозғалысты қарастырғанда біз дененің кеңістіктегі орнының уақыт өтуіне байланысты өзгеретінін сөз еттік. Бұл екі ұғымның физикадағы маңызы өте зор. Оқиганың бәрі әйтеуір бір жерде және қандай да бір мезгілде, басқаша айтқанда, кеңістік пен уақыт ішінде өтеді. Кеңістіктен орын алмай және кеңістіктен тыс өмір сүретін бірде-бір объекті болмайды, болуы да мүмкін емес, яғни кеңістік материямен тығыз байланысты.

Өтіп жатқан сан алуан оқиғаларды қарастыра отырып, біздің санамызда кең және тар, жуан және жіңішке, ұрзын және қысқа, алыс және жақын деген сияқты кеңістіктің салыстырмалы түрдегі сипатын көрсететін ұғымдар қалыптасады. Кеңістіктің негізгі қасиеттеріне мыналар жатады: оның шынайы бар болуы, материямен біртұтастығы, шексіздігі, үш өлшемділігі (барлық физикалық объектілердің ұзындығы, ені және биіктігі болады).

Кеңістіктің бір кесіндісін, яғни ара қашықтықты өлшеу үшін сызғыштан бастап, әр түрлі ұзындық өлшеуіш құралдар қолданылады. Ұзындықтың негізгі өлшем бірлігі метр болып табылады. Ғылым мен техникада метрдің еселік және үлестік өлшемдері де пайдаланылады. Дене қозғалғанда өзінің орнын тек кеңістікте ғана өзгертіп қоймай, уақыт бойынша да өзгертеді. Уақыт материямен, қозғалыспен, кеңістікпен тығыз байланысты.

Кез келген өзгерістің немесе оқиғаның бастамасы және соңы болады (түзу кесінді сияқты). Кейбір өзгерістер көз алдымызда басталып, көз алдымызда аяқталады (судың қайнауы); екінші біреуі көзді ашып-жұмғанша, лезде өтеді; ал үшіншілері бірден байқалмайды (мысалы, ағаштың өсуі).

Алуан түрлі өзгерістерді салыстыра отырып, біздің уақыт жайлы көзқарасымыз қалыптасады. Уақытқа қатысты тез және ұзақ, болған және болады, қазіргі шақ және болашақ, бұрын және жуық арада және т.с.с. ұғымдар пайда болады.

Уақыттың негізгі қасиеттеріне мыналар жатады: шынайы бар болуы, үздіксіздігі, тәуелсіздігі, бір қалыптылығы, бір бағыттылығы (уақыт тек алға қарай, өткеннен болашаққа қарай жылжиды).

Уақыт арнаулы құрал - сағаттың көмегімен өлшенеді. Құрылысы жағынан сағат алуан түрлі болады. Уақыттың негізгі өлшем бірлігіне секунд алынады.

Кеңістік шексіз, уақыт үздіксіз болғандықтан, физикада кеңістіктің бір кесіндісі және қайсыбір уақыт аралығы өлшенеді. Кеңістік пен уақыт, философияда – философиялық категориялар Кеңістік пен уақыт категориялары бір-бірімен тығыз байланысты, олардың бірлігі кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуынан көрініс табады. Ежелгі дәуір философиясы мен ғылымында Кеңістік пен уақыт категорияларын жүйелеу принципі өзгешелеу болды. Ежелгі грек ойшылдары (Платон, Аристотель) физикалық нысандар мен құбылыстарға математикалық (геометриялық) сипаттама беру ықтималдығын жоққа шығарды. Орта ғасырлар ойшылы Ф.Аквинский математикалық кеңістік пен ақырғы нақты физикалық кеңістік (орын) арасындағы айырманы ажыратып қарады. Қайта өрлеу дәуірінде қиялдағы геометриялық фигуралар және олардың арақатынасы ретінде көрініс тапқан кеңістік ұғымы, атап айтқанда кескіндеме өнерінің келешегі туралы ілімнің дамуына байланысты, алдыңғы қатарға шықты. Жаңа дәуір ғылымы мен философиясы схоластикалық дәстүрге қарама-қарсы бағытты ұстанды, кеңістік туралы бұрынғы түсініктерді жоққа шығарды. Спиноза тұрқылықты (протяженность) жалғыз құдайлық субстанцияның шексіз белгілерінің бірі деп қарастырды; оның пайымдауынша, мұнда адамның ақыл-ойы танып-білетін белгілі екі нәрсе ғана бар, олар: тұрқылық пен ойлау. Декарт та кеңістікті тұрқылыққа теңеді, оны ойлаумен бірге өздігінен бар тәуелсіз субстанция сипатындағы материяға ұқсастырды, яғни кеңістікті өзінің өмір сүруі үшін бірыңғай және жалғыз субстанция болып табылатын Құдайдан басқа ештеңеге мұқтаж емес мәңгі бар болу деп пайымдады. Декарттың түсінуінше, Құдай мен адамзаттың ақыл-ойы шексіздік пен шектілік сипатындағы рухани субстанция, ал күллі физикалық нақты нәрсені Декарт қозғалыс арқылы жекелеген бөлшектерге бөлінетін біртекті қашықтыққа жатқызады. Декарт физикалық заттардың кеңістігінен

өзгеше басқа кеңістік бар деп мойындамады, сондықтан геометриялық нысандар нақ сол кеңістіктің өзінде орналасқан заттар ретінде қаралуға тиіс деп білді. Уақыттың ағыны оның негізгі бағыты жағынан қарағанда бір түзудің бойымен тартылған, оралмайтын әрі қайталанбайтын қозғалыстай. Уақыт оралмайды дейтін түсінік осындай әлеуметтік қозғалыстың нәтижесі. Осындай ұмтылыстың ағынындағы адамдар үшін кешегі мен бүгінгінің бағасы әлдеқайда кемиді. Әрине, келешектің бейнесі адамдар үшін әр түрлі бола береді. Біреулер үшін ол – баю, екінші біреулер үшін – билік, үшінші біреулерге келешек қоғамдық құрылыс. Бүгінгі қанағаттандырмайды. Бай – байи түсуді, биліктегі билігін арттыруды аңсайды. Болашақ адамға алаңсыз жат нәрсеге айналғанда, ол бар нәрселердің бәрін де, ең алдымен, адамның өзін де құрбандыққа келтіретін аждаһа сынды сипат алады. Мұндағы ақылға сымсыз нәрсе – қол жеткен нәрсенің ешқайсысы, кеше ғана армандай болған жетістік, денгей, яғни адамды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол келешек болудан қалады. Ол енді бүгінге айналды. Ал шын құндылық, бірден-бір бағалы нәрсе – келешек. Сондықтан бүгінгіге айналған келешек өзінің мәнінен де, бағасынан да айрылады. Оның ақылға сымсыздығы (парадокс) – келешектің айқын бет-бейнесі жоқ абстракцияға айналғандығы.

Философия және ғылым тарихында ХХ ғасырға дейін кеңістік пен уақыт жөнінде субстанциялық көзқарас басым болды. Оған өз үлесін қосқан ағылшын ғалымы И. Ньютон болды. Ол ғылымға абсолюттік кеңістік (шексіз қуыс) және уақыт (таза, біркелкі ұзақтық) категорияларын енгізіп, олар материядан да, бір-бірінен де тәуелсіз өмір сүреді деген пікірге келеді. Сонымен қатар, адам санасында салыстырмалы кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктер бар, олар тәжірибеге байланысты өзгерісте болуы мүмкін.

Ньютон гравитация (тарту) заңдарын ашу негізінде алыстан әрекет ету теориясын жасайды. Дүниежүзілік тарту күші ғарышта сол сәтте тікелей шексіз тарап, объектілерге өз әсерін тигізеді. Сондықтан уақыт ғарышта барлық жерде біркелкі. Мысалы, жер бетіндегі бір универистетте лекция оқылып жатса, басқа жұлдыздар аясындағы планеталарда сол сәтте басқа зерделі пенделерге де дәріс жүріп жатуы мүмкін. Бұл классикалық механикада жасалған тұжырымдар.

Неміс ғалымы Б. Риман сфералық кеңістіктің (үлкен шардың үстіндегі кеңістік) қасиеттерін зерттеп, оның үстінде сызылған тура сызықтан тыс орналасқан нүктенің үстінен бірде-бір тура сызыққа параллельді сызықты жүргізуге болмайды: бәрі де онымен тоғысады деген пікірге келеді.

Кеңістік пен уақытты Дүние болмысының ең жалпы қажетті формалары ретінде қарап, сонымен қатар оны философия, физика және тағы да басқа ғылымдардың іргетасы категорияларына жатқызуымыз керек. Дүниеде еш жерде кеңістік пен уақыттан тыс өмір сүріп жатқан құбылыс жоқ.

Ең алдымен ескертетін нәрсе – олар шынайы және объективті, яғни, адамдардың санасынан тәуелсіз өмір сүріп, сонымен қатар танылады. Діни философияда кеңістік пен уақыттан тыс өмір сүретін Құдай идеясы мойындалады, бірақ ол ешқашан дәлелденбейтін ашық сұрақ. Ал Канттың субъективті-идеалистік көзқарасына келсек, (кеңістік пен уақыт – априорлық сезімдік формалар ғана), ол қазіргі ғылыми сынды көтермейді.

Уақыт кері қайтып келмейді. Себебі, уақыт – бірөлшемді. Кеңістік қайтып орала алады. Мысалы, біз күнде үйден шығып кешке қайтып ораламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Трубников Н. И. Проблемы времени в свете философского мировоззрения/ Н.И.Трубников // Вопросы философии.– 1978.– № 2.– С. 111–121.
2. Гумбольдт В. Ф. Язык и философия культуры/ В.Ф. Гумбольдт.– М.: Прогресс, 1985.– 451с
3. Философиялық сөздік// Н. М. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақманбетов, Ж. М. Әбділдин – Алматы, 1996.- 525б.
4. Мырзалы С. Философия – Алматы, 2010-641б
5. Филлипов В. Н. Философия и методология науки/ В.Н. Филлипов, К. Г. Колтаков.– Бийск: НИЦ БГПУ им. В.М. Шукшина, 2003. – 180 с.
6. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» Алматы 1977ж
7. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі- Алматы, 1975.-307б.
8. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат, 1995.- 207б

УДК 376.356

**РАЗВИТИЕ СЛУХОВЫХ И РЕЧЕВЫХ ФУНКЦИЙ У ДЕТЕЙ
С КОХЛЕАРНОЙ ИМПЛАНТАЦИЕЙ В УСЛОВИЯХ КАБИНЕТА ПСИХОЛОГО-
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОРРЕКЦИИ**

Ханина Н.Н.¹, к.п.н., доц., Ибраимова А.Б.¹ магистрант
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова¹, г. Талдыкорган

E- mail:khanina-nadezhda@mail.ru

В статье выделены и обоснованы основные положения развития слуховых и речевых функций у детей с кохлеарной имплантацией. Рассмотрены особенности восприятия звуков и развитие речи у детей с кохлеарным имплантом, этапы развития способности восприятия акустической информации.

Авторы опираются на исследования И.В. Королевой, где подробно описана послеоперационная реабилитация детей и взрослых. Обосновывают программу невербального развития детей в условиях кабинета психолого-педагогической коррекции.

Проведенное исследование позволяет утверждать, что использование предметно-практической деятельности, музыкотерапии на занятиях, положительно влияет на слухоречевое и психо-моторное развитие детей с КИ.

Ключевые слова: дети с нарушениями слуха, кохлеарные импланты, невербальное развитие, музыкотерапия.

Мақалада кохлеарлы имплантталған балалардың есту мен сөйлеу қызметінің негізгі қағидалары айқын берілген. Кохлеарлы имплантталған балалардың дыбыстарды, акустикалық ақпаратты қабылдауы мен сөйлеу тілінің даму кезеңдері қарастырылған. Мақала авторлары И.В. Королеваның зерттеулеріне сүйеніп, кохлеарлы имплантталған балалардың отадан кейінгі оңалту бағыттарына тоқталып кетті.

Психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинет жағдайында өткізілген зерттеулерге сүйеніп, сабақта затты-тәжірибелік іс-әрекеттер мен музыкотерапияны қолдану әдістері көрсетілген. Сонымен қатар, кохлеарлы имплантталған балалардың есту қабілеті мен психо-моторлы дамуына осы әдістер оңтайлы әсерін тигізетіні айтылған.

Кілт сөздер: есту қызметі бұзылған балалар, кохлеарлы импланттар, вербальді емес даму, музыкотерапия.

The article demonstrates the main peculiarities of the development of auditory and speech functions of children with cochlear implantation (CI). The features of perception of sounds and development of speech of children with the cochlear implant as well as stages of development of the ability to perceive acoustic information are considered.

The authors rely on the research of I.V. Koroleva, which in detail describes the postoperative rehabilitation of children and adults. The program of non-verbal development of children is substantiated under the conditions of the cabinet of psychological and pedagogical correction. This research allows asserting that the use of a subject-practical activity, music therapy in the classroom, positively influences the auditory and psychomotor development of children with CI.

Key words: children with hearing impairment, cochlear implants, non-verbal development, music therapy.

XXI век – век больших перемен и возможностей. Современные достижения науки, медицины, образования дали возможность многим неслышащим людям использовать кохлеарные импланты (КИ). Современные КИ обеспечивают ребенку с нарушенным слухом

возможность слышать звуки речи и научиться разборчиво воспринимать речь, а значит, возможность осваивать речь естественным способом – посредством слуха, естественно. Это определяет необходимость изменения методов обучения детей с нарушением слуха. Адекватными для большинства детей с КИ являются методы, опирающиеся в развитии речи, прежде всего, на слуховое восприятие речи – аудиовербальный метод и слуховой метод. Современное специальное образование требует от сурдопедагогов использование различных методов работы для развития слуха и речи детей с нарушениями слуха.

Актуальность проблемы ранней слухо-речевой реабилитации детей с кохлеарной имплантацией вызвана очевидной важностью младенческого и раннего возраста в психофизическом развитии будущей личности. Сурдопедагоги единодушны в том, что ребенок в первые три года формируется интенсивно во всех сферах жизнедеятельности. Поэтому чем раньше будет прооперирован ребенок, тем лучше для его речевого развития.

В исследованиях И.В. Королевой [1] подробно описана послеоперационная реабилитация детей и взрослых с КИ, указаны благоприятные факторы для восприятия речи и окружающих звуков, а также даны рекомендации аудиологам, сурдопедагогам и родителям при настройке процессора КИ. Основной особенностью реабилитации детей послекохлеарной имплантации является то, что у неслышащего ребенка, по существу, одновременно пороги слуха приближаются к нормальным, а мозговые центры при этом не умеют анализировать звуки. Поэтому главная цель реабилитации в первые 6-12 месяцев использования КИ – развитие слухового восприятия и слухового контроля собственной речи.

Восприятие речи и звуков детей с кохлеарным имплантом имеют определённые особенности:

- звуки и речь искажены, поэтому даже позднооглохшие дети сначала не узнают знакомые слова и звуки. Требуется время и занятия, чтобы ребёнок научился воспринимать речь;
- после настройки процессора импланта, пороги слуха составляют 25-40 дБ и соответствуют 1-й степени тугоухости, что затрудняет восприятие ребёнком окончаний, предлогов, приставок, тихих согласных (п, т, к, ф, ц, х, в) при общении с ним тихим голосом и на расстоянии;
- у детей несформировано или недостаточно сформировано внимание к окружающим звукам. Поэтому на начальных этапах надо постоянно привлекать внимание ребёнка к ним;
- дети плохо локализируют звук в пространстве;
- если ребёнок не имел слухового опыта, то он медленно учится обнаруживать и различать звуки;
- ребёнок плохо воспринимает речь, если она не обращена к нему (при общении нескольких людей);
- окружающие шумы мешают ребёнку узнавать и воспринимать речевые сигналы и звуки окружающей среды.

После включения процессора КИ при слухоречевой работе у ранооглохших детей достаточно быстро развивается слуховое восприятие (в течение 3-12 месяцев). Однако имеются трудности запоминания речевого материала, нарушение слухового внимания. Ребёнок плохо запоминает звуковые образы окружающей среды и слова. Всё это результат несформированности у ребёнка центральных слуховых процессов и связано с тем, что слуховые центры до имплантации не получали информацию и не развивались. Чем в более позднем возрасте имплантирован ребёнок, тем сильнее это выражено. По мере слухоречевых коррекционных занятий у ребёнка развиваются центральные процессы слухового анализа, слуховое внимание и память. Проблемы памяти и внимания обычно сохраняются у таких детей в течение 2-3-х лет. Главным направлением послеоперационной слухоречевой реабилитации является развитие восприятия звуковых сигналов с помощью импланта. КИ обеспечивает возможность слышать, но восприятие звуков окружающей среды и понимание речи – это сложный процесс. Если ребёнок был глухим до операции, то навыки слухового восприятия у него не сформированы, или развиты недостаточно.

Реабилитационные занятия после КИ включают следующие ступени развития

способности восприятия акустической информации:

- обнаружение звука;
- локализация источника звука в пространстве;
- различение речевых и неречевых звуков;
- различение и опознавание различных характеристик звуков (интенсивность, длительность, высота и т.д.);
- различение и опознавание неречевых звуков окружающей среды;
- различение, опознавание и распознавание различных речевых сигналов (фонем, слов, фраз)
- обнаружение наличия или отсутствия звуковых сигналов.

Рассмотрим методику проведения занятий по развитию устной речи и языковых навыков с детьми, потерявшими слух до овладения речью.

Развитие слуха и речи у ребенка с КИ происходит в 2-х ситуациях:

1. В течение дня во время ежедневных дел (дома, в саду, школе) – естественный, спонтанный, интегральный процесс. Длится 16 часов в день, но только при наличии речевой среды.
2. Во время целенаправленных занятий (педагог, мама). Их длительность всегда ограничена (20-45 мин (в зависимости от возраста), 3-5 раз в неделю). Во время этих занятий должны структурировано формироваться навыки, которые важны для спонтанного развития речи у ребенка на данном этапе.

Как показывает практика, для спонтанного, естественного развития слуха и речи ребенку с КИ необходима возможность постоянно слушать разные неречевые и речевые звуки, а также общаться при помощи речи в разных ситуациях. Важная составляющая методики слухоречевой реабилитации ребенка – это дать ему возможность, необходимость и потребность слышать речь и общаться речью. В связи с этим при организации обучения реабилитации детей с КИ, необходимо обеспечить следующие условия:

- Речевая среда;
- Возможность регулярных занятий с сурдопедагогом, логопедом, психологом. При этом ребенок с КИ нуждается в большем количестве занятий, чем по развитию слуха и речи, особенно первые два года после имплантации, чтобы он мог реализовать возможности КИ.

Дети с КИ делятся на 3 группы, отличающиеся своими возможностями естественного развития речи, что определяет различия в организации их реабилитации:

- дети, имплантированные в раннем возрасте;
- дети, имплантированные в дошкольном возрасте;
- дети, имплантированные в школьном возрасте.

Для детей с КИ дошкольного возраста, направленных в кабинет психолого-педагогической коррекции прежде всего составляется индивидуальный план обучения. Программа невербального развития детей с КИ основана на данных о нормальном формировании психо-моторных навыков у детей в этом возрасте. Сурдопедагог и другие специалисты кабинета коррекции обучают родителей развивать разные навыки у ребенка в ежедневных ситуациях, используя предметы обихода и специальные пособия.

Программа включает следующие направления:

- 1) развитие двигательной активности (крупная и мелкая моторика, предметная деятельность);
